

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ  
ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ВОСПИТАНИЮ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ НА ОСНОВЕ  
ДУХОВНО-ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТИРОВ ПРОГРАММЫ  
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

Нұр – Сұлтан  
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 26 қарашадағы № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 26 ноября 2019 года)

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арналған әдістемелік ұсынымдар. – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – б.

Методические рекомендации по воспитанию подрастающего поколения на основе духовно-ценностных ориентиров Программы «Рухани Жаңғыру» – Нұр-Сұлтан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 208 с.

Бұл әдістемелік ұсынымда «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу ерекшеліктері айтылып, халықаралық тәжірибелер көрсетіледі.

Әсіресе, білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін іске асыру жөніндегі ұсыныстар қызығушылық тудырады.

Бұл басылым мұғалімдерге, әдістемелік қызметтерге, қосымша білім беру орталықтарына, сонымен қатар, қазақстандық қоғамның рухани жаңғыру мәселелеріне қызығушылық танытушыларға арналған.

В методических рекомендациях раскрыты особенности воспитания подрастающего поколения на основе духовно-ценностных ориентиров Программы «Рухани Жаңғыру», представлен международный опыт.

Наибольший интерес представляют рекомендации по реализации воспитательного потенциала учебного процесса в формировании духовно-нравственных ценностей обучающихся.

Данное издание адресовано педагогическим работникам, методическим службам, центрам дополнительного образования, а также для всех, кто интересуется вопросами духовного обновления казахстанского общества.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2019  
© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2019

## Кіріспе

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың сөзі әлі күнге өзектілігін жойған жоқ.

Адам өмір сүретін әлем салыстырмалы түрде екі үлкен әлемге жіктеледі. Оның алғашқысын материалдық болмыс құраса, екіншісі рухани қатынастар, құбылыстар әлемі. Адамның тұлға болып қалыптасуында шешуші рөл атқаратын сала рухани әлем болып табылады. Әрине, адамның денесі, бітімі табиғаттың үйлесімді заңдылықтарына тәуелді болғандықтан, ол әрқашанда бұл табиғи заңдылықты бұзбауы тиіс.

Бізді табиғат, заттар мен құбылыстар әлемі қоршап тұр. Материалды әлемнің әрбір заты мен құбылыстары өзара байланыс негізінде біздің санамыз бен ойлауымызда сөздік, тілдік көріністер арқылы бейнеленген. Ал, ойлау, сезім, эмоция, қайғыру, бағалау, пікір, көзқарас, қоршаған ортаны тану, өзін-өзі тану және әлемдегі орнын білу, әдемілік, жақсылық пен жамандық идеалы, эгоизм түсінігі, Отанға деген сүйіспеншілік, ата-анаға, бауырларына, туысқандарына мейірімділік сияқты қасиеттер рухани дүниені құрайды.

Адамды адам ететін басты қасиет – рухани дүниесінің дамуы. Бұл дамудың алғышарттарын анықтау үшін тарихқа жүгініп көрелік. Адамзат тарихының бастауларына назар аударсақ – діннің пайда болуы өнерді туындатқан болатын, ал өнермен астарласа білім мен ғылымның негіздері қалана бастаған еді.

Нұрсұлтан Назарбаев алдымызға әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіру туралы үлкен міндет қойды. Сондықтан, тез өзгеріп отыратын жағдайларға байланысты қоғамдық сананы жаңғырту қажет.

Дүниедегі үрдістер әлемді өзгертуде, заман өзгеруде, бұл Қазақстанға дамудың мүлде жаңа деңгейіне шығуға айрықша мүмкіндік береді. Үдемелі қарқын алып отырған жаһандық әлем ұлт санасының халықтың руханияты мен дәстүрлеріне негізделген айрықша үлгісін талап етеді. Бұл жағдайларда қоғамның рухани-құндылық бағдарларын сақтау және жаңғырту мәселелері бірінші кезектегі маңызға ие болып отыр.

Қазақстанның жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі және сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болуы абзал. Мақаладағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық пікірлерін терең зерделеу және білім алушылар арасында насихаттау білім беру саласына жүктелген абыройлы міндет.

Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің басты міндеті – ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білетін, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға тәрбиелеу. Елбасы сөзімен айтсақ, «мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу» жолында мақсаты айқын, мұраты биік, саналы азамат қалыптастыру [1].

Академия басты міндетті жүзеге асыру барысында бағдарламалық мақалаға ғылыми-зерттеулер жүргізіп жаңа тұжырымдамалар әзірледі. «Рухани

Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілді [2].

Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде тәрбиенің сегіз бағыты берілген. Берілген сегіз бағыт тәрбиенің сан қырлы мәселелерін назардан тыс қалдырмайды. Керісінше олардың өзектілігін анықтап, тәрбие жұмысын жандандыруға бағыт береді. Адамның ішкі мәдениеті, болмысы, мінез-құлқы көрсеткішін жан-жақты дамытуға негіз болады. Адамның жеке басының қасиеттері арқылы бағаланады. Ынтымақтастық, құрмет, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, кемелдену, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық қасиеттері адамның рухани мәдениетінің көрсеткіші. Бұл құндылықтар тәрбиенің Тұжырымдамалық сегіз бағытына топтастырылған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің бағыты адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін құндылықтарды жандандыру арқылы «Рухани Жаңғыру» мақсатын жүзеге асыруды көздейді.

Қазіргі қоғамда білім қайта жаңғыртылып, қайта бағаланып, жаңа құндылықтарды қабылдаумен қатар жаңаруда. Тарихтың бетбұрыс кезеңінде құндылықтар, құндылықтар бағдары және оларды түсіну мәселесіне деген қызығушылық күшейе түседі. Қазіргі жағдай қоғамның әр мүшесінен өз тағдыры үшін, құндылықтар мен құндылықтар жүйесі немесе басқа жүйесін таңдағаны үшін жауапкершілікті талап етеді. Құндылықтарға үндеу біздің заманымыздың басты ерекшелігі, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидасы.

Тәрбие берудің ұлттық моделі төртінші өнеркәсіптік революция кепілі болып табылатын адами капитал – халықаралық бәсекеге қабілеттілік ресурсы ескереді. Бұл жағдайларда тұтас педагогикалық процестегі тәрбие сапасының мәселесі ерекше мәнге ие болады.

Бұл әдістемелік ұсыным таяу болашақта өскелең ұрпақтың бойына рухани-құндылық бағдарларын кеңінен талдайды. Сабақтың мақсаты мен міндетін дұрыс қою, құндылықтар бойынша адами қасиеттерді топтастыру, әртүрлі әдістер арқылы қасиеттерді тану жолдары түсіндіріледі. Тапсырмалар, ситуациялық сұрақтар, тренингтер, ойындар арқылы білім алушыларды рухани құндылықтар туралы ой қорытуға, өзіндік пікірін қорғауға, жеке көзқарасын баяндауға және күнделікті өмірде орынды қолдана білуге тәрбиелейді.

Ұсынымды педагог қызметкерлер мен қосымша білім беру мамандары үшін пайдалы құрал болады. Жастардың бойында рухани-құндылықтарды қалыптастыруда ұсынымның көмегі көп деп сенеміз.

## 1 «Рухани Жаңғыру» Бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары

Мектептің басты міндеттерінің бірі — оқушыларды жалпыадамзаттық құндылыққа негіздей отырып тәрбиелеу.

Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Мәселен, философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін (игілік, жақсылық пен жаманшылық, әсем және; көріксіздік) түсіндіру үшін қолданылады. Жалпыадамзаттық құндылықтардан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастырған. Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі болып табылады. Мамандар оқушылардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру ісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін игерту және тұтастай алғанда әлеуметтік-этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игертуге болатынын дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік уағыздарда нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың тәуір белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған күйде әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Дәстүрлі танымдағы құндылықтар әлемі – адамның рухани әрекеті, рухани байлығы, оның адамгершілік санасының сипатын білдірді. Бұл қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сиықсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылық пен тиым салушылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға негіз болды.

Мәдениет әлемі — құндылықтар әлемі. Құндылықтар — бұл адам үшін және қоғамдастықтар үшін маңызды, адамдарға өмірдің қиыншылықтарына төтеп беруге көмектеседі, әлеуметтік шындықты реттеуге мүмкіндік береді және адам өміріне мән береді. Сайып келгенде, құндылықтар адамның пайдасына бағытталған және қоғамның рухани қайта өркендеуі, мәдениет тарихи процестің мазмұны мен мақсаты ретінде, қоғамдық сананың, адамның іс-әрекетінің тәсілдерінің, тұлғаның қалыптасуы мен дамуының жиынтығы ретінде көрінеді.

Ал енді сол рухани дүние дегеніміз не, оның жеке тұлға қалыптасуындағы орнына тоқталайық.

1994 жылы шыққан «Философиялық сөздікте» тәнге, денелік мәдениетке арналған мақала жоқ, ал жан не психика терминінің синонимі, не діни идеалистік ұғым деп түсіндірілді. Жанға жақын түсінік рух туралы былай делінген: «Рух (лат. Spiritus – леп, дем, иіс) – сөздің кең мағынасында – ойлау ұғымымен деңгейлес». Жан мен рух ұғымдары соңғы жылдары орыс және қазақ тілінде жарияланған мәдениеттанулық басылымдарда кеңінен зерделенген. Осы жерде айта кететін мәселе олардың біртекті екенін білуіміз керек. Ал адам болмысындағы рухани және тәндік бастаулардың арақатынасы туралы мәселе

философия мен мәдениет тарыхымызда шешімін таба алмай келеді. Бұл адамның күнделікті өмір тіршілігінде ешкім тәнін тастап кете алмайды деген түсінік қалыптасқан, бұл түсінікке адам рухы арқылы жетеді [3].

Жалпы әлемдік құндылықтар — түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын, туыс ететін құбылыс. Сол себепті де ол жалпыадамзаттық деп аталады, өйткені олар біртіндеп жинақталды және ХХ ғасырдың соңында Халықаралық топ алғашқы рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады (“Адам құқықтарының жалпыға бірдей-Декларациясы”, “Баланың құқықтары туралы конвенция» және т. б.), оларда тәрбиенің методологиясы мен теориясы, оның жаңартылған мақсат, мүлделері қарастырылған [4].

Құндылықтардың жалпы адамзаттық мазмұны адам болмысының бүтіндігі, оның әрекеттерінде басшылыққа алатын құндылықтар жүйесінің орталықтығымен анықталады. Жалпы адамзаттық құндылықтардың болуы ұлттық ерекшелігіне сай қалыптасқан рухани құндылықтардың мазмұны төмендетпейді. Керісінше, оның мағынасын толықтыра түседі. Міне ұлттардың жалпы адамзаттық мағынаға ие болуы осы жерден келіп шығады.

Құндылықтық қатынастардың қалыптасуы үш элементті құрылымның негізінде жүзеге асады.

Құндылықтар субъектісі – адам, әлеуметтік топтар;

Құндылықтар объектісі – нәрсе, үдеріс, құбылыс, дерек;

Құндылықтар мағынасы – рухани санаттық мағынаға ие болуы.

*Құндылықтардың зерттелу тарихы.*

Құндылықтардың абсолютті және салыстырмалы қасиеттері туралы түсініктер антика заманында өмір сүрген Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінде өздерінің даму деңгейіне сәйкес анықталып отырған. Өз кезегінде немістің ұлы философтары Кант пен Гегель де құндылықтар мәселесіне назар аударып, әрқайсысы талдаулар жүргізген.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеудің әлемдік тәжірибесі олардың табиғаты, қалыптасуы мен дамуының әртүрлі тұжырымдамаларын ұсынады.

Э.Дюркгеймнің пікірі бойынша құндылықтарды адам сыртқы мәжбүрлеу — тәрбиелеу арқылы қабылдайды және қоғамдағы адам мінез-құлқын реттеуші рөлін атқарады.

М.Вебердің шығармаларында құндылықтар дәуірдің немесе қоғамның белгілі бір қатынасы ретінде қарастырады.

М.Шхлер — сезімдер арқылы белгілі идеалды қарапайым тәуелсіз және өзара байланыссыз қасиеттер ретінде.

Э.Толман адам реакцияларының күші мен бағытын сипаттай отырып, құндылықты адамның әрекеттері бағытталған объектінің тартымдылығы ретінде анықтайды.

Роких рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеу нәтижелерін қорытындылауға әрекет жасай отырып, құндылықтарды белгілі бір объектіге немесе жағдайға ешқандай қатысы жоқ оң немесе теріс абстрактылы идеялар

ретінде түсінуді ұсынды, бірақ адамның мінез-құлқының түрлері мен мақсаттары, іс-әрекеттерді жүргізудің таңдаулы стратегиялары туралы сенімдерін білдірді.

М.С. Каган еңбектерінде және басқа ғалымдардың құндылықтары табиғат құбылыстары (материалдық құндылықтар) және қоғам (рухани және адамгершілік құндылықтар) ретінде қарастырылады, олар шын мәнінде бар нәрсені ғана емес, сонымен бірге оған ұмтылу үшін қажет нәрсені де білдіреді. Кең мағынада рухани-адамгершілік құндылықтар адам үшін белгілі бір маңызы бар құбылыстар, сезімдер, мұраттар, әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігі ретінде әрекет етеді [5].

Г.Риккерт, В.Виндельбанд, Э.Кассирер, М.Шеллер, Дильтей, Шпенглер, Тойнби, Сорокин, Ф.Ницше тәрізді шетел ғалым-философтары аксиологияның ілім ретінде қалыптастыруға өз үлестерін қосқан. Аталған философтардың алуан түрлі құндылықтар теориясынан бір бірінен ерекше философиялық және социологиялық концепциялар қалыптасты.

«Сизтл әлеуметтік даму Жобасы» рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге арналған ұзақ мерзімді зерттеулердің біріне жатады. Жоба 1981 жылы балалар арасындағы әлімжеттілік, бұзақылық, нашакорлыққа әуестік, мектептегі нашар сабақ үлгерімі мәселелерін азайту стратегиясы бойынша бірнеше сынаққа арналған. Бұл зерттеулердің басты зерттеушісі Дж.Дэвид Хокинс зерттеудің лонгитті әдісін қолданды. Рухани-адамгершілік құндылықтарды үйрету мектеп бітіруші сынып пен үлкен өмірге қанат қаққан түлектерге тигізетін ықпалын анықтау үшін жүргізілді. Зерттеуге қатысушылармен 1985 жылдан күні бүгінге дейін тұрақты жүргізіліп келе жатқан сұхбат нәтижесі жастар мен ересектердің өміріне бұл бағдарламаның оң ықпалын тигізетінін анықтап берді.

АҚШ-та 1996 жылы «Жеке тұлғаның адамгершілігін дамытудағы Юта қоғамдастығы» жоба басталды. Жоба шеңберінде АҚШ білім беру Департаменті алты округке қарайтын 65 мектепке грант бөлді.

Жапония мектептеріндегі рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселелеріне арналған. Бұл елдің білім беру ісін дамытудың стратегиясын осы уақытқа дейін император Мэйдзидің 1879 жылғы Жарғысы мен «Ваконесай» – «Жапон рухы–батыс технологиясы» принципі анықтайды. Бұл принциптерге жатады:

1. Өзін тұлға ретінде терең түсінетін баланы тәрбиелеу;
2. Мәдениетті тасымалдайтын, қалыптастыратын және дамытатын баланы тәрбиелеу.
3. Өзін Жапония азаматы деп танитын баланы тәрбиелеу;
4. Дені сау және белсенді баланы тәрбиелеу.

Мектеп құрылғанына 130 жыл өтсе де алғашқы жылы анықталған мақсаттары әлі де өзгеріссіз қалған. Мектептің негізгі мақсаты - оқушылардың рухани және физикалық дамуына сәйкес бастауыш білім беру.

АҚШ елінде соңғы 20 жылда өмірлік маңызы бар құндылық ретінде тәрбие бағдарламалары саналады. 2001 жылы АҚШ-та мектептер тәрбие мен білімге бірдей жауаптылықта болғандықтан арнайы заң қабылданды. Бұл заң

бойынша мектептерден тек қана білім ғана емес тәрбие де талап етілді. Заң қабылданған соң федеральды үкімет барлық білім алушыларға тәрбие беру бағдарламасын жүргізуге арналған гранттарды ұсына бастады. АҚШ та штаттардың жартысынан астамы К-12 оқу бағдарламасы аясында тәрбие беруді талап ететін заңды қабылдады.

АҚШ-тан басқа Австралия, Сингапур, Жапония, Канада, Индия, Индонезия, Филиппин, Тайван, Тайланд, Ұлыбритания, Словения, Швеция сияқты елдерде адамгершілік-құндылық пен тәрбие беру бағыты ұлттық дамудың басты бағытына жатады.

Кеңес дәуірінде рухани дүниені біздерге материалдық дүниеден кейінгі немесе оның дамуының жалғасы, жақсара түскен материалдық жағдайдың әрі қарай дамуының жемісі деп танытты. Философиялық және басқа да сөздіктерде бұл дүниенің бастаулары жан мен рух ұғымдарына теориялық негізделген анықтама берілмей келді.

Қалыптасқан құндылықтардың жіктелуінде әртүрлі көзқарастар мен тұрғылар бар. Философия мен мәдениеттану оқулықтарында, әдебиеттерінде олардың жіктелуі былай беріледі:

1. Витальдық құндылықтар
2. Әлеуметтік құндылықтар
3. Саяси құндылықтар
4. Моральдық құндылықтар
5. Діни құндылықтар
6. Эстетикалық құндылықтар

Сол сияқты әртүрлі аксиологиялық теориялар адамдардың құндылықтық қатынастары топтарын қарастырады.

Құндылықтар бойынша шетелдік тәжірибелер тарихы осы болды. Біздің еліміздегі білімдегі рухани-құндылықтар жүйелі жолға қойылып келеді.

Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Абай Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев шығармаларында рухани құндылықтар әлемі және адам жанын кемелдендіру туралы айтылған ойлар ұлттық дүниетанымды құндылықтармен қуатты етті.

Шәкәрім «Үш анық» атты философиялық трактатын жазуға даярлықты 1898 жылдан бастап кірісіп, отыз жылдай ізденіп, жиған тергенін өз ой елегінен өткізіп, қорытындыны 1928 жылы аяқтағаны мәлім.

Ақын кітаптың шымылдығын: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан – дегеніміз ынсап, әділет, мейірім», – деген сөзбен ашады. Сөйтіп, құлқынның құлы болмау үшін екі өмірде де ар сақтап, адам болып қалуды һәм адами құндылықтардың уақытша дүние қызығынан қашан да биік тұруын көксейді.

«Бас көзі» – еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін барлығымызға мәлім, адам баласының қоршаған ортаны көру мүшесі. Ал, Шәкәрім «Ақыл көзі» деп нені болжап отыр? Ол – әлбетте, іліммен нұрланған көкірек көзі. «Бас көзімен» көрген дүние бір қарағанда сұлу, мінсіз һәм зұлымдықтан ада болып көрінуі мүмкін, бірақ оны «ақыл көзімен» қарағанда, мүлде басқа қырын тануға



болады. Міне, осы «ақыл көзі» пендеге әр нәрсенің түбін, ақиқатын, жақсы не жамандығын боямасыз көрсетіп береді. Ол – бейне бір қараңғы үңгірде қолына майшам ұстатқандай. «Жүректің көзі ашылса, Хақтың түсер сәулесі» (Абай).

Ынсап – сүрген өміріне, қылған кәсібіне, тыныштықта тербелген туған еліңе деген ризашылығың. «Қанағат – қарын тойғызады» деп бабаларымыз бекер айтпаса керек. Араны ашылған жанның көзі тек қана топырақпен тоятынын хәкім Абай «Ескендір» поэмасында тайға таңба басқандай анық көрсетіп кетті. Ендеше, барлық тойымсыздыққа тосқауыл болатын – Шәкәрім айтып отырған ынсап қана.

Әділет – адамзаттың ең басты қажетсінетін қасиеттерінің бірі. Әділетсіз құрылған қоғам да, мемлекет те, тіпті тігілген шаңырақ та көп кешікпей құлдырайды. «Әділет, шафхат, кімде бар, сол жарасар туғанға» (Абай). Әділетті адам сенің туысыңмен тең, әділетсіз адам жақын туысың болса да, жатпен тең болады. Бір сөзбен айтқанда, әділетсіз өмір – өмір емес, тірі тамұқ.

Мейірім – адам бойындағы ұлы құндылық. Ол қараңғылықты, кекшілдікті, надандықты, қиянатты жойып, адам қалпына келтіретін, көкірегінді кірден тазартатын таудың зәмзәм бұлағы секілді. Қай заманда да мейіріммен нұрланған қоғамның бақыты баянды, адамдары қайырымды болып келетініне көзіміз жетіп отыр. Ендеше, мейірімді болудың бұл өмірдегі пайдасы ұшан-теңіз.

Шәкәрім атақты ғалымдардың әркімге танымал еңбектерін оқып, ой елегінен өткізіп, сау ақылмен сынатып, соңында шығарған саналы қорытындысы – «Ұждан» қасиеті, ар ілімі және қазақ ұлтының бағзыдан ұстанып келе жатқан мұсылмандық жолы. Міне, осы жолдан айнымаған адам екі дүниеде де бақытты болатынын аманат етеді.

Ал ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлт азаттық қозғалысының көрнекті өкілдері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және басқалары қазақ халқын жалпы зиялыларымен адамзаттық құндылыққа жақындастыруды уағыздады [6].

Ұлы Абайдың қара сөздері тұнып тұрған тағылым. Ақын қазақ халқының бойындағы қасиеттерді екшеп, жақсысын асырып, жаманын сынап айтады. Әсіресе жетінші, он тоғызыншы қара сөздерінде бала тәрбиесін терең қаузады.

Алаштың ардақтылары білім, мәдениет, азаттық, еркіндік құндылықтарын қалыптастыруға басымдық берген. М.Дулатов атақты «Оян қазақ» өлеңінде:

«Көзіңді аш, Оян қазақ, көтер басты.

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап хал харам боп.

Қазағым енді жату жарамасты», - деп жоғарыда айтылған құндылықтарды меңгеруге талпынуға шақырған.

Тәуелсіз Қазақстанда қазақстандықтардың құндылықтық көзқарастары мен бағыттарын зерттеу, анықтау, салыстыру, бағалау мақсатындағы бірнеше орталықтар кешенді түрде жұмыс жасауда. Бұл орталықтарда отандық және шетелдік көрнекті ғалымдар бас қосқан. Ғалымдар «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында қазіргі заманғы қазақстандық қоғам құндылықтары» атты әлеуметтік зерттеуді жылдар бойы жүргізіп келеді:

1. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты.
2. «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі
3. «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлер қоғамы.
4. 2018 жылы Фридрих Эберт қоры
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
6. БИЛ. «Білім-инновация» лицейі
7. ҰБА. Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

2003 жылы құрылған Әлемдік экономика және саясат институты негізгі орталыққа жатады. Институттың негізгі қызметі әлемдік экономика, геосаясат мәселелерін, Қазақстандағы саяси-әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық үдерістерін, сондай-ақ Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қызметі мен саяси мұрасын, оның Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде құру мен нығайтудағы қосқан үлесін ғылыми зерттеуге бағытталған.

Жалпы білім беретін ұйымдардағы тәрбие жүйесінің қазіргі кездегі модельдерінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының рөлі айрықша басымдыққа ие. Еліміздегі тәрбие мен білім беруді, академиялық пәндер мен қосымша білім беруді кіріктіру, Қазақстанда бүгінгі күні балалар мен жастарды тәрбиелеу жүйесін жетілдіру жұмыстар жүргізіп келеді және оның ішінде тәрбиені басым бағыт ретінде айқындайды.

Рухани-құндылық бағдарламасы сонымен қатар, білім алушының үлгеріміне айтарлықтай оң әсерін тигізеді. Бұны зерттеулер дәлелдеп отыр. Академия жалпы білім беретін ұйымдар арасында сауалнама жүргізу арқылы өзекті құндылық бағыттарын анықтады.

Мысалы «Ынтымақты мектеп Жобасы» және «Сыныпты реттеуші» зерттеулері стандартталған тесттердің осындай бағдарламалар енгізілген мектептердегі білім алушылардың нәтижесі салыстырған мектептерден анағұрлым жоғары екенін көрсетіп берді. «Баланы дамыту Жобасы» негізгі мектеп оқушылары (8 сыныпқа дейін) арасында зерттеулер жүргізген. Нәтижесінде СДР бастауыш мектептеріне барған білім алушының салыстырған мектеп білім алушыларына қарағанда білімі анағұрлым жоғары екені белгілі болды.

Білімдегі рухани-құндылыққа отбасы мен мектептің қызметі. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жас қазақстандықтарды тәрбиелеуде мектеп, отбасы, қоғам және мемлекетті біртұтас болуға шақырады. Халықаралық зерттеулерде қызығушылық танытқан барлық тараптардың отбасы, мектеп және қоғамның қатысуымен рухани-құндылықтарды үйретуді кешенді түрде енгізу керектігін көрсетті. Бұл құндылықтарды қалыптастыруға отбасының ықпалы басым, сонымен қатар мектепте маңызды рөл атқарады.

Отбасы және мектептің рөлі. Қазіргі жағдайда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мектеп пен отбасының тығыз қарым-қатынасы жағдайында жүргізілуі тиіс. Отбасы – адамның бастапқы әлеуметтенуінің негізі.

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық қиындықтарды бастан кешу кезінде отбасы адамға ең жақын жылылық сезім, түсінушілік, сүйіспеншілік сыйлайтын негізгі орта.

Отбасылар бір-біріне ұқсамайды, әрі қайталанбайды. Әр отбасының тәрбие потенциалы әртүрлі. Отбасында баланың құқығын бұзбай дұрыс тәрбие беру үшін тәрбие принциптерін біліп, басшылыққа алу керек.

Отбасының рухани тірегі – ата-ана. Сондықтан халқымыз «*Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер*» деп бекерге айтпаған. Бала тәрбие әліппесін отбасынан үйренеді. Ата-ана баланың алдында үнемі байсалды, бірқалыпты мінез көрсетуі тиіс.

Ата-ана балаларын тек қана сөзбен емес өзінің еңбектегі үлгісімен, отбасындағы мінез-құлқымен тәрбиелейді. Тату-тәтті мәдениетті отбасының балалары тәртіпті болып өсетінін өмір дәлелдеуде. Отбасы мүшелерінің арасындағы бірлік, ынтымақ, үлкенге құрмет, кішіге көмек, сыйластық, шыншылдық жас баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

*«Білім-Инновация» лицейінің рухани-құндылық бойынша бағдарламасы.*

«Білім-Инновация» лицейінің тұлғаны дамытудағы тұтас тәрбиелік жұмысы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға жан-жақты үйлесімділікке негізделген. Мақсаты «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген сегіз бағытты жүзеге асыру.

Әрбір лицейде айтылған сегіз бағытты жүргізуге арналған жекеше әзірлеген негізі жұмыс жоспары болып табылады.

1. Еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеу бойынша іс-шаралар жоспары.
2. Класс жетекшілерінің жүргізген әдістемелік жұмыс жоспары.
3. Ата-аналармен жұмыс жоспары
4. Мектепте өткізілген дәстүрлі,салтанатты іс-шаралар жоспары
5. Тұңғыш Елбасының адамгершілік-құндылықтары туралы жүргізілген іс-шаралар жоспары.

Білім беру ұйымдары мен Академияның бірлесе атқарған зерттеулері нәтижесінде білім алушыларды тәрбиелеу процесінде берілетін құндылықтар анықталды.Бұл құндылықтарға жауапкершілік, кемелдену, еңбекқорлық, ынтымақтастық, құрмет, адалдық, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық жатады.

Бүгінгі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс тұсындағы заманауи жастарды 18 рухани-құндылық бағдарымен тәрбиелейміз. Жалпы адамзатқа ортақ бұл құндылықтар жастардың әлемдік өркениетке еркін еніп, қоғаммен біте қайнасып кетуіне жол ашады деп сенеміз.

Фридрих Эберт қорының «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік өлшемдегі құндылықтары» атты 2018 жылы жүргізген зерттеулерінің маңызы зор.

Фридрих Эберт атындағы қордың негізі 1925 жылы қаланды және ол Германияның ең байырғы саяси қоры болып саналады. Қордың құрылуы Германияның алғаш рет демократиялық жолмен сайланған Президенті Фридрих Эбертпен тікелей қатысты. Қор Фридрих Эберттің идеялық мұрасы

мен әлеуметтік демократияның бай дәстүрлерін ұстана отырып, жұмыс істейді. ФЭҚ өз қызметі аясында әлеуметтік демократияның еркіндік, әділеттілік және ынтымақ секілді басты құндылықтарын ұстанады. Әлеуметтік-демократиялық ұйымдар мен тәуелсіз кәсіподақтарға деген идеялық жақындық – Фридрих Эберт атындағы қорға тән сипат. ФЭҚ – коммерциялық емес ұйым, ол дербес әрі тәуелсіз түрде жұмыс істейді. ФЭҚ Қазақстандағы алғашқы кеңсесін 1993 жылы ашты және өз қызметін Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында жүзеге асырып келеді [7].

Қор халықтың құндылығын зерттеумен айналысқан 2 жыл атқарылған жұмыстар нәтижесінде ұзақ мерзімді Жобаны жасауға мүмкіндік туды. АҚШ елі бұл жобаны 20 жыл бұрын жасаған. Қазіргі күні құндылықтардың тасымалдануымен, ауысуын сауалнама жүргізу арқылы жүргізіп келеді. Біздің елімізде жоспарлы жоба арқылы бүгінде анықталған жобаларды ұзақ жылдар бақылайтын болады. Фридрих Эберт қоры әрі қарай құндылықтарды қоғамдық пікірге салып, дамытуға жағдай жасайды. Түрлі елдің ғалымдары мен зерттеушілері қоғам дамуында мәдениеттің рөлі үлкен маңызға ие екендігін, реформалардың дамуына дем беретінін, кәсіпкерлік белсенділік пен инновация өсімін өрлететінін талай мәрте дәлелдегені белгілі.

Құндылықтар - дерексіз ұғым емес, ол шын мәнісінде адамдарды алға сүйрейді әрі шешім қабылдауына және күнделікті әрекетіне айтарлықтай ықпал етеді. Қазіргі уақытта адами капиталды зерттеу бағдарламасын іске қостық. Соның аясында құндылықтарды еліміздегі адами капиталдың сапасын анықтайтын фактор ретінде қарастыруда. Бұл азаматтар мен мемлекет арасындағы, жергілікті қоғамдастық ішіндегі өзара қарым-қатынас форматын, қазақстандықтардың қоғам мен экономикадағы өтпелі үдерістерге қатынасын бір-бірімен байластыратын көпір.

Қоғамда соңғы 2-3 жылда қоғамдық пікірталасқа қатысты көптеген өзгерістер орын алғанына көзіміз жетті. Оның қорытындысында біз жаңғырушылар мен дәстүрлі ұстанымдағылар арасындағы ажырау процесін көреміз. Қазіргі заманғы «Қазақстанның өмірінде терең қазақи құндылықтардың орны қандай?» дегенге келсек, бізге қазірге керегі ұят, ар, намыс құндылықтары екені анықталды. Сондай-ақ, зерттеушілер 2000 жылдардың басында философия факультетінде «намыс» сөзіне қатысты тұжырым жасады. Бұл қазақ философиясы үшін өте жаһандық мәселе болатын. Қазақтың «рухы» – бізді қолдайтын, қорғайтын және биікке жетелейтін қасиет. Зерттеудің негізгі нысаны – заманауи қазақстандық қоғамдық құндылықтардың көзі. Бұл өте жақсы даму көрсеткіші шығар. Себебі, қазір біз құндылықтар туралы пікірталас құрып отырмыз. Олар бізді біріктіреді де, ажыратады да. Топта танымал әлеуметтанушы мен зерттеушілер және журналистермен жұмыс істедік. Құндылықтар–жұмыстың тәртібін құрастырады. Зерттеу адамның өзгеріске ұшырауын айқындатады. Зерттеудің бірегейлігі – қазақстандық қоғамның екі саяси дәуірдегі мәртебесін салыстыру.

Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстан және Өзбекстандағы Аймақтық директоры Кристоф Мор зерттеуде қазақстандық қоғамның құндылықтары туралы «Зерттеуде қазақстандық қоғамның құндылықтар

сипаты мейлінше нақты берілген, қазіргі заманғы әлемде алға шыққан құндылықтар жағдайында қазақстандық азаматтардың келбеті тура сипатталған және адамдардың өз ұқсастықтарын қалай түсінетіні, тілге, дінге және отансүйгіштікке деген көзқарастары дәл берілген... . «Құндылықтар туралы мәселе қоғамның дәл ортасында тұр. Бұл тек Қазақстан үшін ғана маңызды мәселе емес. Қазақстан өзге елдерден айырмашылығы жоқ. Бізді біріктіретін немесе керісінше, алыстататын мәселелерді түсіну қажет. Құндылықтардың жалпы бір ортадан шығуы да өте маңызды. Себебі, қоғам бір құндылықтарды талқылайтын, бір көзқарасы бар «дене» болуы керек. Мәселен, мен туған Германияда қоғамның өкілдері бір тілде сөйлемейді, бір құндылықтарды талқыламайды. Қоғамның ішіндегі қоғам болып бөлінген. Бұл популизмге көп үлесін қосты деп ойлаймын. Бұл тек неміс мысалы ғана осы мәселелерге шешім табу керегін көрсетеді», - деді К. Мор. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды діни және адами капитал тарапынан қарастыру қолға алынып отырғанын, қоғамдағы адамдарды біріктіретін өнер рөлін ескеру керектігіне тоқталды [7].

Қазақстан үшінші жаңғыру кезеңін бастан өткеруде және мәдени трансформация оның ажырамас бөлігіне айналған. Сондықтан экономикалық дамудың тұрақты әрі инклюзивті үлгісін құру туралы тілге тиек еткенде, оның аясын кеңінен қарастырып, қоғамның мәдени ұстанымдары мен құндылықтарын қоса ескеретін болады.

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы «Біздің егеменді және тәуелсіз Отанымызда өзіндік құндылықтарымыз бар және оларды сақтап, қорғай білуіміз керек. Бірде бір қоғам және бірде бір мемлекет патриотизм, бейбітшілік пен келісім, әлеуметтік серіктестікпен үйлесімділік, құқықтық тәрбие идеяларын жүргізбестен аяғынан тік басып тұра алмайды» [8] - деген болатын. Яғни Елбасы ұлтжандылық қасиетті тұғыр ретінде ұсынып отыр. Шынында да рухани құндылықтарсыз қоғамның жеке мүшелері адамдарды да елестету мүмкін емес. Бұлар адамның, оның ішінде жастардың рухани күшінің қайнар көзі, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуында ынталандырушы шарт. Бұл орайда Ә. Нысанбаевтың мына сөзін келтіре кету ойымызды нақтылай түседі: «Адам бойындағы рухани даму мүмкіндігін көрсететін тағы бір жайт – оның айқын өмірлік позициясының болуы. Егер ол тек ғана баюға ұмтылатын, бірақ еліне өз отандастарына қол ұшын беруді, көмектесуді ойламайтын, имандылық пен адамгершіліктен аулақ тұрған болса, қанша кітап оқыса да, бәрібір, ондай адамның руханилығы туралы сөз болуы да мүмкін емес» [9].

Алайда тарих процесс арқылы жалғасып келе жатқан құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа табыстау дәстүрі кеңестік идеология тұсында жолдан шығып қалды. Тоталитарлық жүйенің құндылықтарын зорлықпен санаға сіңіру, адамдардың іс-әрекетімен дүниетанымының өзегіне айналдыру жаппай етек алды. Бәрін бір идеологияға бағындыру нәтижесінде ұлттар дәстүрлі өмір сүру тәсілінен айырылды. Адамның рухани дүниесінен гөрі материалдық бастамалар, қажеттіліктер алғашқы орынға қойылды. Бір ғасыр ішінде жүріп өткен саяси-әлеуметтік өзгерістер, қоғамның экономикалық негіздерінің ауысуы, қолдан жасалған аштық, саяси қуғын-сүргін, халықты жаппай жайлаған үрей, шовинистік саясаттың нәтижесінде жазу үлгілерінің өзгеруі, ұлт

тілінің қолданылу аясының тарылуы ұлттық құндылықтардың, яғни халық шығармашылығы – фольклор, мақал-мәтел, эпос жырларымыздың қоғам сұраныстарынан аластатылуы, ұлтжандылық қасиеттің қатты қуғындалуы, ислам дінінің теріске шығарылып, атейстік көзқарастың басты ұстанымға айналуы және тағыда басқа өзгерістер ұлт санасындағы рухани құндылықтарға кері әсерін тигізбей қалмады. Рухани құндылықтарды бағалай білуге әлемді, адамдарды, табиғатты сүю ғана үйрететіндігі естен шықты. Алайда еріксіз істелінген нәрсенің адамнан бәрібір де еріксіз қалатыны, бағаланбайтыны негізделді. Бұл туралы С.Нұрмұратов: «Ақиқатты түсінуге, игеруге болмайды, оны тек таза жүреппен қабылдау керек, адам сол әлемге ақ ниетпен ұмтылуы қажет» деп жазады [10].

Тәуелсіздіктің ширек ғасырында Қазақстан әлеуметтік-экономикалық салада сәтті жаңарды. 2017 жылдың басында саяси реформаны бастаған Үшінші жаңғырту туралы жарияланды. Бұл жерде Ұлт көшбасшысы Қазақстанның рухани жаңғыруы бүгіннен басталмағанын да айтады. Ол бүгінде жетістікке жеке адамдардың емес, бүкіл халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы қол жеткізуге болатындығын баса айтады. Қазақстандықтар прагматик болып, ұлттық менталитеттің шекарасын кеңейтіп, ұлттық менталитетте басты орынға ие болуы керек. Енді біз рухани жетілуіміз керек.

Н.Ә. Назарбаев осы күрделі мәселені шешудің даңғыл жолын тапты.

Кертартпа ескіліктен арылып, санасын жаңғыртпаған ел ешқашан экономикасы дамыған озық елдердің көшіне ілесе алмайды. Қоғамда саналы азаматты қалыптастыру үлкен бетбұрыстың бастауы болып табылады.

Саналы азаматтар қауымдастығы қалыптасқан елде реформалар жедел жүзеге асады. Саналы азамат дегеніміз–төртінші индустриялық революция жетістіктерін және бірнеше тілді жетік меңгерген білімді, білікті маман.

Сананың ашықтығы дегеніміз– жаһандану мен жаңа технология өмірімізге алып келген өзгерістерді қабылдауға дайын болу деген сөз.

Бұған не көмектеседі?

Сингапурдың әкесі атанған әйгілі реформатор Ли Куан Ю журналистің – Үнді елін Сингапурдың дәрежесіне жеткізе аласыз ба? –деген сауалына былай депті:

– Жоқ, себебі үндістер өзіндік бағыт бағдарын, салт дәстүрін берік ұстанып –ежелден келе жатқан халық. Ал ескілікке әбден үйреніп, жанашылдықтан жасқанатын қауымға экономикалық болсын, әлеуметтік болсын әйтеуір кез келген реформаны іске асыру аса қиын. Негізі әлемге танымал Гандимен Нерудің бірқатар мүмкіндіктері болған, бірақ қанша жерден тырысқанымен халықтың қанына сінген таптық жүйені түбегейлі құртуға олардың шамалары келмеді. Ал Сингапур болса енді – енді аяққа тұрған, жас бала сынды мемлекет еді. Сондықтанда маған анағұрлым оңайырақ болды... .

Біз бұны қалай түсінуіміз керек?

Қазақстан– жас мемлекет. Елбасының бастамасымен дамудың даңғыл жолына түскен ел. Жаһандану жағдайындағы жас қазақстандықтардың санасын, мінез-құлқын өзгерту өзекті мәселеге айналды.

Бағдарламалық мақаласында ол әдеттер мен стереотиптерді өзгертпей

жаңғыру мүмкін емес деп атап өтеді, бұл ретте маңызды бағытты – прагматизмді бөліп көрсетеді.

Мінез-құлықтың прагматизмі дегеніміз – нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану [1].

Сонымен қатар, қазіргі шынайы өмірде кертартпа ескілік әдеттерден және құмарлықтан арылу қажет. Мысалға, - біртұтас Ұлтты өңірлік бөлуді артта қалдыру қажет. Біз меритократиялық қоғам құрудамыз, онда әрбір адам жеке үлесімен және жеке кәсіби сапасымен бағалануға тиіс.... Таяу онжылдықтарда барлық кәсіптің жартысы жойылады және мұндай жағдайда тек жоғары білімді адам ғана сәтті өмір сүре алады. Сондықтан Қазақстан білім беру саласын бюджеттік қаржыландыру үлесі бойынша ең озық елдердің қатарында. Егер жастардың құндылықтар жүйесінде білімділік басты құндылыққа айналар болса, ұлт табысқа жетеді–деді [1].

Саналы азаматтар қауымдастығы қалыптасқан елде реформалар жедел жүзеге асады.

Саналы азамат дегеніміз–төртінші индустриялық революция жетістіктерін және бірнеше тілді жетік меңгерген білімді, білікті маман.

Сананың ашықтығы дегеніміз–жаһандану мен жаңа технология өмірімізге алып келген өзгерістерді қабылдауға дайын болу деген сөз.

Елдегі басталған ауқымды өзгерістер қоғамдық сананы оза жаңғыртумен сүйемелденуі тиіс. Бұл ретте, бүгінгі таңда орасан жұмыс атқарылғанын және Қазақстанның қалыптасқан мемлекет екенін атап өтеді. Бірақ мықты әрі жауапты адамдардың Біртұтас Ұлтына айналу үшін қоғамдық сананы өзгертуге мүмкіндік беретін неғұрлым ауқымды және іргелі жұмысқа кірісетін уақыт жетті. Және де мақаланың негізгі түйіні Қазақстанда ауқымды өзгерістердің қоғамдық сананы өзгертусіз, немесе жаңғыртусыз мүмкін еместігінде.

Жаңғырту деген не? Ғылыми әдебиетте Жаңғыру (moderni- zation; modern – заманауи) қоғамдық- әлеуметтік эволюциясына, оның құрылымдық және функционалдық жіктелуінің заманауи қоғамның қалыптасуы бағытына қарай өсуіне алып келетін саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді.

Сондай-ақ жаңғыруды мемлекетті қарқынды дамыту мақсатында жүйені ауыстырмайтын, бірақ қолда бар әлеуетті жұмылдыратын іргелі өзгерістер процесі ретінде анықтайды.

Жаңғыру процесі сатылы, көпфакторлы, тарихи инвариантты және қайтымды болып табылады; ол өңірлік және өркениетті ерекшелікке ие және әртүрлі қоғамдық ішкі жүйелерде және дамудың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі жылдамдықпен және қарқындылықпен өтеді.

Жаңғырудың түпкі мақсаты мемлекетті өзін-өзі дамытуға және өз механизмдерін тұрақты жаңалап отыруға қабілетті жүйеге айналдыру, уақыт талабына сәйкес келтіру болып табылады.

Ғалымдар адамзат тарихына үніліп ХХ ғасырдың соңына қарай даму парадигмасының үш кезеңін нақты анықтады:

Бірінші – өнеркәсіпке дейінгі даму кезеңі-аграрлық революция және отырықшылыққа көшу нәтижесінде шамамен 10 мың жыл бұрын басталған;

Екінші – XVI-XVII ғасырлардағы индустриалды революция нәтижесінде орын алған индустриялық даму кезеңі. Яғни қарапайым еңбек құралдарынан машина жасау өнеркәсібіне көшу кезеңі;

Үшінші – 1950 жылдары басталған постиндустриялық даму кезеңі. XX ғасырда АҚШ, одан соң Жапония, Батыс Еуропа елдерін басталған, адамның зияткерлік мүмкіндіктерін кеңейтетін түбегейлі жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы [13].

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып, Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Сосын, Қазақстан-2030 стратегиясын қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді – бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері.

Қазақстан жаһандық бәсекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кірісті. Басты мақсат–Ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің 30 озық елінің қатарына ену.

Өзгерістер жолына түскен елдердің әлемдік тәжірибесі жаңғырудың – әлеуметтік-мәдени өзгерістерден оқшаулауға болмайтын процесс екенін көрсетеді. Жаңғыру біздің заманымызда материалдық өмірді де және рухани өмірді де біріктіріп қамтуға тиіс.

Демек, жаңғыру – әлеуметтік-мәдени феномен, оның артында тиісті адамның әлемді сезінуі мен дүниетанымы, оның қоршаған ортаны түсінуі және оның ондағы орны, дәлелдері мен мінез-құлық стилі, құндылық бағдарлары мен мәдени қалауларының меңгерген жүйесі, соның ішінде өмірдің саяси нысандары, белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер жүйесі тұрады.

Елбасы өз мақаласында былай анықтайды – саяси жаңғырудың да, экономикалық жаңғырудың да табысты болуы бірінші кезекте қоғамдық сананың руханият басым болатын деңгейіне тәуелді. Сондықтан бүгінгі таңдағы рухани қайта өрлеу – ең өзекті міндет.

Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру шеңберінде, үш жаңғырту процесі жүзеге асырылатын болады: саяси реформа, экономикалық өрлеудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғыртуға, ұлттың рухани жаңғыруына бағытталған және халқымыз үшін тағдырлы оқиғаға айналған «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жүріп жатыр.

Бүгінгі ұрпақтың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау мен дамыту дағдылары «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңа адамгершілік білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру» жобалары арқылы жүзеге асырылуда [1].

Жаңа үлгідегі жаңғырудың бірінші шарты – өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтау. Онсыз жаңғыру бос сөзге айналады. Бұл ретте тарихи тәжірибе мен салт-дәстүрлерге тым жоғарыдан қарауға болмайды. Керісінше, үздік дәстүрлерді жаңғырту сәттілігінің маңызды шарты етіп алу керек. Бұл жерде



жалпы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарын бөлім көрсетеді. Бұл бағыттардың барлығы жеткілікті дәрежеде өзекті және уақыт сын-қатерлеріне сай келеді.

Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан бері ұлт пен тұтас халықтың санасында күшті толқулар орын алды. Мақалада қайта ойлауға серпін беретін, басымдық беретін және анықтайтын бағыттар мен векторлар анықталған. Мұның бәрі әрбір қазақстандықтың жүрегінде жауап тапты. Бұл бастама өзінің маңыздылығы жағынан бұрын-соңды болмаған, жастар, ғылыми қоғамдастық пен зиялы қауым арасында үлкен резонанс пен қолдау туғызды. Осылайша, оны жүзеге асыру жолында топтастыру және біріктіру қалды. Бұл таңқаларлық емес, мақаланың арнайы алты арнайы бағыттарының әрқайсысы мемлекеттік бағдарлама болуға лайық және лайықты.

Бағдарламалық мақаланың алты бағытымен белгіленген қоғамдық сананы жетілдіру аясында Қазақстанның болашағы – балалар мен жастарды, адами капиталды одан әрі дамыту қажет;

*Қазақстандық ұлтжандылық.* Аталған сапаның қалыптасуы білім алушылардың Отанын жақсы көрумен, оның табыстары мен жетістіктеріне риза болумен, көрнекті тарихи тұлғалардың атақ-даңқтарымен, өз ауылына, қаласына, өңіріне, оның мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, елдің тарихына құрметпен қарауға, оның өркендеуі мен әл-ауқатының жақсаруына байланысты еңбек етуге, конституциялық міндеттерді орындауға, қоғамның әлеуметтік жауапты мүшесі болуға тиіс.

*Бәсекеге қабілеттілік.* Білім алушылардың бұл қасиеті қазіргі заманғы жағдайда интеллектуалдық даму қажеттілігін сезіну, бәсекеге қабілеттілік, креативті және ұлттық өзіндік санасы мен сыни ойлауы жоғары деңгейде дамыған дені сау тұлға ретінде көрінген, өзін-өзі жетілдіруде, өзін-өзі дамытуда, өзіндік сенімі бар талаптары анық көрініс тапқан, үш және одан да көп тілді меңгерген, тіл табысқыш, топпен жұмыс жасай алатын, жаңа білімдерді меңгеруге дайын, оларды сыни ойлай алатын, компьютерлік және цифрлық сауаттылық үшін қандайда бір мәселе туындаған жағдайда, қалыпты емес жағдайларда жанадан меңгерген білімдерін (функционалдық сауаттылық) тиімді қолдана алатын көшбасшылық қасиетке ие, өзіндік күшін жетілдіруді шебер қолдана алатын тұлға.

*Прагматизм.* Прагматизмді тұлғаның қасиеті ретінде тәрбиелеу, білім алушылардың дайындығымен, олардың қабілетімен және білімімен: *нақты мақсаттардың жетістіктеріне, білімге, сауатты өмір салтына қарай шынайы өмір сүруге;* мүмкіндігіне қарай өз өмірін басқаруға; практикалық пайдалы нәтижелер алуда өмірге деген өз әрекеттері мен көзқарастарының жүйесін құру; өз уақытын жоспарлау; практикалық қызмет барысында нәтижелер алу (мақсат нақты, сенімді нәтижеге құрылуы керек) байланысы болуы керек.

*Ұлттық сәйкестік.* Ұлттық ерекшеліктің қалыптасуы білім алушылардың халықтың тарихын, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, мемлекет ретінде қазақ тілін ұлттық сәйкестіктің негізгі элементі – ұлттың

мәдени коды ретінде («егер халық өз мәдениетін жоғалтса, халық жойылады»), ұлттық сананың базалық элементі ретінде, рухани қазақстандықтардың барлық ұрпақтарының бірлік пен тұтас Қазақстан халқының ұрпақ («Қазақстан – ортақ үйіміз») жалғастығының сабақтастығы ретінде; төзімділік пен гуманизм негізінде бірге тұратын барлық халықтар мен ұлттардың тілін, тарихын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және ұлттық мәдениетін құрметтеуге барлық қазақстандықтардың қабілеті мен дайындығы; түрлі мәдени мұраны іздеу мақсатында этникааралық, конфессияаралық және мәдениетаралық диалогқа дайын болу, қазақ жерінде бейбітшілікті, тыныштықты және зорлық-зомбылықтан сақтайтын жалпы адами құндылықтарды (өмір, еркіндік, бейбітшілік, ар-ұждан, сенім, махаббат, бақыт, денсаулық) сақтау қабілеті мен қажеттілігін меңгерумен байланысты.

*Білімнің салтанат құруы.* Білім алушылардың бойында аталған қажеттілікті дамытуға байланысты (білімнің басымдығы, таным мәдениеті) рухани өзін-өзі жетілдіруге тұрақты жеңуге тартатын материалдық жетістікке қол жеткізуде қоғамдық мораль негізінде терең түсіну жатқан рухани өзіндік дамытуға қабілетті және дайын болуы керек.

*Эволюциялық және сананың ашықтығы.* Білім алушылардың бойында аталған қабілеттерді жаңа технологиялық сананың өзгерістерді дамыту дайындығымен көрінуі керек; прогреспен қатар қадам басып, оның негізгі бағыттарын ұстану, басқа мемлекеттердің озық тәжірибесін меңгеру үшін ең жақсы жетістіктерді қабылдау; басқа елдермен диалогқа қатысу, басқа елдерден үйрену; олардың «өмірлік әлемінің», «өрісін» кеңейту және олардың шығармашылық күштерін қолдану нысандарына барынша қолдау жасау.

*Салауатты өмір салты* – әрбір қазақстандық үшін денсаулық - ең жоғары құндылық. Ол міндетті түрде спортпен, дұрыс тамақтанумен, зиянды әдеттерден бас тартумен, оң эмоцияларды көбейтумен, әлемге оң көзқараспен, қозғалыс белсенділігін артуымен байланысты [1].

Сонымен бірге, рухани жаңғыру процесінде әлеуметтік салалардың өзара әрекеттесуі әр саланың өз заңдылықтарына сәйкес дамытынын көрсетеді, олар қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде басқа саладағы өзгерістерге осы рөлді беру үшін жетекші буын рөлін атқара алады.

XXI ғасырдың адамына лайық қасиеттер ретінде осы қасиеттер мен сапаны қалыптастыру Қазақстан Республикасының білім беру тәрбиенің ұйымдарындаға жаңартылған мазмұнының айқындау ғана емес, сонымен қатар: азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, еңбек, эстетикалық, зияткерлік (саналық), дене бітімдік, құқықтық, көпұлтты және ұлттық тәрбие беруді қамтиды және Н.Ә.Назарбаевтың күшті және мықты ҚАЗАҚСТАН кұруда қолдау көрсетуінде байланысты болатын «Қазақстан-2050 Стратегиясында» басым бағыттарын [7].

1) Жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу. Жаңа қазақстандық патриотизм – бұл барлық қоғамды, барлық ұлттық өзгешелікті біріктіру емес;

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер»

бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым - әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл - мағынасы өте терең сөздер. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы - шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» [1].

Жалпы біршама патриотизм анықтамасына тоқталып өтейік: «Патриотизм» – грек тілінен *patriotes* - отандас, *patrio* - Отан, туған жер деген мағынада. Бұл өз отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз елінің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңда табыстарға қол жеткізу ниеті және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Патриотизмді әсіресе, жастардың арасында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек. Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект-деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт. Патриотизммен тығыз байланысты маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Патриоттық білім тұлғаны жан-жақты дамыту патриоттық санамен сезім қалыптастыру үрдісі ретінде қалыптастырамыз.

Қазақстандық патриотизм – өткен замандағы қоғам құндылықтары: тұлға, отбасы, білім, еңбек, Отан, жер бетіндегі бейбітшілік ұғымдарын да қамтиды. Бүгінгі таңдағы патриоттық тәрбие жекелеген бағыттарға ғана емес, қоғам құндылықтарына қарай бағыт ұстайды. Өйткені, патриоттық сезімнің нысанасы – Отан, оның мазмұны: туған жер, табиғат, дін, тіл, дәстүр, тарих, әдебиет, өнер. Олар жеке тұлғаны ерекше жылылық, сүйіспеншілік сезіміне баулып, патриоттық сезімнің қайнар көзі болады. Ал, қазақстандық патриотизм дегеніміз – елімізде тұратын ұлт өкілдері, яғни қазақстандықтардың Отанымызға, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілігі. Әрине, Отанды сүю – әркімнің сана-сезіміне байланысты, қасиетті сезім. Бұл сезім әркімді әр кезеңде (яғни әртүрлі жаста) оянып, кейін кәметке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық, әлеуметтік институттардың әсерімен қалыптасады. Қазақстанның шынайы патриоттарының басты ісі. Ұлтына, нәсіліне, сенімі мен нанымына, саяси көзқарасы мен ұстаған бағыт-бағдарына т.б. ерекшеліктеріне қарамастан, Республикамыздың азаматы өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін

пайдаланып отырған мемлекетін «Туған елім, Отаным» деп тануы қажет. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттық салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен дінін сыйлау, заңдарына бағыну, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану – қоғамның әрбір мүшесінің басты міндеті. Отанға сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм – тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы-деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игілік. Ол адамның отан игілігі үшін қызмет етуінен қажет болса, сол мақсат жолында ғұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді. Біз баршаға мүмкіндік беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне – өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз. Бұл – Қазақстанның шынайы патриоттарының басты ісі. Сондай-ақ, «Қазақстандық патриотизмді» еліміздің әрбір азаматының санасына сіңіру – кезек күттірмейтін мәселе. Өз отанының патриоты болу – Қазақстанды жүрегіңе ұялату [14].

2) барлық этникалық топтардың азаматтары тең құқылы болу. Барлығымыз тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерге ие қазақстандықтар болып табыламыз және біздің жерімізде бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етуге тікелей жауап береміз;

Қазақстанның әлемдік деңгейді бағындырған жекелеген өз тұлғалары аз емес, әрине. Жыл сайын өтетін халықаралық өнер байқауларында олжа салмайтын қазақтың баласы кемде-кем. Мысалы, тау бұлағындай сыңғырлаған әсем үнімен әлемді дүр сілкіндірген әнші Димаш Құдайбергенов ұлттық брендке айналды. Таза таланттың жеңісі тек қазақтың ғана мерейі емес, адамзат баласының бәріне ортақ қуанышқа айналды. Таңдай қақты. Бұл ең алдымен, қазақ өнерінің өрлеуі, жемісі еді. «Бізде де әлем мойындайтын мынадай тамаша жас тұлғалар бар екен-ау» деген ел ішіндегі асқақ сезімді оятып, болашаққа сенімді нығайтқан жеңіс еді.

Димаш сияқты Қазақстанды өздерінің жетістіктерімен дүние жүзіне танытып жүрген спорт, өнер жұлдыздары көп. Олардың қатарына спорт әлеміндегі боксшы Г.Головкин, зілтемірші И.Ильин, мәнерлеп сырғанаушы Д.Тен, шаңғышы А.Полторанин, суда жүзуші Д.Баландин және әнші М.Мудрякты жатқызуға болады. Бұл күндері ұлттар бірегейлігі туралы сөз қозғағанда боксшы Геннадий Головкиннің қанатты сөзі еріксіз ойымызға оралады. «Менің әкем-орыс, шешем-кәріс, өзім қазақпын» деген болатын даңқты боксшы Елбасымен кездесу сәтінде. Міне осындай тұлғалардың өскен ортасы, ұлттар достығы туралы түсінігі жас ұрпаққа тәлімді тәрбие береді.

Бүгінде қазақстандық бірегей мәдениет қалыптасып келеді. Әрбір азамат өзінің білімін, еңбегін елінің өркендеуіне, дамуына қосатынын біледі.

Тек отансүйгіштік – көпұлтты Қазақстанның тұтастық пен татулық сақтаудағы басты құралы. Сонымен қатар жоғары толмаған жаһандануға тұрар жалғыз күш болмақ [14].

3) қазақ тілін және тілдердің үштілділігін дамыту. Жауапты тіл саясаты – қазақ халқының негізгі біріктіруші факторларының бірі. Қазақ тілі – рухани негіз және барлық салаларда белсенді түрде дамыту керек;

«Жаңа адамгершілік білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы. Қазіргі уақытта, Қазақстанның үшінші жаңғыруын қамтамасыз етуге қатысты тапсырмаға байланысты, елімізде білім саласындағы бәсекелестікке бейімделген сапалы деңгейдегі жаңа мамандарды дайындау қажеттілігі туындады. Бұл барлық жастардың қоғамдық және гуманитарлық білім саласында сапалы дайындығының болуын меңзейді, өйткені олар заманауи процестерді түсініп, сананы жаңғырту қағидаларының – ашық болудың, прагматизмнің, бәсекелестікке қарсы тұра білудің басты дәріптеушілері болуы тиіс.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру Қазақстандағы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқыту жүйесін жетілдірумен қатар тағы да екі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

– жоба ғылыми айналымға заманауи әлеуметтік процестерді түсіндіретін жаңа тұжырымдамаларды енгізу арқылы, Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің академиялық ортасын дамытуға септігін тигізеді;

– аударма жобасы арқылы қазақ тілінің дамуы жүзеге асырылатын болады, өйткені гуманитарлық пәндер саласындағы фундаменталды, теориялық зерттеулер мемлекеттік тілдің тұжырымдамалық және түсініктемелік құрылымын дамытуды қажет етеді.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Оның мақсаты – жастарға әлемдегі ең жақсы оқулықтарды қазақ тілінде оқуға мүмкіндік беру. Сонымен қатар, қазақ тілі дамуға күшті серпін алады, өйткені әлемдегі ең жақсы әдебиеттің аудармасы тілді байытады, оған жаңа ұғымдар мен мағыналар әкеледі. Бұл тіл қосымша қанықтылықты алады дегенді білдіреді.

Тек біліммен ғана қоғам шынымен мықты бола алады. XVI-XVII ғасырлар тоғысында өмір сүрген әйгілі ағылшын философы Фрэнсис Бэконның: «Білім – бұл күш», – дегені таңқаларлық емес. Оның үстіне, әр тіл – «қауымдастық өзінің ерекше рухани миссиясын орындау жолы». Кез-келген ұлттың тілі – бұл оның тарихи есте сақтау қабілеті. Халықтың мыңжылдық рухани мәдениеті тілде, оның ауызша және жазбаша түрінде, әртүрлі жанрдағы ескерткіштерде ерекше және ерекше көрініс табады. Демек, тіл мәдениеті, сөз мәдениеті көптеген, көптеген буындардың ажырамас буыны ретінде көрінеді. Ана тілі – ұлттың жаны, оның басты және айқын белгісі. Тілде және тіл арқылы ұлттық психология, адамдардың табиғаты, олардың менталитеті, моральдық жағдайы және руханилығы сияқты маңызды белгілері мен белгілері ашылады. Демек, бұл қазақ тіліне аударма жобасы тек тілдің күші мен қоғамның әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін құрал ғана емес. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық біздің Елбасымыздың барлық қажеттіліктеріне – прагматизмге, сананың ашықтығына, әлемде барлығымен бірге өмір сүруге, ақпарат ағымына сыни көзқараспен қарауға, мәдени кодтарын сақтауға, ұлы есімдерді, тілдерді, дәстүрлерді мәңгі сақтауға қызмет етеді [11].

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Оның мақсаты – жастарға әлемдегі ең жақсы оқулықтарды қазақ тілінде оқуға мүмкіндік беру. Сонымен қатар, қазақ тілі дамуға күшті серпін беру, өйткені әлем әдебиетінің ең жақсы

аудармасы тілді байытады, тілге жаңа ұғымдар мен мағыналар береді. Бұл тілге жаңаша рең береді дегенді білдіреді.

Әлеуметтік-гуманитарлық салада 100 жетекші оқулықтың аудармасы бәсекеге қабілеттілік пен прагматизм рухында тәрбиеленетін қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудағы сенімді қадам болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан білім беруге бюджеттік шығындардың үлесі бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарына кіреді. Әлемдегі ең үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аудару жобасы – бұл мәртебенің тағы бір дәлелі.

2018-2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып табылатын кітаптармен оқуды бастайды.

«Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру» жобалары арқылы жүзеге асырылуда.

Қазақстан саясатының ерекше белгісі – белгілі бір бастамалар мен реформаларды іске асыру тәсілдерінің ойластырылғандығы болып табылады. Френсис Бэкон.

Латын әліпбиіне көшу – бұл елдің рухани және мәдени дамуындағы шынайы тарихи кезең, бұл алфавиттің өзгеруі ғана емес, бұл біз үшін өркениетті таңдау, бұл ашық әлемнің бір бөлігі болуға деген ұмтылысты растайды, прогреске баса назар аударады және бұл жүйені жаңғырту туралы біз айтқан идеялармен байланысты Қазақстандағы білім.

Қазақ тілін жаңғырту оның барлық әлеуетін ашу үшін қажет – қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, рухани жаңғырудың, ұлттық бірегейлікті нығайтудың қуатты факторы. Латын әліпбиіне көшу, ең алдымен, қазақ алфавитін және емле ережелерін реформалауға бағытталған, бұл бізге тілдің фонетикасы мен оның графикасы арасында сәйкестік орнатуға мүмкіндік береді. Латын әліпбиін енгізу мемлекеттік тілді дамытудың ішкі мәселелерін шешуге ғана арналған. Бұл мәселеге қатысты Елбасының берік, дәйекті ұстанымы орыс тілінің біздің елімізде қуатты мәдени және тарихи тамырлары бар әлемдік тіл ретінде танылуына ықпал етуі керек.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, Ұлт көшбасшысы қазақ тілін латын қарпіне көшіру процесі жақсы дайындықпен және байыпты түрде жүргізілуге тиіс деп атап көрсетті. Бұл біздің әлемдік өркениетпен ықпалдасуымызға, ағылшын тілін және интернет тілін үйренуімізге жағдай жасайды.

Мәселенің басты себебі – әлемнің жаһандану процесіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды. Латын қарпі жаңа технологиямен, компьютермен, сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Тіпті жапон тілінде аталатын жапон фирмаларының өздері атауларын латын қарпімен жазғанды дұрыс санайды. Тіпті, Қытайда экономиканың бірнеше секторларында әлемдік нарыққа шығу үшін, әлемдік деңгейдегі тұтынушыға түсінікті болу үшін латын қарпі қолданылатындығы белгілі. Латын қарпі брендтік графикаға айналып отыр. Латын қарпіне көшу

уақыт талабынан қалмау үшін, әлемдік кеңістікке табысты интеграциялану үшін, бір қызығы, интеграцияланып қана қоймай, өзінің кескін-келбетін сақтап қалу үшін маңызды болып отыр.

Шет елдерде тұратын қазақтар өз қандастарымен ана тілінде сөйлескенде, латын қарпіне негізделген замануи ақпараттық желілерді пайдалануды барған сайын арттырып отыр. Қазақстан жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлердіру, интернетті пайдалану, шығыс мәдениетінің телевидение, кино арқылы ықпал етуі, еуропалық сапаға ұмтылу – осының барлығы біздің қоғамды «латын қарпінің құшағына» еріксіз әрі біртіндеп тартып келеді [11].

4) мәдениет, дәстүр және өзін-өзі жаңғырту. Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды;

Қазақтың арғы-бергі тарихында ұрпақ ұялатын іс болмаған. Біздің мәдениетіміз кезең-кезеңмен даму үстінде.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біріншісі; «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» – делінген.

Осыған байланысты қазақ халқының тарихында елеулі орын алатын Қазақстанның аймақтарындағы қасиетті орындар анықталып, тізімі жасалды.

«Қазақстанның қасиетті орындары мен кешендері» ретінде ерекше қастерленетін табиғи, мәдени мұра және діни сәулеттің айрықша қастерлі ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпеш із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады.

Екіншісі, «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы.

Қазіргі заманғы бәсекелік қабілет дегеніміз экономикалық даму, халықаралық бастамалар мен жобалар ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастыру, өзіндік мәдени жетістіктермен әлемге танылу.

Қазақстан дамуының жаңа кезеңі сыртқы саяси бастамалармен байланысты брендтерді ілгерілету ғана емес, қазақстандық мәдениеттің үздік үлгілері мен жетістіктерін көрсету арқылы мемлекеттің танымалдығын

арттыруды көздейді. Мұндағы әңгіме ғылым, әдебиет, көркемөнер мен музыка, театр, кино және т.б. қамтитын ұлттық мәдениеттің кең мағынасында айтылады.

Бізді әлем халықтарының ішінен ерекшелейтін өзіндік қадір – қасиеттеріміз бар. Енді соларға қысқаша шолу жасайық.

Қазақ халқы–бауырмал халық. 100 ден аса ұлт өкілдері тату-тәтті өмір кешуде. Достық, қайырымдылық, ынтымақ, бірлікті насихаттайтын тамаша дәстүрлер бар. Оқушыларды осындай дәстүрлермен тәрбиелеуіміз керек.

«Асар» дәстүрін алайық. «Асар» –ұлттар бірегейлігін жақындата түсетін заман талабына сай жарасымды дәстүр. Асар – еріктілер тобы. Оған ешкімді мәжбүрлемейді. Және ұлтқа, дінге, тілге, руға бөлінбейді. Бүгінгі қоғамдық санамызда бұл тамаша қасиетіміз жарқырап көрінуде. Тек қана табысты кәсіпкерлер ғана емес, өз саласында едәуір жетістікке жеткен танымал спортшылар, әншілер, өнер қайраткерлері тіпті қарапайым азаматтар да меценаттық үрдіске белсене араласып жатқаны шындық. Олар ауылындағы кембағал, тұрмысы төмен жандарға асарлатып баспана салып беруде. «Асардың» шаруашылық түрлеріне қарай «Шүлен тарту» сияқты баламалары бар.

Бұл қазақстан халықтары бірегейлігінің жарқын үлгісі. Олар ұлтқа, дінге, тілге, нәсілге, руға, жершілдікке бөлінбей туған жеріне деген перзенттік парызын өтеуде. Біз – үлкен болайық, кіші болайық, бәріміз туған жердің перзентіміз. Тоқсан тарау арнамен келіп тоғысқан тағдырлармыз. Сондықтан да шетелдерде өткен байрақты бәсекелерде бізді ұлтқа бөлмей «Қазақстандық» деп таныстырады. Қазақстандық орыс, неміс, кәріс, татар, өзбек деген сөз тіркестерін ешқашан естімедік. Себебі біз ұлтқа бөлінбейтін унитарлы тәуелсіз мемлекетпіз. Біздің бір ғана туған жеріміз, Отанымыз бар. Ол ата-бабаларымыздың маңдай тері тамшылаған – қасиетті Қазақстан.

Ұлттық тәрбиемізде тағы бір тамаша тағылым бар. Атадан балаға жалғас болған бұл ұғымдардың тәрбиенің бастауы болып табылады. Жанды-жансыз табиғатқа орынсыз зиян келтіруді, ысырап жасауды атам қазақ ежелден қош көрмеген. Бұған дәлел – қазақтың адамзаттық-ғаламзаттық іс-әрекеттерге, таным-түсініктерге, мінез-құлық пен әдет-ғұрыптарға т.б. қатысты толып жатқан наным-сенімдік тыйымдары. Айта кетерлігі, сол ондаған-жүздеген тыйымдардың барлығы – айналып келгенде «жаман болады», «ұят болады», «обал болады» деген қазақы моральдің үштағанына келіп тиянақтайды екен. Ұлттық ар-ұят кодексін құрайтын бұл үш түрлі ұғымның мағыналық айырмашылығына үңілейікші:

Мұндағы – «жаман болады» – қандай да бір іс-әрекет салдарынан дереу тап болатын немесе түптің түбінде туындайтын оқиғалардан сақтандыруға құрылғанын көреміз. Мысалы: «зиратқа қарай жүгірме», «молаға түнде барма», «кесенеге барғанда шашыңды жайма», «босағаны керме», «Қорымның үстіне шықпа», «Молаға қарап дәрет алма» т.б.

Ал «ұят болады» – адам баласын қандай да бір орынсыз, ерсі мінез-қылық көрсету, әрекет жасау, шешім қабылдау т.б. жағдайлардан сақтандыру тұрғысында, түрлі жағдаяттарға қатысты айтылады. Мәселен, киелі орындарға барғанда қатты күлме, даурығып сөйлеме, селфи суретке түспе т.б.



«Обал болады» – жыбырлаған жәндіктен адамзатқа дейінгі іс-әрекеттерге қолданылады. Сондай-ақ, табиғат байлығына, оның ішінде адамның еңбегі сіңіп әзірленген ас-суды орынсыз ысыраптамауға қатысты да айтылып келе жатыр. Мысалы: «гүлді жұлма», «ұяны бұзба», «киелі орынды ластама» т.б. [13].

«Аруақты сыйлау» – қазақ халқының өзге мұсылман халықтарынан ерекшелігі олардың аруақты сыйлағаны, құрметтегені. «Өлі разы болмай тірі байымайды» дейді дана халқымыз. Сондықтан кесене басында қалыптасқан ережелерге сәйкес әрекет жасаған. Әйел заты тізесін, шашын жауып киінсе, ер адамдар бас киім киген.

Отбасылық тәрбиеміз де өзгеше. XIX ғасырдағы саяхатшы орыс ғалымы «Қазақтарға оқудың қажеті жоқ, олардың салт-дәстүрлері тұнып тұрған ғылым» деген екен. Бала дамуында отбасындағы тәрбие жүйесі үлкен және бірінші кезекті маңызға ие. Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасындағы тағылым мен үлгі-өнегенің, тәлім-тәрбиенің жүйелі, бірізді жүргізілуінен бастау алатыны баршаға белгілі. Үздіксіз тәрбиенің басты сатысы – отбасы тәрбиесі. Отбасында бала еңбек етуге, өмір сүруге әлеуметтік қатынас тәжірибесін игеруге үйренеді, отбасында өзіндік өмірлік көзқарасы қалыптасады.

5) ұлттық интеллигенция рөлін жоғарылату (мұғалім ұлттық интеллигенцияның алдыңғы қатарлы тұлғасы). Зиялы қауым қалыптасқан мемлекеттің кезеңінде ұлттық құндылықтарды нығайтуда жетекші күш болуы керек;

6) мемлекеттің зайырлы сипатын нығайту – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шартына қатысты бағыттарды іске асыруға ықпал ететін болады [3].

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы – өз ақыл-ойын, талантын, еңбекқорлығын біздің Отанымыздың көркеюіне салатын адамдардың тарихы туралы жоба. Олар Қазақстанды бейнелейтін, өздерінің өмірлік іс-әрекеттерін тәжірибеге айналдыра алу, өздерін шығармашылықпен жүзеге асыру қабілеті бар адамдар және қазіргі кездегі мектеп білім алушыларының замандастары болып табылады. Тез өзгертін әлемде болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу барысында, өскелең ұрпақты осы адамдардан үлгі алуға бағыттау, жалпыұлттық және аймақтық жобалардың белгілі замандастарын көпшілікке тарату мұғалімнің міндеті болып саналады [14].

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің басталуына байланысты қазақстандық жастардың бойында төмендегідей құндылықтар пайда болды, оларды қалыптастыру педагог мамандарының алдыңғы мұраттарының бірі.

1. «*Жарқын, сапалы білім*» тренді – қазақстандық қоғамның ұлттық жобасы. Білім – ең жоғары құндылық, жас ұрпақтың дүниетанымдық көзқарасының алғышарты, бұл әлеуметтің уәждемелі де, мәдени де құрамдас бөлігі, адами капиталы, қаржылық және рухани дағдарысты жеңудің жолы.

2. «*Жасампаз, икемді тұлға*» тренді – жаңа құзыретті идеяларды түрлендіруге және жүзеге асыруға қабілетті, әдеттен тыс шешімдер табатын және қабылдай алатын, адамның ішкі ресурстарын шығармашылықпен жүзеге асыру және оны өмірлік іс-әрекетте қолдану ықыласы бар креативті,

бейімделгіш тұлғалар тәрбиелеу негізінде Қазақстанның табысты, серпінді, инновациялық экономикасы құрылады.

3. *«Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға»* тренді – мемлекеттің стратегиялық міндеті. Бұл тренд табысқа жетуге бағытталған жаңа көзқарасты адамдар тәрбиелеуді болжайды. Нарықтық қарым-қатынас жағдайында – нақты саланың кәсіпқой маманы, бәсекелесу қабілеті жоғары, қызметінің мақсатын нақты анықтай алатын, нұсқаларды болжай алатын, неғұрлым тиімді және өнегелік орынды жолды таңдай, кәсіби және өмірлік мансабының өсуін дамытуға әсер ете алатын тұлға.

4. *«Жоғары ақпараттық мәдениет»* тренді – ақпараттық жана технологияларды меңгерудің қазіргі кездегі деңгейі, ХХІ ғасырдың адамына қолжетімді күрделі ақпараттық базаны өңдеу, жүйелеу, талдау, оның деректерін моральдық-этикалық аспектіде тұлғалық және кәсіби өсу үшін қолдана білу білігі.

5. *«Өмірлік нақты стратегия»* тренді – жеке тұлғаның дүниетанымдық бағдарын құруға қажетті компоненттердің біртұтас және көпаспектілі құрылымы, оған: негізгі бағдарлардың өмірлік мақсаттары, адамның өмірлік нақты тұжырымдамаларын құруы, нақты құндылықты бағдардың болуы, өмірлік қиындықтар мен қайшылықтарды жеңуге дайындығы, уақытша сәтсіздіктерден сабақ алу тілегі, нәтижені дұрыс бағалау және т.б. білігі жатады.

6. *«Жоғары құзыреттілік»* тренді – бұл трендтің мазмұнында келесі аспектілер қамтылған: проблемалық-тәжірибелік – әр адамның жағдайды дұрыс түсінуі, нақты бір кәсіби салада мақсат, міндеттер, нормалар қоюы және оларды орындауы; мағынаның мазмұндылығы – тұлғаның өмірлік стратегияны мазмұнды жүзеге асыру қабілеті, тұлғалық өсуі үшін өзінің шексіз мүмкіндіктерін үздіксіз анықтап отыру ықыласы; аксиологиялық – тұлғаның өзінің көзқарасы және жалпы мәнді құндылықтар тұрғысынан өмірлік жағдаяттарды дұрыс бағалау қабілеті.

7. *«Тұлғалық өсу»* тренді – ішкі өзгерістер, өзін-өзі жетілдіру, дау-жанжалдарды (ішкі, сыртқы) жеңіп шығу, логикалық шегі жоқ өз әлеуетін анықтау, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру процесі [14].

Бұл құжат – жаңа идеологиялық тұжырымдама немесе ұлт мүдделерінің стратегиялық бағытын айқындайтын, адамдарды позитивті әрекеттерге жұмылдыратын принциптер жиынтығы. Жаңару процесін уақыттың императиві деп атауға болады, өйткені сананың бұрынғы моделі қазіргі заманғы шындыққа сәйкес келмейді.

Шынында да, мәдени ашықтық тек шетелдік тәжірибені «сіңіруді» білдірмеуі керек. Керісінше, бұл сырттан келетін, менталитетімізге, мәдениетімізге, дәстүрімізге және тілімізге бейімделген құндылықтарды «жұмсарту».

Осылайша, «Рухани Жаңғыру» бағдарламалық мақаласының алты ұлттық жобасы, шын мәнінде, рухани жаңғырудың, ұлттық сананың нығаюының қозғаушы күші локомотиві болды. Ал бағдарламаның өзі қазақстандық

патриотизм мен жаңаруға деген ұмтылысқа толы қоғамды біріктіретін өзек болды.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының мазмұнды жалғасы – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, ол сандық өркениет контекстінде түсінікті және маңызды болып табылатын ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы мұраларын нақтылайды. Мақаланың негізгі бағыттары–отансүйгіштікке және олардың тарихына деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу, барлық қазақстандықтар арасында олардың шығу тегінің бірлігі сезімін қалыптастыру. Ұлы даланың батырлары, ойшылары мен билеушілері тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде үлгі болуға лайық.

Біздің республикамыз гүлденген, бәсекеге қабілетті ел болу үшін біз жас ұрпақты тарихи дәстүрлерді, туған жеріміздің мәдениетін, рухани мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. «Отанның тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білу – патриотизм және ұлттық өзіндік сана-сезімнің жаңғыру негізі»

Елбасы мақаласында жеріміздің кеңдігі мен халықтың мыңжылдық тарихындағы ұлы жетістіктерін талқылай отырып, «Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш –деді [15].

Бүгінгі таңда ел байлығының өсуі мен жинақталуының басты шарты – бұл ел халқының зияткерлік және рухани дамуының, оның ішінде адам капиталы түрінде жетекші деңгейі. Қоғамды модернизациялау қоғам санасының «мазмұны» ретінде инновациялық мәдениетті енгізуге, адами капиталды адам өмірінің барлық негізгі салаларында сапалы дамуына және жинақталуына негізделген.

Руханилық – адамның барлық өзгермелі қоғамға оң ықпалдасуын анықтайтын маңызды компонент, ол барлық әлеуметтік өмірдің рухани-адамгершілік компонентінсіз мемлекет құлдырайды, экономика тоқтайды, мәдениет құлдырайды, ең терең ғылыми білім мен жаңа технологиялар пайдасыз болып қалады деп тәжірибемен сенімді. Рухани құндылықтар–бұл «жақсылық пен жамандық», «шындық немесе жалған», «әдемі немесе жаман», «әділ немесе әділетсіз» контекстінде қарастырылатын әртүрлі рухани тұлғалардың (идеялар, теориялар, кескіндер) адамдық, әлеуметтік және мәдени маңыздылығын көрсететін категория» [16].

Жүсіп Баласағұни айтқан екен: «Кісі танымақ болсаң, ісіне қара», – деп. Адамның уәдесінде тұра білуі, өзгеге жақсылық жасауы, малға да, жанға да мейірімді болуы, жомарттығы, кеңпейілділігі, қарапайым, мәдениеттілігі, еңбекқорлығы оның қандай адам екенін айтқызбай-ақ танытады, өскен ортасы мен алған тәлім-тәрбиесінен де мол мағлұмат береді. Ал мұның сыртында адамның киген киімі мен үйінің тазалығы, ұстаған құрал-жабдықтарының, көлігінің жағдайы, қатысатын ойын-сауығы, әуес әдет-ғұрыптары да оның жан-дүниесінің айнасы [17].

Қазақстанның алдында тұрған қазіргі заманғы проблемаларды шешудің жолын түсіну және іздестіру елдік және аймақтық ерекшеліктерді, сондай-ақ халықаралық, жаһандық контекстті ескеретін біріктірілген, интеграцияланған тәсіл негізінде мүмкін. Жаһандық және қазақстандық дискурстар арасындағы ауыспалы екпіндер, әлеуметтік-мәдени процесс қоғамдық сананы қайта құру функциясы ретінде қоғамдық сананы рухани жаңғырудың экзистенциалды негіздерін анықтайды. Қазіргі транзиттік кезеңдегі біздің еліміз үшін қазіргі заманғы сынақтарды еңсеру жаңа қазақстандық патриотизм, халықтың бірлігі, көп мәдениеттілік, тамырына, тарихына, дәстүріне құрметпен қарау және жаһандық сипаттағы шындыққа дәйекті бейімделу сияқты құндылықтарды біріктіру негізінде мүмкін болады. Қоғамдық сананы рухани жаңғырту бағдарламасы – бұл қазақстандық қоғамның мәдени, экономикалық, әлеуметтік, саяси қайта құрылуының сәтті жүзеге асырылуының ажырамас теориялық негіздерінің бірі.

Әлеуметтік-мәдени дәстүрлердің бірегейлігімен туындаған қазақстандық өркениеттің ерекшеліктеріне әлеуметтік өмірдің нормалары, мәдени құндылықтар мен дүниетанымдық принциптер жатады.

Жанданатын қазақстандық қоғамдағы жаңа әлеуметтік-мәдени өзгерістерді зерттеу олардың келесідей ерекшеліктеріне ие екендігін көрсетті.

- жалпы дүниетаным (ерекше және жалғыз модификацияларды сақтай отырып);

- Үлкен әлеуметтік топ (ұлт, суперэтно, өркениет) деңгейінде өзін-өзі сәйкестендіруді қамтамасыз ететін арнайы менталитет;

- адамның өзара әрекеттесу тәсілдерінің қалыптасуына әсер ететін қызмет аумағының геотабиғи ерекшеліктері;

- әлеуметтік қатынас пен басқарудың, ақпараттың сақталуы мен алмасуының, әлеуметтік білімді берудің қажетті құралы ретінде бірыңғай қол жетімді тіл.

Қазақ мәдениетінің салт-дәстүрлері сәйкестендіру құбылысының табиғаты мен мәнін тікелей анықтайды, егер біз оның жеке, әлеуметтік-мәдени, ұлттық немесе өркениеттік параметрлерінің белгілі бір тұрақтылығын, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсінетін болсақ, бұл сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді: мен кіммін және біз кіміз. Халықтың өзін-өзі сәйкестендіруі саяси, мәдени, экономикалық тарихты қайта құруды қамтиды. Бірақ ең алдымен өзін-өзі сәйкестендіру — бұл мәдени артефактың ерекше түрі, өйткені оған тарихи күштер, ішкі және сыртқы факторлар жатады.

Философ ғалымдардың пікірі бойынша құндылықтар адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Егер сіз «құндылық» ұғымын анықтауға тырыссаңыз, онда бұл құндылық дегеніміз адам өміріне жағымды мән бере отырып, оның көріністерінің алуан түрлілігін қамтитын, байланыстыратын және бағыттайтын қасиетті жеке тұлға - мәдениеттің әмбебап принципі деп айта аламыз.

Дамудың әртүрлі теориялары мен модернизациялау бағдарламасына шолу Қазақстандағы рухани жаңғыру мәдени, экономикалық және әлеуметтік-саяси қызметтің жаңа құндылықтары мен мақсаттарын қалыптастыру бойынша

теориялық ұсыныстарды әзірлеу үшін маңызды алаң болып қала береді деп болжайды. Моральдық табиғаттың өзгерістері Қазақстан қоғамының саяси және экономикалық институттарындағы өзгерістерді, сондай-ақ жаңа әлеуметтік институттардың қалыптасуының нақты процестерін дайындайды және заңдастырады.

Рухани-құндылық бойынша жоғарыдағы көрсетілген зерттеулерді қорытындылай келе адами капитал сапасын арттыратын, қазақстандықтардың рухани-адамгершілік принциптеріне жататын 18 құндылықты анықтадық.

Бұл құндылықтар; жауапкершілік, кемелдену, еңбекқорлық, ынтымақтастық, құрмет, адалдық, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық.

Бүгінгі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс тұсындағы заманауи жастарды 18 рухани-құндылық бағдарымен тәрбиелейміз. Жалпы адамзатқа ортақ бұл құндылықтар жастардың әлемдік өркениетке еркін еніп, қоғаммен біте қайнасып кетуіне жол ашады деп сенеміз.

## **2 «Рухани Жаңғыру» Бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру**

Н.Ә. Назарбаев «XXI ғасырдағы қоғамның рухани жаңаруы» тұжырымдамасын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық стратегиялық мақаласымен таныстырды. Ол бір жағынан тарихи сананы, мәдени құндылықтарды, ұлттық-мәдени сәйкестілік пен патриотизмді сақтауға, екінші жағынан адами капиталды, адамның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.

«Рухани Жаңғыру» — бұл біздің өткенімізді, тарихымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді білуге көмектесетін бағдарлама ғана емес, сонымен қатар жаһандандудың барлық қатерлері мен қауіп-қатерлерін ескере отырып, Қазақстанның рухани құндылықтарын жандандыруға бағытталған жоба.

«Рухани Жаңғыру» — ұлттық сананың терең кезең-кезеңімен қайта құрылуы. Жаһандану дәуірінде қазіргі ұрпақтың қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі - тарих құндылығы мен тарихи сананың қалыптасуы.

«Рухани Жаңғыру» — бұл жедел әрекет емес, барлығымыздың, әсіресе қазақстандықтардың жас буынының қоғамдық санасын жаңғырту жөніндегі ұзақ, іргелі жұмыс [11].

Нұрсұлтан Назарбаев алдымызға әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіру туралы үлкен міндет қойды. Сондықтан, тез өзгеріп отыратын жағдайларға байланысты қоғамдық сананы жаңғырту қажет.

Бүгінгі таңда, адамдарға технологияның жетістіктерін ғана емес, сыни тұрғыдан ойлауға, әртүрлі тілдерде сөйлеуге, мәдениетін байытуға, ашық және прагматикалық болуға мүмкіндік беретін гуманитарлық білім үлкен рөл атқарады. Қазақстанда жазушылар мен ақындарға, режиссерлерге, суретшілер мен суретшілерге, өнертанушылар мен мәдениеттанушыларға жаңа жарқын есімдер пайда болуы керек. Олар қазіргі Қазақстанның мәдениетін дамытып, оны жаңа жарқын бейнелермен байытып, жетілдіреді. Осы құндылықтар негізінде олар болашақ тілінде сөйлейтін және адамдарды жақсырақ болуға шақыратын заманауи бейнелерді жасай отырып, ұлттық кодтың жаңа тасымалдаушыларын өсіреді.

Ұлттық код «әмбебаптылыққа» қарсы әрекет ретінде адамдарға кез-келген сынақтарға төтеп беруге көмектеседі. Халықтың болмысы мен ұлттық ерекшелігі туралы, этномәдени код деп аталатын нәрсе туралы айта отырып, сіз кез-келген ұлттың тарихындағы ең қиын нәрсе өзіңіздің «Мен» дегенді түсінуде дұрыс өзін-өзі тануында болатындығын түсінуіңіз керек. Өздерінің дамуының әртүрлі кезеңдерінде бұл қабылдауды жоғалтқан, өзіндік ерекшеліктерін жоғалтқан халықтар кейіннен тарихтың шетінде болды. Осы тұрғыдан алғанда, біздің халқымыз ғасырлар бойы өмір сүріп, XXI ғасырға тез енген идеологиялық және моральдық кодекстің маңызын асыра бағалау қиын.

Қазақстандықтардың пікірі бойынша, ынтымақтастық, құрмет, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, кемелдену, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия,

қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық халықтың осы он сегіз қасиеті Қазақстанның дамуына өз үлесін қоса алады. Бұл 18 құндылық тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытына жіктеледі. №1 кесте.

№	Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағыты
1.	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие
2.	Рухани-адамгершілік тәрбие
3.	Ұлттық тәрбие
4.	Отбасы тәрбие
5.	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6.	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
7.	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8.	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі

№2 кесте. Рухани-құндылықтың 18 қасиеті мен тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытын сәйкестендіру

№	Құндылықтар	Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағыты				
		1	2	3	4	5
1	Ынтымақтастық	6	2	4	3	
2	Құрмет	4	1	2	3	6
3	Жауапкершілік	1	2	5	4	8
4	Адалдық	1	2	3	4	7
5	Еңбекқорлық	5	7	8		
6	Кемелдену	7	8	2		
7	Этика-әдеп	6	2	4		
8	Табандылық	8	5	2		
9	Отансүйгіштік	1	3	2		
10	Сүйіспеншілік	2	4	3		
11	Кішіпейілділік	3	2	6		
12	Жомарттық	3	1	7		
13	Әділдік	1	2	3		
14	Эмпатия	6	2			
15	Қанағат	5	7	4		
16	Тазалық	2	4			
17	Денсаулық	8	5			
18	Батылдық	1	5			

Бұл кестеде 18 құндылық әртүрлі қасиеттері бойынша тәрбиенің 8 бағытына топтастырылған. Оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Сабақ мақсатына тәрбиенің бір ғана бағытын таңдап алуға және сол бағытқа бірнеше құндылықты түсіндіруге олардың өзара сабақтастығына баса мән беруге болады.

Ендігі кезекте бұл құндылықтарға жеке-жеке тоқталайық.

**1. Ынтымақтастық** – белгілі бір топтың, ұжымның, халықтың, жалпы адам баласының мақсат, мұрат мүдделер тоғысынан туындайды. Ынтымақ— елдіктің, ұлт болып ұйысып отырудың басты кепілі.

Қазақ халқы бірліктің күнделікті тіршіліктегі орны мен маңызын "бірлік болмай тірлік болмас", "бірлік түбі — береке", "алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді" деп түйген.

Бірлікті ыдыратып, ірітуші күш — күншілдік, іштарлық, араздықтық деп тауып, жұртшылықты мұндай жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуға шақырған.

Сондықтан, басқарушы не жетекшілер—белгілі бір топ ішіндегі асқынған дау, ушыққан жанжалды тыйып, шешім қабылдағанда ел бірлігіне сына түспеу жағына баса көңіл бөлген. Қоғамда адамдар арасындағы ынтымақтастық пен бірліктің көрінісі бауырмалдық және достық қарым-қатынасқа ұласады.

Бауырмалдық — адам бойындағы туысқандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін құнды қасиет. Сондай-ақ, бауырмалдық тек туыстық негізде ғана көрінетін қасиет емес, ол кісінің адамгершілік, имандылық қасиеттерін айқындайтын мінез-құлықтың жағымды белгісі.

Өзгені бауырына тарта білу, әр адамды жақын санап, қамқорлық көрсету сияқты ізгілік белгілері адамдар арасындағы өзара сыйластықты, бірін-бірі құрметтеу, жақын тұту сезімдерін қалыптастырады. Адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөлмей, кез-келген жағдайда оларға көмектесуге дайын тұру, қол ұшын беру қасиеті де бауырмалдықтың белгісі болып табылады.

Достық — адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екіжүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Дос биікке жетелейтін, шыңға шығаратын, көкке көтеретін, қызық қуанышына ортақ қиындықта демеу болатын жан. Нағыз достар – бір-біріне сенім артатын, жақсылығын асырып, жамандығын жасыратындар [18].

Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады”, “Досы жақсының, өзі де жақсы”, “Дүниеде адамның жалғыз қалғаны — өлгені, қайғының бәрі соның басында”.

Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.

Кез келген асудан қиналмай өту үшін ынтымақтастық ішінде болу өте маңызды. Ынтымақтастықты дамыту сыныптан басталады, сондықтан оқушылар арасында бірлік пен татулық, бауырластық пен ынтымақтастық атмосферасын сезіндіру қажет. Мектепте өзара немесе мұғалім–оқушы



сөйлескенде сөздер құрылымына мұқият назар аудару керек. «Біреу сөйлеп жатқанда, сөйлеспендер» деп айтудың орнына «біреу сөйлеп жатқанда, мен тындаймын» деген сияқты сөйлем қолданғаныңыз абзал. Ынтымақтастықты арттыратын іс-шараларда достық пен татулық қарым-қатынасын насихаттау да маңызды. Сонымен қатар, мектепшілік ынтымақтастық көпірін мұғалім ретінде алдымен өзімізден бастайық. Бауырмашыл болудың бес дағдысы:

1. Шыншыл бол. Жалған қарым-қатынаста құрылған достық шыншыл болудан басталады. Әрқашан бетіне ащы шындықты айта алатын достың қабілетін сый деп қабылдау абзал. Достардың арасында ыңғайсыздау болмайды.
2. Түсінбеушіліктерді реттеу. Достар бір-бірінің әлсіз және жақсы жақтарын жақсы таниды. Сондықтан ащы шындықты айтамын деп, оның кемшілігін бетіне басу шарт емес. Уақытты өткізбей ретін тауып көңіліне тигізбей жеткізу абзал.
3. Достарына уақыт бөліп, қадір тұт, іс-шараларды ұйымдастырғанда барлық достардың көңілін ескерген жөн.
4. Достарыңнан уақытынан ерте көңіліңіз қалмасын. Ренжи беру орынсыз, күтуден пайда болады. Мысал үшін сіз досыңызға көп сыйлық сыйлайсыз, одан да соны күтесіз. Бірақ ол сізге сүйікті кітаптарыңызды тауып беріп, сізге сүйікті тәттілерімен шай беріп, сізбен бірге қызықты уақыт өткізуді жақсы көреді. Әркімнің достық сезімін көрсетудің өз жолы бар.
5. Досыңа жағу әлсіздік емес. Дауласқан кезде кімнің дұрыс айтқаны маңызды емес, дұрыс шешімге келу маңызды. Досыңа жақсылық жасаған адамның өзі бақыттырақ болады екен.

**2. Құрмет** — елге, жерге, тілге, адамзатқа, ұлтқа қатысты мәдени-тарихи құндылықтарды жоғары бағалайтын эстетикалық және этикалық көзқарастар жиынтығы және жеке адамға өзге адамдар тарапынан көрсетілетін қошемет. Адамға құрмет көрсету оның жеке басы қасиеттеріне, ішкі құндылықтарына, кейде жас мөлшеріне, отбасы жағдайына, лауазымына орай орын алады. Ішкі жан дүниесінің байлығымен, әлеуметтік тәжірибесімен, жеке басы беделімен, кісілік қасиеттерімен көпшілік ортада көзге түскен адам құрметке ие болады. Құрмет өнегеліліктің негізгі талаптарының бірі бола тұра, адамның өзге біреулерге қадірін, жылы лебізін, ілтипатын көрсетеді. Қазақ дәстүрлі қоғамында жасы үлкен кісіні сыйлау, оған сый-құрмет көрсетіп, ардақтау әрбір адамның парызы саналған. Құрметке ие болу үшін адам өзінің кісілік, адамгершілік қасиеттерін жоғалтып алмауы қажет. Құрмет ұғымының жіктелуі:

- Өзіңе құрмет;
- Басқаларға құрмет;
- Ата-анаға, үлкендерге құрмет;
- Отанға құрмет;
- Қоршаған ортаға құрмет.

Өзіңе құрмет. Егер адам өзінің жүріс-тұрысына, денаулығына, жан тазалығына, ақыл-санасына мән беріп жауапкершілікпен қараса, өзіне деген

құрмет қалыптасады. Ол үшін адам өзінің рухани құндылықтарына сай әрекет етуі тиіс. Дүниеге адам болып келу де бір бақыт екенін ескерсек, мұны сезіне білгеннің өзі-ақ, өзімізге деген құрметтің қалыптасуына жеткілікті.

Басқаларға құрмет. Өзгені құрметтей білу — адамды өзіне жақын тарту. Жағымды қарым-қатынас, сондай-ақ оның бойындағы адамгершілік құндылықтарға бас ию. Басқаларды құрметтей білудің белгілері физикалық, моралдық зиян келтірмеу, керісінше ізет көрсету.

Егер сізді құрмет тұтсын десеңіз, онда өзіңіз басқаларды сыйлай білуге тиіссіз. Сенімсіз, әділетсіз жанды ешкім жақсы көрмейді. Сенім артуға болатын, уәдесіне берік адамды бәрі құрмет тұтады. Бұрынғы өткен даналар мәлімдегендей: адамның ұлылығын әлеуметтік жағдайы өзінен төмен тұрған адамдармен байланысынан байқауға болады деген. Егер ол өзінен төмен жандарға құрмет пен сүйіспеншілікпен қарайтын болса, бұл — оның қадір - қасиеті.

Адамды құрметтей білудің белгілері адамға физикалық, моральдық зиян келтірмеу. Адамға ізет көрсету адамның жас мөлшері, материалдық жағдайы, қандай дін ұстанатыны, жынысына байланысты емес.

Егер сізді өзгелер қошеметтеп, құрмет тұтсын десеңіз сіз соған лайықты болыңыз. Өзгелерге құрметпен қарауды үйрену үшін, алдымен әр адамның бойынан тек жақсы жағын көре білу керек.

Адам жанын түсінудің ең маңызды тәсілі, оны мұқият тыңдай білу. Егер көңілі түсіп тұрған жанды көрсеңіз, сыйластық танытып, көңіл аударып, мұқият құлақ асып тыңдаңыз, мұндай жанның қасында ол адам өз қадірін түсіне бастайды. Жай тындап қоймай, мұқият тыңдау қажет. Бұл адамның қызығушылығын туғызып, туындаған мәселенің ортақ шешімін табуға оң әсерін тигізеді. Егер ол адам сіздің шын тілеулес екеніңізді сезінетін болса, ол да сізге алғысын білдіріп, құрмет көрсететін болады.

Ата-анаға деген құрмет. Ата-анаға деген құрметтің орны ерекше. Себебі, кез келген адамның жетіліп, ортаға қалыптасып кетуінде басты жауапкершілік ата-ананың мойнында. Өмірді сезінуге, танып білуге, мүмкіндік берген ата-анаға алғыс—әр адамның парызы. Дүниеге келген сәттен бастап түн ұйқысын төрт бөлген анаға алғыс. Әрдайым қамқор,ыстық пен суықты сездірмеген арқа сүйер пана—әкеге алғыс. Сенің табанына кірген тікен, менің маңдайыма қадалсын дейтін нағыз жанашыр әрі болаттай қорған тек қана ата-ана! Ата-ананы құрметтеудің негізінде бала көмейінде «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды; кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды» деген түйін қалыптасады.

Отанға құрмет. Отан деген тек туып өскен жер ғана емес, ол-күнделікті отбасы, ошақ қасы, ауасын жұтып, суын ішіп, байлығын игілігіңе жаратып отырған кең-байтақ жер. Отанды құрметтеу тарихын құрметтеуден басталады. Тарихын білген адам ана тілін, салт дәстүрін құрметтейді.

Қоршаған ортаға құрмет. Бұл – табиғатқа, тіршілік атаулығы көрсетілетін ізеттілік. Айналамыздағы барша жаратылысқа мейірімділік таныту, табиғатты аялау, түрлі ластықтан қорғау – құрметтеудің дәлелі болмақ.

Құрмет көрсету, ілтипат ету барлығына өз деңгейін көрсетілсе, әркімнің де құрметке лайық болары анық. Сәлем беру-мұның ең жақсы мысалы.

Өйткені- сәлем беру, сәлем алу – құрметтің бастауы. Оны көрсетудің амалы – мектеп ішінде құрмет пен сыйластықты арттыратын барлық шараларға оқушылармен бірге атсалысудан басталады.

**3. Жауапкершілік** — адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі [18].

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.

Жауапкершілік таныту – сенімділік және өмірін бақылауға алу деген ұғымдармен пара-пар.

Жауапкершілігі бар адам – өздігінен шешім қабылдауға қабілетті және өзінің іс-әрекеті үшін басқалары алдында жауапты болуға дайын адам. Бұл – оған сенім артуға болады деген сөз. Яғни өзінің және басқаларының алдында сөзі мен ісі сенім ұялататын, сүйенуге болатын адам.

Сондай-ақ, жауапкершілік адамның рефлексті түрде ғана жауап беруі мүмкін емес, өмірдің сан түрлі жағдаяттарына кездескенде жауап ретінде көрсететін іс –әрекеті. Себебі адамның өмірлік көзқарасы, мінез-құлқындағы жауапкершілік сезімі-достарына отбасына, айналасындағы қоршаған ортасына қарым-қатынасында көрініс табады.

Жауапкершілікті сезіну шынында, сезімдердің ең жақсысы. Егер біз көздеген мақсатымызға қол жеткізуді, қатарымыздың алдында беделді болуды, өмірімізде жетістіктерге жетуді қаласақ, жауапкершілік сезімін өмірлік құндылығымызға айналдыру қажет.

Сонымен баламызды не оқушымызды жауапкершілікке қалай тәрбиелейміз?

Ең бірінші қадамы– өзіне жауапты болуы. Сондай-ақ, жауапкершіліктің артықшылықтары мен пайдасын тереңірек түсіндіру де маңызды. Кейін шамаларына қарай жауапкершіліктерін біртіндеп арттырып отыруы керек. Олардың жауапкершілікке ие тұлға ретінде жетіліп келе жатқанына көз жеткізесіз.

**4. Адалдық** — адам мінезіндегі бағалы қасиет; жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогресспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. “Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі — қазақтың

әулиесі сол”, — дейді Абай. Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады. Адалдық жеке тұлғалар мен адамдардың абырой-атағын арттыратын ізгі қасиет [18].

Адалдық ол жүріс-тұрыстың жалғандығы, алаяқтық, ұрлық, алдау және т.б. жағымсыз әрекеттер орындалмаған жағдайда ар-ұят, шыншылдық, қарапайымдылық, шынайылық, сияқты жақсы қасиеттердің көрініс табуы.

Адал адам— ешкімнің ақысын жеп, ғайбат сөйлемейтін, кісіге қиянат жасамайтын, өтірік айтпайтын, шыншыл, сөзіне берік жан. Яғни, өз ісіне адал болуы, аманатқа қиянат жасамауы, әрдайым шыншылға жақтас болуы адалдықты сипаттайды. Адалдық құндылығы достарына, қоғамға, Отанына адал болуы арқылы адам бойына сіңіріледі.

Достарына адал болу. Адамдар саналы түрде бірге өмір сүргенде бір-біріне сенім артатын жандарға мұқтаждық сезінеді. Сол себепті, халық арасында бір-бірімен сырласатын, шерін тарқататын, күш-қуат, жігер алатын достық қарым-қатынастар пайда болады. Достың сырын сақтай білу, уәдесінде тұру, ғайбаттаудан алыс болу, теріс әрекеттеріне жол бермеу досқа адалдықты білдіреді.

Қоғамға адал болу. Әрбір жан қоғамға сыйлы, сенімді, адал және өзін жақсы көретін адамдардың қоршауында болуды қалайды. Кейбір жағдайларда өтірік айта салу, ұрлық жасау немесе алдай салу оңай шешім жолы болып көрінеді. Бұл әрекет адалдықтан алшақтататынын сездірместен әдетке айналса, қоғам адалдығына қиянат жасаумен іспеттес. Шыншыл болу қорқынышты және қиын болуы мүмкін. Бірақ қиял әлемінде адал өмір сүргенше, шын өмірде қиындықтарға төзе білуі, өзіне жақындарына, қоғамына адал болуы әлдеқайда жақсырақ. Бұл оның пісіп-жетілуіне мүмкіндік береді.

Отанына адал болу. Отанға адалдық қоршаған ортаға, қоғамға жасап жатқан адал ісінен көрінеді. Әркім өз жұмысын адал орындаса, өзіне де, еліне де пайдасы тиеді. Өз саласының адал маманы ретінде қызмет ету де Отанға адалдықтың белгісі. Ал жастардың білімі мен тәрбиесін шыңдауы Отанға адалдығының үлесі болып есептеледі.

Сынып ішіндегі адалдық мұғалімнің жалпыға бірдей көзқарасынан басталады. Оқушыларды теңдей бағалау— адалдықтың белгісі. Оқушының айнасы мұғалім болғандықтан, әрбір принципін шынайылықпен ұстанған жөн.

**5. Еңбекқорлық** — адамды еңбекке баулитын мінез ерекшелігі. Ол адамды шыдамдылыққа, табандылыққа, ұқыптылыққа, мақсат қоюға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға және шығармашылыққа жетелейді.

Еңбекқорлық туа біткен қасиет емес. Ол — ата-аналардың өз баласына үздіксіз үйретуі арқылы дағдыға айналады. Еңбекқор болу — жауапкершілікті және үлкен табандылықты талап етеді. Оқушы еңбектенуге бейімделген болса, келешек өмірде өз орнын табуына және кәсіби маман болуына үлкен септігін тигізеді.

Адамды шыңға жетелеп, бар мақсатына уақытында жеткізетін қасиеті — еңбекқорлық. Көп жұмыс істейтін адам еңбекқор емес. Еңбекқор адам белгілі

бір істе жауапкершілікті мойнына алып, не істеу керектігін түсініп, жұмысты жоспарлы түрде өз уақытында аяқтайды. Жұмыс нәтижелі болуы үшін ұзақ уақыт жұмыс жасаудың қажеті жоқ. Оны ақылмен де ерте аяқтауға болады. Физикалық күшті жұмсамай-ақ оң нәтижеге жетуге болады. Сондықтан уақытты да, ақылды да қатар ұстау маңызды.

Ал қазіргі таңда қоғамға пайдалы еңбекқор тұлғаны қалай қалыптастыруға болады?

- Баланы дайынға үйретпеу;
- Жасына немесе жеке қабілетіне қарай жауапкершіліктер жүктеу;
- Істің жасалу жолын үлгі бойынша көрсету;
- Нақты мақсаттар қоюды үйрету;
- Сұхбат жүргізу және оларға еңбекқорлықтың маңызын түсіндіру.

Осы дағдыларды терең меңгерген бала еңбектенудің маңызын түсінеді. Еңбектену – бақыттың ең бірінші шарты. Онсыз материалдық немесе рухани байлыққа қол жеткізу мүмкін емес. Себебі еңбек адамның денсаулығы мен психикасына жаңа екпін беріп, күш сыйлайды.

Мектепте еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет. Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – жас жеткіншектерге еңбек туралы тәрбие беру және жеке адамды жан-жақты дамыту.

Оқушыларды еңбек етуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, оларға кәсіптік бағдар беру қазіргі таңда барлық оқу жүйесінде оқушы әрекетінің белсенділігін қамтамасыз етудің бір тәсілі болып табылады. Оқушының бойына осы қасиеттерді дарыту үшін, олардың жасаған еңбектеріне кішігірім сыйлық ұсынып, марапаттау маңызды. Оқушы өзіне берілген жұмысты тиянақты орындап, әдетіне айналдыруы тиіс. Сонда жүйе қалыптасады. Жоспарлы түрде жұмыс жасай алатын еңбекқор тұлға осындай ортадан шығады.

**6. Кемелдену**– әрдайым даму жолында болу, біреумен емес, өзіңмен жарысу. «Мықты болсаң, өзіңді жең!» - деп Абай атамыз айтқандай, әрқашан өзін алға жетелеп, дамытып отыру.

Кемелдену – көптеген адамдар үшін өмірлерінің ең ұзақ кезеңі болып табылады. Кемел шақ кезеңін адамның жасы және рухының жай-күйі бойынша ежелгі гректер «акмэ» уақыты деп атаған, бұл қандай да бір нәрсенің шырқау шыңын, ең жоғарғы дәрежесін, адам тұлғасының ең жоғарғы гүлдену, «өзіне теңдестірілу» сәтін білдірген.

Қазіргі заманның ағымына ілесе келе, жаңашылдықпен жарыса отырып, өзін-өзі дамытуды тоқтатпау өте маңызды. Себебі, қазір үйренген білім көп уақыт ұзамай-ақ ескіріп қалады. Олай болса, өз-өзін дамытуды неден бастау керек?

Алдымен әркім өзінің ішкі комплекстерін анықтап алғаны жөн. Комплекс дайын тұрған диагноз болғандықтан онымен күресудің негізгі құралы –оны

қабылдай білу және одан арылудың жолын қарастыру. Адам не нәрседен қысылып, тартыншақтайтын болса, соны өзгертуге талпынғаны абзал. Әлемдегі атақты тұлғалардың барлығы өз бойындағы комплекстерінен арылу арқылы жетістіктерге жеткен. Сондықтан еш қысылмай даму жолын жалғастыру керек.

Кемелденудің келесі қадамы – өз қабілетін анықтау. Жоқты қуаламай барды дамыту. Microsoft компаниясының топ менеджері Жи Ди Мейер "Артықшылықтар кемшіліктерден маңызды" - деп айтқан. Өзінің кемшін тұстарымен күресуді бір сәтке доғарып, бойындағы артықшылықтарға мән беріп оны бұрынғыданда жақсартуға тырысу. Шығыс жекпе-жегінің майталманы Брю Ли: «Мен ұрыстың 10 000 тәсілін үйренген адамнан қорықпаймын, керісінше, бір тәсілді 10 000 рет қайталап үйренген адамнан қорқамын» -деген екен. Осыған орай бойындағы қабілетін дамытуға барын салып, шеберлікке жеткенше еңбектену адамдықты шындай түседі.

Кемелденудің үшінші бір жолы– уақытты дұрыс пайдалану, өмірді жоспарлау. Адам бұл өмірде екі нәрсенің қадірін толық түсіне бермейді. Олар денсаулық пен уақыт. Уақыт–баға жетпес байлық. Өз өмірін жоспарлау аптаны, күнді, сағатты жоспарлаудан басталады.

Жоспарлы жұмыс уақыттың сізге қызмет еткенін көрсетеді. Мүмкіндігінше жазбаша жоспар құрып, уақытылы сызып, белгілеп отыру әрдайым мақсатқа бір адым жақындағандықты сездіреді. Жоспардың орындалуын көзбен көру–жоспар иесінің жүйелі жұмыс жасау арқылы мақсатқа жету құлшынысын арттыра түседі.

Адамның кемелденуіне бірден бір септігін тигізетін тағы бір факт – кітап оқу. «Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге» деп хәкім Абай айтқандай, кітап оқу арқылы адам өзін әртүрлі салада жан-жақты дамыта алады. Кітап оқу арқылы адамның сөздік қоры көбейіп, ойлау қабілеті артып, өз пікірін еркін жеткізетін тұлғаға айналады. Кітап адам бойындағы бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады. Сондай-ақ, кітапты дұрыс таңдауда маңызды. Кез келген кітап адамға ақылшы бола алмайды. Сондықтан кітаптың авторының өмірлік тәжірибесі мен еңбегі жайлы білу кітап таңдауға көмекші болары анық.

Кемелденудің ең маңызды жолы – рухани даму. Кез келген адамның ішкі жан дүниесі рухани азықты қажет етеді. Адам асқазаны қалай тамаққа зәру болса, адамның рухы да дәл солай рухани азыққа зәру. Бірақ адамның рухы аш болса, асқазан сияқты бірден реакция бермейді, біраз уақытқа дейін аштығы білінбей жүреді. Алайда рухани аштықтың соңы жақсылыққа апармайды. Қанша жерден білімі жоғары, кәсіби шебер, кемелденген адам бола тұра, руханияттан жұрдай болса, сол адамнан қоғамға зияны тиетін небір проблемалар шығуы әбден мүмкін. Тарихта болған қырғи –қабақ соғыстарды тудырған тұлғалар мен әлемдік проблемалардың басталуына себепші болған адамдар соның дәлелі. Сондықтан да адамның рухани кемелденуі өте маңызды. Рухани кемелдену деп адамның жүрек сезімі, ішкі жан дүниесінің байлығын көрсететін адами құндылықтардың бойына сіңірілуін, өмірлік тұрмысына енуін айтады.

Өзін-өзі жетілдірудің, кемелденудің жасы мен уақыты болмайды. Оқушының да, мұғалімнің де, ата-ананың да ізденіс үстінде, жаңашылдыққа ашық, үйренуге құштар, кемелденуге ынталы болуға әрдайым мүмкіндігі бар. Әрбір адамның нағыз тұлға болып қалыптасуын қанатты құспен теңеуге болады. Бір қанаты кәсіби шеберлігі десек, екінші қанаты рухани кемелдік. Екеуін бірдей қатар алып жүрген адам қыран құс секілді биіктерге самғайды. Кемелденуге қатысты оқушыларды ғылыми зерттеулермен, әлемдік жаңалықтармен, жаңашыл жетістіктермен қызықтыра отырып, олардың әрбір күнін біркелкілікпен өзгертуге атсалысу оларды жігерлендіре түсері анық.

## **7. Этика-әдеп**

Әдеп дегеніміз–адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайы болу, жұмсақ сөйлеу және жағымсыз қылықтардан аулақ болу. Әдеп тәрбиенің басты көрінісі. Әдептің негізгі мақсаты – адамға жамандықтың зияндылығын түсіндіріп, одан бойын аулақ салуға үйретіп, адамгершілік жолына сілтеуі. Әдепті адамдар – қоғамның байлығы. Қай қоғамда болмасын әдеп жолға қойылса, сол қоғамның абыройы жоғары, тұрмысы да тұрақты болады. Егер қоғамда бір адам әдепсіз болса, басқаларын сыйламайтын, орынсыз оғаш қылықтарымен айналасына күйедей жұғып қоғамға үлкен зиянын тигізеді. Халықтың «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дейтіні сондықтан. Ұлы Абайдың «Қолымда билік күші болса –адам мінезін жөндеуге келмейді-дегендердің тілін кесер едім» деген сөзінің мәні соған саяды. Әдептіліктің мәнін түсінбеген қоғам сөз жоқ, өзінің түбіне жетеді.

Әдептілік – адам бойында бірден бола қалмайды. Ол бірнеше жылдардың, қоршаған ортаның, үйдегі жақсы тәрбие жемісі. Негізі әдептілік сәлемнен басталады [18].

Әдептіліктің түрлерін ажыратып көрелік:

Қарым-қатынас әдебі –адамдардың ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі. Кезіккен адамға алғаш сәлем беру – ізеттілік. Оны көпшілік ортада бұлай жіктеуге болады.

- **ҮЙДЕ.** Ата-анамен, іні-қарындаспен, аға-апамен сыйласу, қонақ келгенде сәлемдесу, қонақ қабылдау;

- **КӨШЕДЕ.** Дұрыс сымбатты жүру, үлкен кішімен сәлемдесу, қарт адам кездесе көмектесу, орынсыз ысқыруға жол бермеу;

- **МЕКТЕПТЕ.** Оқушыларға арналған ережелерді сақтау, жолдастармен, ұстаздармен сәлемдесу, оқу орындарындағы қоғам мүлкіне дұрыс қарау, сабақты бар зейінімен тыңдау, сабақ үстіндегі бірыңғай талап ережелерді сақтау;

- **ҚОНАҚТА.** Әр нәрсеге таңданып, орынсыз сұрақтар қоя бермеу, босқа абыржымау, екеу-екеуден сыбырласып әңгіме айтпау, ерсі күлмеу, үн-түнсіз, өзімен –өзі мұңайып отырмау, басқа қонақтардың, үй иесінің пікірлерімен бөлісу;

- **ДАСТАРХАНДА.** кітап оқымау, артық әңгіме айтпау, ерсі қылықтар жасамау, үлкеннен бұрын бастамау, ұялы телефон қолданбау, басқаларына ыңғайсыздық туындататын әрекеттер жасамау, ас ішерде аузын жауып шайнау.

- ҚАЛАДА. Көліктер арасында жол ережелерін сақтау, автобуста үлкен адамдарға, балалы аналарға орын беру, басқаларына кедергі болатын әрекеттер жасамау.

2. Сөйлеу әдебі–адамдармен қарым-қатынаста жұрыс әрі орынды сөйлеу, тіл тазалығын сақтау, болмашы қылжақбастық әңгімелерді айтпау, тақырыпты шектен тыс қозғамау;

3. Тыңдау әдебі, тыңдау этикасы –өзің сөйлесіп тұрған адаммен мәдениетті түрде сөйлесе білу. Оның сөзін бөлмеу, орынсыз кіналамау, әңгімені басқа тақырыпқа бұрмау.

Киім кию әдебі–ұқыпты, таза, жарасымды киім кию, сырт көзге ерсі көрінетін киімдер кию арқылы басқалардың назарын өзіне аудартпауға тырысу, киетін киімнің түстері ең көбіне үш түстен артық болмауына назар аудару;

**8. Табандылық** – қиыншылықтар мен кедергілерге қарамастан мақсатқа жетуге талпыныс.

Табандылығы мықты кісі ылғи да қажымай-талмай әрекет жасайды. Небір ауырпалықтарға қарамай оларды жеңе отырып, мақсатына жетеді. Кезкелген адамның жеңіс жолында әрбір қиындықты жеңген сайын ерік – жігер бұрынғыдан да шыңдала, кемелдене түседі. Сондықтан да ерік –жігердің мықты, ынтаның анық, табанды әрі тұрақты болуы міндетті түрде мақсатқа жеткізбей қоймайды.

Табандылық көрсетуде бірден бір үлгі аларлық кісі –ең бай қытайлық Джек Ма. Ол оқушы кезінде әртүрлі қиыншылық көрумен қатар, университетке түсу үшін 3 рет емтихан тапсырған. Кейіннен 30 шақты жұмыс орнына жұмысқа тұру үшін өтініш жазғанымен ешбірі оны қабылдамаған. Тіпті біз білетін KFC-нің өзі 24 адамнан 23-ін жұмысқа алып, тек Джек Маны ғана кері қайтарған. Сақшы академиясына да қабылданбаған ол, біраз уақыт айына 12 долларға ағылшын пәнінің мұғалімі болып істепті. Гарвард университетіне 10 мәрте қабылданбаған ол, еш қамықпай бір сөзінде; "Мүмкін бір күні Гарвардта сабақ берермін" деген екен. 1999 жылы орнаған «Алибаба» компаниясы 3 жыл қатарынан ешқандай кіріс әкелмегенімен Джек Маның табандылығы арқасында төртінші жылдан бастап кірісі молая бастаған. Онымен қоймай 2016 жылы технология саласында Джек Ма «Алибаба» компаниясының негізін салушы ретінде әлемнің сегізінші ауқатты адамы аталған. Түсінгеніңіздей, неше мәрте сәтсіздікке ұшыраған ол, егер табандылық көрсетпеген жағдайда бүгінгі Джек Ма болмас еді.

Әрине, ынтықтығы мен табандылығы жетістікке, үлкен табысқа жетелеген адамдар саны Стив Жобс немесе Джек Мамен шектелмейді. Біз білетін барлық табыстылардың өмірінде ынтықтық пен табандылықтың ізін көруге, ұшқынын табуға болады. Сонда сізде, егер солардың қатарына қосылғыңыз келсе, ынтық болған ісіңізді тастамаңыз және бұл жолда табандылықтан таймаңыз. Ал егер қандай іске ынтық екеніңізді білмейтін болсаңыз, ең жақын арада іздеуді бастаңыз. Себебі іздеген адам қалайда болсын әрқашан іздегенін таппақ [19].

Әркімнің де ерік-жігерінің мықты болуы, табанды әрі төзімді болуы тікелей өзіне байланысты екенін ұмытпау керек.



Төзімділік – адамның басқа түскен әртүрлі қиыншылықтарға қарсы көрсететін шыдамдылығы. Қазіргі уақытта барлығы дерлік жетістіктің не пайданың жылдам әрі оңай жолмен келгенін қалайды. Алайда өмірдің қиындықтары мен сынақтарға толы екенін естен шығармау керек. Онсыз мына өмірді елестету қиын. Басқа түскен қиыншылықтарға төзе білу әрбір адамның міндеті. Бірақ бұл жай ғана қиыншылықтарға көніп жүре беруді білдірмейді. Өмірде кездескен ауыртпалықтар мен қайғы-қасіретке төзімділік танытып, шешу жолдарын іздестіру болып табылады. Болашаққа үмітпен қарап, уайым-қайғыны жеңіп шығу – нағыз төзімділіктің белгісі. Әрбір қиындықтан кейін бір жеңілдік келетінін ұмытпаған маңызды. Төзімділікті шындап, жетістікке жету әркімнің өз қолында. Сонымен төзімді болудың алғышарты сабырлылық туралы айтып өтейік.

Сабырлылық – адам мінез-құлқына тән байыптылық пен ұстамдылықты білдіретін асыл қасиет. Сабырлы өз ісінің дұрыстығына сенімді, ниеті түзу, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарап, мойымайтын жан.

Сабыр – адам бойында асыл қасиет. Адамның ұстанымдылығын, инабаттылығын, қаншалықты тәрбие көргенін көрсетеді. Сабырлық ар, ұждан, ынсап негізінен құралған. Осы қасиеттер адам бойында болса, онда ол адам өзін-өзі сыйлайтын, жанындағы адамдарды сыйлайтын азамат. Сабырлылық өз ісінің пәктігіне сенімді, ниеті түзу, тағдырдың бір құдайдан екендігіне сенетін, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарайтын адамға тән қасиет. Ал немқұрайлық және еріншектік сабырлыққа қарама-қарсы қасиеттер. Кейбір келеңсіз оқиғаларда адам өзін-өзі ұстап, сабырлық танытып, үндемей әңгімені аяқтауы керек. Бұл да адамның асыл қасиетінің көрсеткіші, ата-анасының тәрбиесінен, ақылдылығынан туындайды. Сыйлы адам болам десеңіз сабырлы болыңыз, кішіпейіл болыңыз, адамгершілік және мейірімділік қасиеттерін бойыңызға сіңіріңіз. Халық арасында сабырлыққа байланысты айтылатын нақыл сөздер көп. Соның бірі «Сабыр түбі – сары алтын». Өте орынды айтылған. Кез келген қиыншылықта сабыр ету. Бұл қасиетті адам өз бойында қалыптастырса, көп жағдайда жетістікке жетеді. Өз бойымыздан осы қасиетті іздейік, оны жетілдірейік. Сабырлы адам – күш иесі.

Мектеп қабырғасында табандылықты түсіну пән емтихандарына дайындықтан бастау алады. Қандай да қиын пән болмасын төзімділікпен үйренуге, білімін шындауға талпыныс ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, оқушыларды әрдайым жігерлендіретін шаралар ұйымдастырып, өмірдегі қиындықтар мен жеңілдіктердің алма-кезек, уақытша екенін айтып отырған абзал. Табандылық пен төзімділік жетістікке жетелейтін, жол екенін дәлелейтін жағдаяттар туындатып, іс жүзінде көрсету оқушының қабылдауына әрі түсінуіне оңай шешім болмақ.

**9. Отансүйгіштік** – өзінің жеке мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын, терең құрмет пен сүйіспеншілік сезімі. Отансүйгіштік өздігінен қалыптаспайды, ол үшін бірнеше алғышарттар қажет:

–Төл тарихын білу;

Кез-келген мемлекеттің құрылуында өзіндік сыр бар. Сол тарихты терең

меңгерту арқылы Отанның қадірі артады. Өткенмен мақтана алатын ұрпақ тәрбиелеу, болашаққа алаңсыз бойлау.

–Ана тілді ардақтап құрметтеу;

Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет.

– ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қадірлеу;

Б.Момышұлы «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне «көзім жетті» деп жазады.

Бұдан отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт-дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Яғни, салт-дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті.

Бүгінгі таңдағы патриоттық тәрбие жекелеген бағыттарға ғана емес, қоғам құндылықтарына қарай бағыт ұстайды. Өйткені, патриоттық сезімнің нысанасы – Отан, оның мазмұны: туған жер, табиғат, дін, тіл, дәстүр, тарих, әдебиет, өнер. Олар жеке тұлғаны ерекше жылылық, сүйіспеншілік сезіміне баулып, патриоттық сезімнің қайнар көзі болады. Ал, қазақстандық патриотизм дегеніміз – елімізде тұратын ұлт өкілдері, яғни қазақстандықтардың Отанымызға, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілігі. Әрине, Отанды сүю – әркімнің сана-сезіміне байланысты, қасиетті сезім. Бұл сезім әркімді әр кезеңде (яғни әртүрлі жаста) оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық, әлеуметтік институттардың әсерімен қалыптасады. Қазақстанның шынайы патриоттарының басты ісі. Ұлтына, нәсіліне, сенімі мен нанымына, саяси көзқарасы мен ұстаған бағыт-бағдарына тағы басқа ерекшеліктеріне қарамастан, Республикамыздың азаматы өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекетін «Туған елім, Отаным» деп тануы қажет. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттық салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен дінін сыйлау, заңдарына бағыну, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану – қоғамның әрбір мүшесінің басты міндеті. Отанға сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм – тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы-деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игілік. Ол адамның отан игілігі үшін қызмет етуінен қажет болса, сол мақсат жолында ғұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді. Бұл патриотизмді еліміздің әрбір азаматының санасына сіңіру – кезек күттірмейтін мәселе.

Өз Отанының патриоты болу–Қазақстанды жүрегіне ұялату деген сөз[20].

**10. Кішіпейілділік** – жеке адамның жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке басына керек-жарағын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің ғана мүдделеріне қатысы бар жекелеген адамдардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы. Адам – әлеуметтік тіршілік иесі. Осыдан адамның басқалар алдындағы, қоғам алдындағы, табиғат алдындағы

жауапкершілігі, міндет-парызы келіп шығады. Осыны сезіну оны кішіпейіл етеді. Ондай адам өзінің артықшылықтарына пәлендей мән беріп жатпайды, өзінен-өзі солай болуға тиісті нәрсе деп қарайды. Бұл сияқты адамдар көбінесе, шынында да, айтарлықтай артықшылықтары бар адамдар, өз еркімен қоғамға, адамзатқа қызмет істеуге бел бұған кісілер болып келеді. Кішіпейілділік, қарапайымдылық адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез-құлқынан, тәртібінен, сөзінен, киген киімінен де аңғарылып тұрады. Кішіпейілділік өзге адамдарды сыйлаудан, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылықтан, өзінің қызметін дабырлатып марапаттамаудан көрінеді. Ондай адамның сөзі ұстамды келеді. Өзінің сезімін басқаларға білдіруге асықпайды. Қарым-қатынаста тұрақтылық басым болып, аумалы-төкпелілікке жол бермейді. Бірақ мұның бәрі қандай жағдайда да өз пікірін ашық айтуға кедергі келтірмейді. Өйткені, ол өзіне де, өзгеге де жоғары талап қояды. Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады. Кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге дайын тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол – мінез, әлеуметтік мәртебе, көп қошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген [21].

Кішіпейіл адамды қалай тануға болады?

- Өзгелерді құрметпен тыңдай біледі. Сол үшін басқалардың алдында абыройлы. Ол өзін жетілдіру үшін немесе одан әрі шыңдарға жету үшін аянбай еңбек етеді. Жақсылықты үйренуге талпынады. Ал, өркөкірек адам басқалардан ештеңе ала алмайды. Өйткені ол өзін әрқашан биіктемін деп ойлайды.

- Мақтанудан алшақ болады. Мақтаған жерден қашып кетуге дайын тұрады. Қандай игілік жасаса да оны мақтаныш үшін жасамайды.

- Өзінің емес өзгенің қамын ойлайды. Олар «адамдардың абзалы-адамдарға пайдалысы» деген позицияны ұстанады. Кез келген жағдайда өзгенің игілігін қалап тұрады.

Қарапайымдылық – адамның кез келген жағдайда бір қалыпты, ұстамды болу қабілеті. Ол тек қана мінезден байқалмайды. Сөйлеген сөзінен, киген киімінен, жүріс-тұрысынан, өзгелерге қарым-қатынасынан байқалады.

Қарапайымдылықты сақтаудың жолдары:

– Асыра сілтеуден алыс болу;

– Тәкаппарланбау;

– Құштарлықтарды тыя білу;

– Басқалармен қарым-қатынаста адал болу;

Кешірімділік – адам бойындағы жақсы қасиет, пенде біткенге құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарау. Адамгершілік, имандылық сияқты гуманистік ұғымдарға мәндес категория. Адамның оқыс істері мен қоғамға зиянды іс-әрекет жасағаны анықталғанда, оған адами тұрғыдан кеңшілік жасап, залалды істерінің мән-жайын түсіндіру, гуманистік қамқорлық жасау, кеңшілік көрсету – кешірімділік болып табылады.

Кешірімнің көптеген психологиялық техникалары бар болса да, сатқындық жасау, ренжіту, кемсіту, қорлауға қатысты кешірім жасаудың өзіндік қиындықтары бар. Кешірім жасаудың саналылыққа байланысты

екендігіне тоқталады. Бұл орайда әрбір мәселеге саналылықпен қарау орын алған оқиғаға дұрыс баға беруге, тіпті жаныңды ауыртатын сезімнің өзін алғыс түрінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай оқиғаның саналылықпен қарастырылуы адам үшін өмірлік сабақ болуы мүмкін.

Күнделікті тұрмыс-тіршілікте қателесіп, іс-әрекеттерінде жіберген жағымсыз қылықтары үшін де адамға кешірімділік жасалып, оған дұрыс жөн-жосық көрсетіледі. Айыбын мойнына алған, қатесін дұрыс сезініп, оған өкініш білдіретін адамға да кешірімділік жасалады.

Кешірім сұрау – әрбір адамның өзі жіберген қатесін ой-санасымен сезініп мойындауы оның мінезіндегі ерлігі мен батылдығын білдіреді. Кешірімділік – қоғамдағы азаматтардың болашағына сенім артып, оның саналы түрде тәлім-тәрбие алуына қамқорлық көрсетудің көрінісі [18].

Егер жоғарыдағыдай барлық жасалған әрекеттері дұрыс болса, ол адамның жан дүниесінде тыныштық орнайды. Яғни, бұл адамның ішкі жан дүниесі тынышталса, оның отбасында да тыныштық орнайды деген сөз. Егерде отбасымызда тыныштық орнаған болса демек, қоғамымыз да тыныш болды, онда мемлекетімізде де тыныштық орнайды деген сөз.

Тыныштық дегеніміз–жүректі тыңдау. Жүректің үнін сезіне білу–әлемнің мейіріміне бөлену.

**11. Сүйіспеншілік** – адам жанының асыл қасиеті, рухына қанат беретін ең күшті, ең тұрақты, ең ұлы сезім. Сүйіспеншілік өзін-өзі өзгелерді тануға жетелеп, сыйлауға негіз болады және Отанды елді құрметтеуге үйретеді, табиғаттың сұлулығын сезіндіреді. Сүйіспеншілік тұтас бір ұғым болғанымен де, оны танытудың көптеген түрлері кездесіп жатады. Мысалы, өзімшіл сүйіспеншілік, өзара сүйіспеншілік және ең бастысы риясыз сүйіспеншілік.

Өзімшіл сүйіспеншілік – қарым-қатынас құрудың басты кілтін құрайтын сезім. Сүйіспеншілікті сезінген адамда қызығушылық, тануға талпыныс, ізденушілік, тіршіліктің көзі пайда болады. Сүйіспеншілік танытқан жаратылысты тануға, жан-жақты зерттеуге алады. Таныған сайын оған мейірімі артып, қамқорлықпен қарайды. Бұл адамзатты өмір сүруге құлшындыратын құбылыс. Сүйіспеншілік тек қана адамдар арасында емес, жан-жануарға, табиғатқа, құбылысқа, деген сүйіспеншілік те болады. Себебі адамзаттың жаратылысы мейірімге, сүйіспеншілікпен орнаған қарым-қатынасқа мұқтаж жаратылған, яғни, өзара сүйіспеншілік мейірімді, мейірім қамқорлықты туғызады.

Риясыз сүйіспеншілік–күллі тіршілікке, болмысқа, адамзатқа ештеңе қажетсінбестен, қайтарымын сұрамастан сүю.

Шынайы сүйіспеншілікке қол жеткізген адам нұр шуағын шашқан күн сияқты. Ештеңе қажетсінбестен, қайтарымын сұрамастан, барлығына бірдей көмектесіп, қол ұшын беруін айтамыз.

Мейірімділік – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды

қасиеттің бірі болып саналады. “Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады” (Шәкарім). Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж.Баласағұн “кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең — мейірімділік көресің” деп, мейірімділікке зор мән берген [18].

Мейірімділікті жүрекке ұялату үшін:

-Өзгені жан-жақты тануға тырысу. Бұл эмпатия құру арқылы іске асады.

-Қайтарамын күтпестен сүйе білу маңызды.

-Мұқтаж жағдайда ғана қамқорлық пен жанашырлық таныту. Себебі, қажеттіліксіз көрсетілген қамқорлық кері әсерін тигізеді, жағымсыз қасиеттердің пайда болуына себепші болады.

-Қамқорлықпен жасаған игі істерін ұмытпау, ешкімге міндетсінбеу.

Мұғалім оқушыға мейірімділік көрсеткенде шектен тыс шықпағаны абзал. Мейірімге мұқтаж оқушыларды анықтап, жеке жұмыс жүргізгені, баланың болшағына оң әсер етеді. Ата-анадан мейірімді аз көретін бала, оны сырттан іздейтіні ұмытпаған жөн. Сондықтан жақсы ұстаздың басты міндеті: оқушылардың барлық қажеттіліктерін ескеру және соған сай шараларды ұйымдастыру.

Сүйіспеншілікті қалыптастырудың 5 кілті.

#### 1. Stop to Help

Күнделікті қарбалас отбасылық, қоғамдық және жұмыс орнындағы қарым-қатынастарды оңай ұмыттырады. Отбасы мүшелеріңіз, көршілеріңіз және әріптестеріңіздің мұқтаждықтарын дер кезінде байқап, көмек қолын соза алу үшін, олармен түсінісуді, қарым-қатынасыңызды ең бірінші орынға қойыңыз. Тұрмыстағы әдеттеріңізді және қаржыныызды басқаларға пайдаңыз бен уақытыңыз жететіндей ұйымдастырыңыз. Қолыңыздан келіп, шаманыз жетіп тұрған сәтте міндетті түрде көмектеседі.

#### 2. Мұқият тыңда.

Өзгелердің қажеттіліктерін, қайғы-қасіретін және қорқыныштарын түсінуге тырсыңыз. Жағдайын білу үшін қосымша сұрақтар қойыңыз. Мәселені анықтап, ортаға салып, қиындықтан шығу жолын бірге талқылаңыз.

#### 3. Өз міндеттеріңді орындаңыз.

Өз міндеттеріңізді анықтап, тиісті әрекет етіңіз. Кей жағдайлар тек қана адамдардың көмегімен немесе нақты бір жолмен шешіледі. Егер сіздің қадағалауыңыздағы біреу нұсқаулықты түсінбесе, қарым-қатынас жасаудың жаңаша тәсілін анықтаңыз, ол адамға басқаша ыңғай жасаңыз.

Егер әріптесіңіз өзіңіз отбасылық қиындықтарына шағымданса, сол сәтте шынайы жанашырлық көрсетіп, жақсы кеңесшіні табуға көмектесу керек. Егер әріптестер арасында кикілжің туындаса, араға уақыт салмай оларды татуластыруға тырысып, мәселені жоюға атсалысыңыз. Аталмыш жағдайдағы жауапкершілігіңіздің маңызын бағамдай отырып, басқа адамдарға қаншалықты пайдалы бола алатындығыңызды анықтаңыз.

#### 4. Қызығушылық танытыңыз.

Өзіңіздің үйіңізде, көршілермен сөйлескенде, жағдайлар төмен,

мұқтаждары бар жандарға көмек көрсету арқылы немесе т.б. мүмкіндіктер арқылы басқа адамдардың өміріне қатысыңыз. Ауру-сырқау, мүмкіндігі шектеулі жандар – ерекше қамқорлыққа мұқтаж. Сүйіспеншілік пен мейірімділік тек қана жанға рахат сыйлайтын сезімге ғана емес, сонымен қатар өзгелерге пайдасын тигізуге деген ұмтылысқа байланысты. сіз өзіңіздің кімдерге жауапты екеніңізді түсінгеннен кейін, сол қиын жолда бірге жүріңіз.

#### 5. Жараларын емдеңіз.

Емдеу үдерісі уақытты талап етеді және кейбір нәрселер ешқашан бірдей болып шықпауы мүмкін. Сіз өз қолыңыздан келетін ісіңізді тапқаннан соң, сол жақсылықты, кішігірім болса да, тұрақты жасап тұрыңыз. Сүйіспеншіліктің өзгелердің мәселесін «түбегейлі шешу» деген сөз емес екенін түсінесіз. Сүйіспеншілік дегеніміз – нәтижесі қандай болса да, басқаларға қол ұшын беруге тырысу, көмекке даяр болу.

**12. Жомарттық** – адам бойындағы ізгі қасиет. Абайдың 38-қара сөзінде мәрттіктің үш сипаты айтылады. Олар: шындық (сидық), ақ пейілділік (кәрәм), даналық (ғақыл). Осы үш сипаттан тағы үш түсінік тарайды: шындықтан әділет, ақпейілділіктен шапағат, даналықтан (ғақылдан) ақиқат мағлұм болмақ. Бойында осындай қасиеттері бар жан жомарт аталса, оның жасаған істері жомарттық деп аталады.

Қайырымдылық – жомарттың негізгі өзегі. Өзін өзі насихаттау үшін жасалған қайырымдылық жомарттыққа жатпайды. “Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас” деген қазақ мақалы осыны айғақтайды. Қайырымдылық мәнін оны жасаған адам емес, сол қайырымдылықтың игілігін көрген адам түйсінуі керек. Сондықтан да жомарттық жасау рухсыз адамның қолынан келмейді. Біріншіден, ізгі іс биік рухты талап етеді. Екіншіден, жомарт жан қолындағы байлықты тек таратып беруші ғана емес, сол байлықты жасаушы да болғаны жөн. Барды үлестіріп беру үшін барлықтың мәнін түсіну керек.

Жомарт адам магнит сияқты, адамдарды өзіне тартады, сенімділік пен ынтымақтастыққа деген ұмтылысты тудырады. Тек мына үш жағдайды ескергенде ғана шынайы жомарттық іске асады:

Алғашқы шарты-жомарттық жасап жатырмын деп ойламау;

Екінші шарты – шыдамды болу;

Үшінші шарты –ешқандай күмәнданбау.

Сондай-ақ, жомарттық ризашылықпен ерікті түрде жүзеге асуы керек. Біреудің қинауымен немесе жалынып сұрап алу жомарттыққа жатпайды. Жасаған жақсылығы үшін мақтанышқа ілеспей, мадақ күтпеу де аса бағалы қасиет. Жәрдем еткен кісіні ренжітпеу,намысына тимеу өте маңызды. Шарт ретінде жасаған жомарттығының қадірін жоғалтпайды.Жомарттық бір сөзбен айтқанда көркем мінезділік. Жомарттықты үлкендерінен көріп өскен ұрпақ, бұл құндылықтан өз несібесін алары хақ. Сол себепті ұстазының жомарттығын көрген оқушы міндетті түрде басқаларына да қолынан келген жақсылығын жасауға ұмтылады.Мұғалімнің оқушысына деген ең үлкен жомарттығы білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етуі,әрбір оқушыға көңіл бөліп мақсатқа жетелеуі,басқаларының қамы үшін өзін үнемі жетілдіріп отыруы десек қате болмас.

Жомарттықты қалыптастырудың 5 жолы

1. Ресурстарыңызды дұрыс басқарыңыз.

Адамның активтері осы тұлғаның осы активтерді қалай басқаратыны сияқты маңызды емес. Жомарттығыңыз сіздің қазіргі міндеттеріңізді орындау қаібетіңізге және мүлкіңізді дұрыс қолдануыңызға байланысты. дүниеңізді мұқият басқара отырып, жомарттық қасиетіңізді арттырыңыз.

2. Мұқтаждықты анықтаңыз.

Жомарттықтың басты идеясы – бұл достық арқылы өзгелердің қиындықтарын түсінетін жүрек. Жомарттық – көп дүние беруден гөрі, мұқтаж адаммен ауыртпалықты бөлісу арқылы анықталады.

Қайырымдылық ұйымдар ресурстық қорларын біріктіріп, адамдарға одан әрі жетілуге мүмкіндік береді, бірақ олар әрқашан қажеттіліктердің маңыздылығын түсінулері керек. Және оларды орындау үшін пайдаланылатын әдістердің тиімділігін өлшеуге жауапты болуы керек. Айналаңызда адамдарды тани біліңіз. Олардың қажеттіліктерін, қиындықтары мен армандарын сезіне біліңіз.

3. Ресурстарды тиімді бөліңіз.

Жомарттық қолда бар байлықты, уақытты және мүмкіндікті ең жақсы жолда қолдануды қажет етеді. Бір нәрсенің болмауы жомарт адамдардың бар нәрселермен жомарттық жасауына кедергі жасамайды. Жомарттық бейнесіне сай болыңыз. Бүгінгі күні жасай алатын мүмкіндіктеріңізбен бөлісіңіз. Болашақтағы қажеттіліктеріңізді анықтаңыз. Және дұрыс жоспарлай отырып, оларды орындау үшін әрекет жасаңыз.

4. Көңіл бөліңіз.

Жомарттық ақшамен өлшенбейді, яки статистиканың көмегімен саналмайды. Керісінше, жомарттық сыйлықты өзіңіз қаншалықты ізгі ниетпен беретіңізбен өлшенеді. Жомарт адамдар басқалардан ештеңе талап етпестен мұқтаж адамдарға еркін сыйлайды. Басқа адаммен қарым-қатынасыңыз жомарттықтың қандай дәрежеде екенін анықтайды. Алайда уақытыңыз бен ой-пікіріңізді, қуатыңыз бен мүліктеріңізді беруге дайын болу – жомарттықтың нағыз белгісі. Өзгелерге пайда әкелетін тәсілдерді іздеңіз және оларға еркін қолдау жасаңыз.

5. Басқаларға инвестиция жасаңыз. Жомарттықтың ең тиімді, пайдалы кезі – ол алушы адамның да жетілу мерзімі. Өзгелерге өз-өздерін алға жылжуға мүмкіндік беру арқылы, олардың сенімнің артуына және олардың құнды екеніне сенулеріне септігіңізді тигізесіз. Айналадағыларды жасқы іске талпындырыңыз.

Ежелгі Грекияда Август патша кезінде өмір сүріп, ақындарға ұдайы қамқорлық жасаған Меценат (б.з.б. 74/64 – 8 жыл) есімді адамның құрметіне әлем мәдениеті тарихында меценаттық дәстүр қалыптасқан. Бүгінгі күнгі қазақ ұғымында мұндай іс демеушілік деп те аталады. Бұл түсініктегі жомарттық – қолында байлығы бар азаматтың мұқтаж жандарға жасайтын қайырымдылық көмегі.

**13. Әділдік** — ізгіліктің ірге тасы. “Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ” (Абай). Әділдік уақыт ағынында өзгеріп отырады. Оның алғашқы түріне көне қоғамдағы “жазалаушы әділеттілік” деген жатады. “Қанға – қан,

жанға– жан”, кек алу принциптері ескі санада әділдік саналды. Қылмыс пен жаза, әрекет пен айыптау мәселелері әділдіктің осы түсінігімен түбірлес. Қоғамдағы меншіктік қатынастардың қалыптасуына байланысты жазалаушы әділдіктің орнына оны тепе-теңдік тұрғыдан түсіну алдыңғы қатарға шықты. Қоғамдық байлықты барлығына бірдей үлестіру идеясы әділдік талабына айналды. Бұл ұран желеуімен талай қантөгістер, революциялар, бүліктер жүріп жатты. Әлеуметтік әділетті орнатамыз деген желеумен бір ғасырға жуық коммунистер өз халықтарына бақытсыздық әкелді. Социализм қоғамы “байлық — бұл әділетсіздік, ол кісіні аздырады, адам неғұрлым кедей болса, оның руханилығы жоғарылай түседі” деген жаңсақ пікірді құлаққа құйып келді. Шын мәнісінде, қабілеті мен білігі тең емес адамдарға мүлікті бірдей үлестіріп беру әділетсіздіктің айқын көрінісіне жатады. Мұндай түсінік әлеуметтік енжарлыққа әкеп соғады. Алайда, әлеуметтік теңдік — өркениетті қоғам құрудың басты шарты. Адамдар құдай алдында, әдеп, құқық, заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие [20].

Нарықтық қоғамда “мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі ” деген өмірлік принцип кең етек жайған. Қоғамдық қатынастар әрбір адамның өзіндік мақсатына жету мүмкіндіктерін шектемеуі керек. Әділдіктің басты өлшемі — адам құқықтары теңдігінің жүзеге асуы. “Нәтижелер теңдігі” қоғамдық байлықты өмірде табысқа жете алмаған адамдардың пайдасына қайта бөлуге әкеледі. Бұл экономиканың даму ынталылығын азайтады. Мысалы, дәрігер мен санитардың, профессор мен ассистенттің еңбегін тең бағалау әділетсіздікке жатады. Алайда қоғам мүліктік теңсіздікті тым шарықтатып жібермеуге тырысуы қажет. Қоғам үшін пауперлер мен люмпендердің, кедей адамдардың қатары көбеюі қымбатқа түседі. Ол қоғамдық ынтымақтастық пен тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді [18].

Адамның ойы мен сөзінде алшақтық болмауы үшін қажетті қасиеттің бірі — шыншылдық. Тартысқа түсіп отырған әр мәселенің тоқтамын, төрелігін, байламын шынайы жеткізе білген адамды шыншыл адам дейміз.

Турашыл болу – айтқан сөзі мен жасаған ісі бір, алдау мен екі жүзділіктен ұзақ болып, адамдармен ізгі қарым – қатынаста болу.

Адамның ойы мен істеген ісіне адалдық пен әділдік төрелік етсе, шындық ақиқатқа айналады. Яғни, адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады.

Қорытындылай келе, әділдік кез келген дүниеге объективті қарау болса, шыншылдық соның боямсыз бейнесі, ал турашылдық шындықты мүмкін болған жерде айту. Сол үшін әр адам әділдікті өмірінің басты бағдары етуі тиіс. Күнделікті тұрмыста өмірдің түрлі қиындықтарында көптеген жағдайлардың байыбына зер сала отырып, қандай да болмасын мәселенің анықтығын шындық арқылы шешуге болады. Әділдікті ту етіп, шындықты тура айта білу, адамгершілікті білдіреді. Сондықтан да барлық нәрсе алқымына тығылған сәтте де адамгершілік деген асыл қасиеттерді жоғалтпаған жөн.

**14. Эмпатия** (лат. *empathia*) – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге



адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Эмпатияны алғаш рет АҚШ психологы Э.Титченер (1867 – 1927) зерделеді. Ол философиядағы “ұнату” сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық негіздерін ашып көрсетті. Сол арқылы адамның күйзеліске түсу себептерін ғылыми тұрғыда жүйелеп шықты. Сезімнің адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекшелігі. Эмпатия адамның өзгелер қайғы қасіреті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағанда, оларға жанашырлық білдіріп, солардың ауыр халінің өз басына түскендей көңіл күйде болуы. Эмпатия өзге адамдардың жан дүниесінің сыры мен күй-жайын білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру. Эмпатия айқын көрінісі — идентификация. Бұл адамның өзге адамның психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халде болуы [18].

Көп қырлы тұжырымдама ретінде, эмпатияда көптеген деңгейлер бар.

Эмпатияның бірінші деңгейі – ең төменгі деңгей. Осы деңгейге байланысты адамдар өз-өздеріне бағдарланған, басқа адамдардың ойлары мен сезімдеріне көңіл бөлмейді. Адамдар байланыстарды орнатудағы қиындықтарды сезініп, үлкен беймәлім компанияда ыңғайсыз сезінеді. Мұндай адамдардың эмоционалдық көріністері түсініксіз, сондай-ақ мағынасыз болып көрінеді. Өмір сүру деңгейінің төмендігімен адамдар бірігіп жұмыс істеп, командамен айналысады. Нақты тілді төмен деңгейлі жақтаушылардың өкілдері, сондай-ақ ұтымды шешімдер. Мұндай адамдардың достары аз, ал қолда барлар сезімталдық пен жауаптылыққа емес, айқын ой мен іскерлік қасиеттермен ерекшеленеді. Адамдар осындай адамдарға бірдей жауап береді. Мұндай адамдар өздерін қасіретке ұшыратпағандықтан, иеліктен айырылады. Эмоциялық эмпатияның өте төмен деңгейінде адам сөйлесуді қиындатады, әріптестерінің арасында өзін ұстайды. Балалармен, сондай-ақ қарт адамдармен жиі байланыс жасау өте қиын. Адамдармен қарым-қатынаста, эмпат көбінесе ыңғайсыз жағдайға түседі, көбінесе басқалармен өзара түсініспеушілік тудырмайды, көңіл көтеруді, өнерді жақсы көреді. Ол қатты сынға ұшырайды, бірақ оған жауап бере алмайды.

Эмпатияның екінші деңгейі – ең көп таралған. Адамдардың көпшілігі өзгелердің ойларына және сезімдеріне бей-жай қарамайды, сирек кездесетін жағдайларда тек эмпатияны көрсетеді. Бұл деңгей адамдардың көпшілігіне тән. Қоршаған адамдар оларды қалың қабыршақ деп атамайды, бірақ олар аса сезімтал емес. Мұндай адамдар эмоциялардың көріністерінен хабарсыз, бірақ көп жағдайда олар бәрін бақылауда ұстайды. Хабарламада олар жиі мұқият болып, көптеген нәрселерді түсінуге тырысады, бірақ кейде олар шыдамдылықты жоғалтады. Көбінесе үндемеуді қалайды, өйткені оларға түсінікті болады. Көркем шығармаларды оқып, фильмдерді көргенде, кейіпкерлерге емес, іс-әрекеттерге қызығушылық танытады. Мұндай адамдардың өздерін толық сезінуіне кедергі келтіретін босаңсыған сезімдер тән емес.

Эмпатияның үшінші деңгейі – ең жоғары деңгей. Адамдарда осындай сезім дәрежесі аз. Бұл адамдар өздеріне қарағанда бейтаныс адамдарды жақсы түсінеді. Олардың ішінде шынайы адал достарын бар. Мұндай адамдар басқалардың проблемалары мен қажеттіліктеріне сезімтал, өте жомарт, өте көп кешіре алады. Олар әрқашан адамдарға қызығушылық танытады. Мұндай адамдар эмоционалды түрде жауап береді, тез байланыста, өте қызықты. Әріптестер мен басқалар бұл шынайылықты бағалайды. Үшінші деңгейдегі адамдар өздерінің жанашырлықтарына жол бермейді және әрқашан ымырашылдық шешімдерді табады, сынға лайықты түрде шығады. Жағдайды бағалау кезінде олар өз сезімдеріне көбірек сенеді және түйсігі болады. Олар бір емес, командамен жұмыс істегісі келеді. Үшінші деңгейлі адамдар үнемі өз іс-әрекеттерін әлеуметтік мақұлдауын қалайды. Дегенмен, мұндай адамдар әрдайым мұқият бола қоймайды, сонымен бірге мұқият жұмыс жасайды. Оларға тепе-теңдікті сақтау оңай.

Эмпатияны дұрыс қолданудың маңыздылығы.

Айталық, оқушы математика сабағында тақырыпты түсінбейді. Пәнді жек көретінін айтады. Әдетте, мұндай қиындыққа тап болған мұғалімдер оқушыға жөн сілтеп, зейін қойып тыңдаса, тақырыпты меңгеретінін алға тартады. Алайда, бұл мәселенің шешімі емес. Себебі оқушы ары қарай қандай қадамдар жасау керектігін білмегендіктен, тұйықтала бастайды. Бұл жағдайда мұғалімнің әрекеті, керісінше оқушының жан-дүниесіне үңілу арқылы, негізгі проблемаларды анықтау. Оқушының не сезінетіні маңызды емес. Оны түсінетіндігін көрсету маңызды. Эмпатия дұрыс көрсетуге көмектесетін нақты әдіс эмпатиялық тыңдау деп аталады.

Эмпатиялық немесе белсенді тыңдау – басқа адамның ішкі әлемімен байланыс орнатуға көмектесетін әдіс. Оқушыны мұқият тыңдай білу, өз тарапынан қолдау көрсету өте маңызды. Сондай-ақ сұхбаттасқанда оқушының көзіне қарау өте маңызды. Оқушымен бір мезгілде басқа жұмыстар атқарып отырып тыңдау – әдепсіздік.

Эмпатияны тиімді көрсету керемет нәтижеге әкеледі. Бала тек қана өзгермейді, сонымен қатар мұғалімнің де көңілі көтеріледі.

**15. Қанағат, қанағатшылық** – адамның барға риза болуын, місе тұтуын, ынсаптан шықпауын, нәпсіге ермеуін білдіретін ұғым. Қанағат ету – жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеу. Алайда қанағат етуді дұрыс түсіну керек. Бірақ кейде қанағаттың атын жамылып жалқаулыққа салынып жүру көп кездеседі.

Қолда барға риза болу деген мүмкіндіктің бәрін барынша қолданып, талпынысқа басқа амал қалмағанда көрсететін әрекет. Яғни ерінбей еңбектеніп, мақсатына жетуге бар күшін салғаннан кейін қол жеткізген жағдайына ризашылықпен қарау, қабылдау деген мағынаны білдіреді. Осындай амалдан кейін көрсеткен қанағатшылық адамды бақыта жетелейді. Әрбір таңның шуағынан ләззат алады.

Аталмыш құндылықты бойына сіңірген жандар өздерін бақытты, көңілдерін жайлы сезінеді. Дана кісілер балаларына «байлық тілесен – қанағат тіле, Себебі ол – ешқашан таусылмайтын байлық» деп өсиет қалдырған.

Қанағатсыз адамға бір тау алтын берсе де, ол тағы бір тау алтынды қалайды. Қанағатсыздық ысырапшылдыққа әкеп соғады. Ысырап –өмірдің ырысы мен берекесін қашыратын әрекет. Себебі ол көзтоймаушылыққа, менмендікке, өзімшілдікке, асыра сілтеуге өзін жоғары санауға не болмаса басқаларын менсінбеушілікке жол ашады. Тізбектелген бұл жаман қасиеттерден арылу оңай жұмыс емес. Сондықтан ысырапшылдықтан әлдеқайда алыс болу, өмірлік мақсатқа ену қажет.

Мектепте қанағат құндылығын насихаттауды алғыс айтудан бастауға болады. Әсіресе өскелең жасөспірімнің өз өміріне риза болуына талпындыру қазіргі таңда маңызды әрекет болмақ. Өн бойындағы жағымды қасиеттерінің артықшылығын сезіндіру кейбір оқушылардың өмірге деген талпынысын арттырса, кейбір оқушылар үшін қайырымдылық шараларының негізінде оқушылар ысырапшылдықтың алдын алу көзделген дұрыс.

Алайда қанағат етуді дұрыс түсіну керек. Бұл өзін-өзі тежеу немесе тоқтату емес. Еңбекқорлыққа қарма-қайшы әрекет емес. Бұл жүректің және ой-сананың халі. Яғни, адам өзі өте еңбекқор һәм қанағатшыл бола алады. Ал қанағатсыз адам жалқаулықты жақын тартады. Қанағатсыздықтың белгісі ретінде көбінесе адамның «Неге бұл аз? Осы ғана ма?» деген сияқты сөздеріне қарап білуге болады.

Біз жүректегі сезімді қалай білдіре аламыз? Әрине, ең бірінші ойға рахмет айту келеді. Оған қоса, өзіне жасалған жақсылықты ұмытпау және еске алу. Таңғаларлық бір нәрсе, қанағатсыздық көрсетіп, шектен шыққан адамға ілтипат азаяды.

Мектепте қанағат құндылығын насихаттауды алғыс айтудан бастауға болады. Әсіресе өскелең ұрпақтың өз өміріне риза болуына талпындыру қазіргі таңда маңызды әрекет болмақ. Өн бойындағы жағымды қасиеттердің артықшылығын сезіндіру кейбір оқушылардың өмірге талпынысын арттырса, кейбір оқушылар үшін қайырымдылық шараларының негізінде ысырапшылдықтың алдын алу көзделген дұрыс.

**16. Тазалық** – бұл кірдің, шаңның, дақтардың, жаман иістер мен қоқыстардың болмауы, нәрсенің бастапқы күйінде болуы. Көзге көрінетін және көрінбейтін ластықтан арылу. Тазалықтың сыртқы және ішкі екі түрі болады. сыртқы тазалық – физикалық дененің және қоршаған ортаның тазалығы. Ал ішкі тазалық таза, шынайы күйге немесе ішкі болмысқа жатады. Яғни, тіл тазалығынан бастау алып, ой-сана, ішкі жан дүниенің тазалығына жалғасады.

Тән тазалығы мен қоршаған орта тазалығы ой тыныштығын кез-келген кедергі факторлар мен аландаушылықтан алыс қалуын қаматамасыз етеді.

Медицина көқарасында өмір сүру үшін тазалықтың маңызы өте зор. Ластанудың кез-келген түрі инфекцияға әкеп соғады. Инфекцияның түбі ауру мен өлімге апарады.

Ішкі тазалық яғни жан тазалығы – жаман қасиеттерден арылу. Құмарлық, ашкөздік, жеккөрушілік, өзімшілдік пен зұлымдық сияқты қылықтарды тазартқан сайын ақыл-ой өмір сүруден ләззат алады.

Сондай-ақ тіл тазалығы – өмір сүруді жеңілдететін факторлардың бірі.

«Басқа пәле – тілден» екенін халық даналығы дәлелдеп кеткен. Тіл шұбарлығы мен тіл ластығы қарым – қатынастың қадірін түсіретін әрекет. Әдетте адамдар пенде екендігін айтып, осындай үрдістердің өз бойында болғандығын табиғи деп ақталып жатады. Дегенмен адамның ішкі жан тазалығы өзінің де, қоғамның да бақытты өмір сүруіне ықпал етеді.

Тазалық өмірдің негізгі мақсаты емес, бірақ бұл – мақсатқа жетудің кілті. Дененің және ақылдың ластығы мақсатына жетуіне көптеген кедергілер туғызады. Ой кірлілігі адамды негізгі қызметінен алшақтатып, өзіне және айналасындағыларға қауіп төндіреді. Сол себепті тазалықты кең ауқымды ұғым ретінде адамзаттың шынайы құндылығы, мақсатты өмір үшін жоғары бағаланатын қасиет екенін оқушыларға түсіндіру керек. Яғни, тән тазалығы – денсаулық болса, ой тазалығы – ақыл, жан тазалығы – жүрек екенін терең ұғындырғаныңыз абзал.

**17. Денсаулық** – адам организмінің қалыпты жағдайы. Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты адам денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни организмінің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әр түрлі ауруларға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп дамуы, орташа жасы, т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбек ақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының *«Бірінші байлық – денсаулық»*, *«Дені саудың – жаны сау»*, *«Жаны саудың – тәні сау»* деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

**18. Батылдық** — адам бойындағы ержүректікті, еркіндікті, қайсарлықты, турашылдықты, өжеттікті білдіретін жинақтаушы ұғым. Сын сағатта шешім қабылдай алу, қауіп-қатерге қарсы тұра білу, қиындықтан қорықпау әрекеттері батылдықтың көріністері болып табылады. Сондай-ақ, батылдық ішкі жандүниенің кемелдігі, белсенділік, күрескерлік сияқты қасиеттермен тығыз байланысты. Қазақ халқының түсінігінде батылдық — батырлықпен қатар ұғылатын қасиет. Ол ел мүддесімен ұштасатын ерліктің көрінісі ретінде пайымдалады. Батылдық елі мен туған жері үшін күрескен отаншылдықты, қысылғанда топқа түсер өжеттікті, тірліктің тетігін қолдан шығармаған ептілікті байқатады. Батылдық — көзсіздіктің көрінісі емес, сабырлы ақылдың әрекеті. Ол — азаматтықтың, көсемдік пен шешендіктің алғышарттарының бірі.

Батылдық жеке адамның қоғамдық қызметі барысында қалыптасады. Батылдыққа жуық ұғым — сенімділік.

Адамның өзіне деген сенімділігін қалай дамыту керектігі жөнінде айтылады және оқушыларға бірқатар кеңес беріледі. Сенімділік – адамның өзіне сенуіне көмектесетін қасиет. Сенімділік әрдайым жетістікке жеткізбеуі мүмкін, бірақ шешім қабылдауға, әрекет етуге септігін тигізеді. Өз-өзіне сенімсіз адамдар қорқақ келеді. Сол себепті олар жетістікке жете бермейді. Тәуекел етуге шешім қабылдай алмай, сенімсіздік танытады. Сенімділік қасиетін адам бойында ояту үшін төмендегі кеңестерге назар аудару қажет:

- 1) Өзіңізге қарап тұрған адамның көзіне тура қараңыз.
- 2) Өз пікір, идеяларыңызды сақтап, дәлелдеңіз.
- 3) Сәтсіздіктерге көп назар аудармаңыз.
- 4) Қарым-қатынастан қашпаңыз.
- 5) Жұрт алдында сөйлеп үйреніңіз.
- 6) Жаңа нәрсемен айналысыңыз.
- 7) Оптимист болып үйреніңіз.
- 8) Көру бұрышын алмастырыңыз!
- 9) Өзіңізге дұрыс сұрақтар қойыңыз!
- 10) Сіз кәсіби психолог жөнінде ойландыңыз ба?

Батылдық–қауіп-қатерден, кедергілерден жығылып қалудан қорықпай әрекет ететін адамның ұлы қасиеті. Батылдық қазақ халқының түсінігінде, ерлік, жанқиярлықпен қатар жүреді. Батыл емес адамның белгілі бір жетістікке жетуі өте қиын. Ондай адамдар «басқалар менің ісіме не дейді екен, ұятқа қалмаймын ба, дұрыс істемесем күлкіге қаламын ғой» деген сияқты ойлармен жүреді. Ал батыл адамдардың батылдығы – осындай ойлардың қақ ортасынан өтіп шығулары. Қате-кемшіліктерді түзеуге тырысатын, қиыншылықтарға төтеп беретін адамдар батыл келеді. Өздеріңіз білетіндей, істің ең қиын уақыты, сол істің басы, яғни әрекетімізді бастау. Біріне іс бағынбайтын белес секілді қорқынышпен көрінсе, кейбіреулерінің бойын жалқаулық басады. Осы уақытта адамның асыл қасиеті батылдық көмекке келеді. Мысалы: халықтың алдына шығып өнер көрсету үшін ең алдымен батылдық керек. Дәл осы сахнаға шыққан сәтіңізді бірі мазаққа айналдырса, бірі жамандап жатады. Сынға ұшырайтынын біле тұра халықтың алдына шығу – нағыз батылдық.

Батылдық бұл әрекеттермен тоқтап қалмайды. Яғни, батылдық тек қана өзінің мақсатына жеткізетін қасиет емес. Батылдық елі мен туған жері үшін күрескен батырлықты, қиын-қыстау кезеңде топқа түсер ерлікті байқатады. Мәселен, құтқарушыларды күтпестен өрт болған үйден кішкентай екі сәбиді алып шыққан 13 жасар баланы мысалға келтірсек болады. Баланың жасаған ерлігінің арқасында екі адам аман қалды.

Міне екінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен ерлікті сол баланың бойынан көруге болады. Немесе мектепте бір оқушы вазаны абайсызда сындырып алды делік. Соны мұғалімнің сөгісінен қорықпай, шындықты айтып, мойындауы да батылдыққа жатады.

Сондай-ақ, қазақ хандығын құрған Керей, Жәнібек хандарды, Қобыланды, Қабанбай батырларды мысалға келтірсек болады. Батырларымыз ел басына күн туғанда елін, жерін қорғап қаһармандық танытқан.

Батылдық – туа бітті қасиет деу үлкен қателік. Себебі батылдық алмас қылыш секілді. Қылыш–жай ғана темірдің адам төзгісіз ыстықта еріп, көп соққыдан кейін ғана пайда болған қарудың бір түрі. Батылдық та сол сияқты өз-өзімізді алға итермелеу, сындарға төтеп беру арқылы шыңдалады. Қорытындылай келе, қазіргі заманда батыл болғыңыз келсе, ең бірінші іштегі қорқынышты жеңіп, өзіңізді бар болған күйде көрсетіңіз. Әлсіздерге қорған болудың өзі ерлік.

Батыл болудың бес кілті. Достық принциптері.

Тыңдалымға ие болу. Сенімділікті орнықтыру уақытты талап етеді. Өзіңіз өзгеден күтетін қасиеттерге сай болыңыз. Сәтсіздікке ұшырағанда өз қателігіңізді мойындап, тура жолға оралу арқылы өз арыңызды таза ұстаңыз. Кез келген нәрсені жеке бас пайдаңыз үшін немесе түр көрсету үшін емес, дұрыс болғаны үшін жасаңыз.

1. Шындықты білу. Батылдық – шындыққа деген айқын көзқарас пен ненің дұрыс екендігін нақты ажыратудан туындайды. Кейде көптеген идеялардың дұрыс көрінуі мүмкін, бірақ батыл адамдар ғана шындықтың анық-қанығына көз жеткізу үшін дәлелдерді зерттейді. Қателіктердің болу мүмкіндігін басшылыққа алып, тек шындықты іздеңіз.

2. Дұрыс болғанды қорғау. Қаншалықты белең алған жағдай болмаса да, батылдық қателікке қарсы тұрады. Егер ешбір шара қолданбайтын болсаңыз, бір нәрсе туралы қаншалықты білетініңіздің маңызы жоқ. Бір топ адамның жасап жатқан іс-әрекеттерінде бір гәп барын білсеңіз, олардың артынан еріп кетуге өз-өзіңізге жол беруші болмаңыз. Сондай-ақ, өміріңізге кездесетін қате көзқарастарға, әрекеттер мен идеяларға қарсы тұрып, өзгелерді мінсіздік пен жетістікке шақырыңыз.

3. Өзгелерге көмек қолын ұсыну. Дұрыс екендігін білетіндер мен осал адамдар үшін сөйлеп және оның қарымтасына ештеңе күтпеңіз. «Басқаның мәселесі» деу арқылы мәселелерге бейжайлылық танытпаңыз. Басқа көқарастарыңыз бірдей болмаса да, маңызды сұрақ туындағанда шеше алатын жандармен бірге болу. Өртүрлі жағдайда өзіңізге қандай жауапкершілік ала алатыңызды анықтаңыз және әділдік үшін күресіп жүргендерге қолдау көрсетіңіз.

4. Кішіпейілділікпен сөйлеу. Батыл адамдар әрқашан кішіпейілділікпен сөйлейді. Себебі, олардың өз пікірі немесе жоспарларының емес, шындықты білуі маңызды екенін жақсы түсінеді. Дәлелдер келтіріп, әділеттілікті қорғаңыз және дұрыс болғанды жасап, басқалардың тура жолға келуіне себепкер болыңыз.

Әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына қосылуы үшін алдымен мәдениетімізді заманымызға үндестігін ескеруіміз керек. Біздің ішкі мәдениетіміз күнделікті қарым-қатынасымыздан көрінеді. Амандық сұраудан басталатын ұлттық менталитетіміз жаһандық ортаға түсінікті болғаны дұрыс. Ән әлеміндегі жарық жұлдызымыз Димаш дүниежүзіне мәдениетімізді

таныстыруда шексіз үлес қосып келеді. Димаштың ғажайып үніне елтіген жер планетасының тұрғындары қазақ халқының мәдениетімен, тілімен танысуға құштарлығы артты. Руханият дүниесінің алмасу сәті соққанда біздің мәдениетіміз кежірлік танытпай, шетелдіктердің жүрегіне жол табуы тиіс.

Әдістемелік ұсыным жаңғыру жағдайындағы жас ұрпақтың әлемдік рухани адамгершілік қатынастарды меңгеруіне көмектесеміз. Мектеп қабырғасында меңгерген құндылықтарды үлкен өмірде қолданатын, қоғамда адамзатты діні мен тіліне, жынысына, түрлі көзқарасына төзімді толерантты тұлға болуға тәрбиелейді. Сонымен қатар, жаһандық әлеммен қабыспайтын дағдылар мен әдеттерден сақтандырады. Қоғамдық орындарда дұрыс-әрекет жасап, рухани құндылықтарды тиімді қолданатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етеді.

### **3 Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы оқу үдерісінің тәрбие беру әлеуетін жүзеге асыру**

Жаһандану жағдайында заманауи қоғамдық сана қалыптастыратын он сегіз құндылықты жаратылыстану және математикалық бағыттағы оқу пәндерінде кіріктіріп үйретуді ұсынамыз. Пән бойынша тақырыптардың мазмұнын ашуға құндылықтарды кіріктіріп, оны меңгертудің тың әдіс-тәсілдерін ашып көрсетеміз. Әрбір құндылық айы аяқталғанда білім алушылардың құндылық туралы түсінік деңгейін анықтайтын тапсырмалар қоса берілген. Бұл құндылықтарды мұғалім әр түрлі әдіспен түсіндіреді. Ең бастысы білім алушының бойынша құндылықтардың қалыптасуы болып табылады.

Құндылықтарды қалыптастыруда рөлдік ойындардың маңызы зор. Рөлдік ойындар әдісінің негізгі қатысушылардың басқа адам кейпіне (рөліне) еніп, соның ішінде әрекет етуінен тұрады. Рөлдік ойындар оқушылардың бір-біріне мейірбандықпен қарап, түсіну дағдысын дамытады. Басқа біреудің рөлін ойнағанда, оның көзқарасы, ойы мен сезімдерін түсіну жеңілге түседі. Сонымен қатар бұл әдіс сыни ойлауды күшейтіп, шешім қабылдауға және өз көзқарасыңды қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар түрлі тренингтер мен іс-шаралар өткізудің де маңызы зор. Төмендегі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып құндылықтарды жекелеген пәндерге кіріктіріп оқыта аламыз. Сабақтарда тақырыптық тәмсілдер мен әңгімелерді кіріктіріп қолданудың маңызы зор.

Қосымша №1. Құндылықтар бойынша тақырыптық тәмсілдер мен әңгімелер.

Тәмсілдер – жас ұрпаққа аға буынның даналығы мен өшпес өнегесін жеткізудің тамаша үлгісі, сүбелі жолдарының бірі. Олардың өзіне тән басты ерекшелігі – көлемінің шағындығында, қолға ұстатқандай ой байламының берік, тұжырымды болуында. Тәмсілдер де ертегі секілді оқиғаға құрылады, бірақ мағынасы одан тереңірек келеді. Құндылығы жағынан халықтық мақал-мәтелдерге жақын болып келеді [22].

#### **Ынтымақтастық.**

«Игілік басы –ынтымақ, ынтымақты елде күн шуақ». Мақал.

Ынтымақтастық құндылығына ынтымақ, достық, бауырмалдық құндылықтары топтасады. Бұл құндылықтар тәрбиенің мынадай бағыттарын қамтиды; рухани-адамгершілік, отбасы, ұлттық, көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

Үлгі сабақтың тақырыбы: Достық.

Пәннің аты: Қоғамтану және өзін-өзі тану әдістемесі

Құндылық: Дұрыс әрекет

Өзектілігі: Дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға махаббат, сүйіспеншілік ұғымдарының құндылық ретінде мәнін ашу.

Білімділік: достық ұғымының адам өміріндегі мәнін түсіндіру;



Дамытушылық: тұлғааралық қатынастарда сүйіспеншілік қарым-қатынастарын дамыту;

Тәрбиелілік: білім алушыларды өз Отанына, ата-анасын, дос-құрбысын сүйуге тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Білімді бекіту сабағы

Сабақтың түрі: Тәжірибелік сабақ

Сабақтың әдіс-тәсілдері: тірек сызбалар арқылы түсіндіру, сұрақ-жауап

Пәнаралық байланыс: Өзін-өзі тану, қазақ әдебиеті т.б.

Ресурстар: (материалдар, көздері) ғылыми зерттеулер, мерзімді басылымдар, оқулық.

Сабақтың барысы:

Сыртқы интеграция (Өзін-өзі тану сабағының әдістемелік тәсілдерін қолдану)

Ішкі интеграция (жалпыадамзаттық құндылықтарды сабақ мазмұнына интеграциялау)

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу, түгендеу, сабаққа қажетті құрал-жабдықтарды дайындау.

2. Білім алушылардың сабаққа толық қатысуын тексеру және

зейіндерін сабаққа аудару.

1-әрекет. Ұжымдық жұмыс: Тыныс алуға зейін қою

Мұғалім: - түзу отырыңыздар, қол мен аяқты айқастырмаңыздар. Біз қазір тыныс алуға жаттығу жасаймыз. Біз тыныс алуға шоғырланған кезде біздің санамыз тынышталады. Тынысты ішке тартқанда біз өзімізге тыныштық пен қуанышты жинаймыз. Тынысты сыртқа шығарғанда біз барлық мазасыздықты сыртқа шығарамыз.

Ал енді дайындаламыз, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамыз тік..., қолды тізе үстіне қоюға болады.

Тынысты ішке тартамыз... сыртқа шығарамыз (9-10 рет жайлап)

2-әрекет. Алған әсерлерімен бөлісу.

Үй тапсырмасын сұрау:

«Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты мен міндеттері

3-әрекет

Дәйексөзді талдау.

Доссыз өмір – тұзсыз ас

III. Жана сабақ материалын меңгерту кезеңі

Жоспары:

Достық құндылығы туралы түсінік.

Достық – бірліктің кілті.

Мәтінмен жұмыс «Екі дос» ел аузынан.

Ертеде, ел арасында жаугершілік жиі болған кезде қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады. Бірде әскерлер бір өзеннің бойына шатыр тігіп дамылдайды. Сонда тұтқиылдан жаудың қаптаған қалың тобы шабуыл жасайды. Тонаған мал-мүліктерін тиеп кетеді. Қолға түскен қазақ жасағын айдап әкетеді.

Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түскенін естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына алып баруын өтінеді. Алып барған соң ол жаудың қолбасына:

-Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа берер мал-мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол — өзімнің өмірім. Досымды босатсаңдар, ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім,- дейді.

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да: -Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болды,- дейді.

-Ол не?-деп сұрайды досын құтқаруға келген жігіт.

-Маған сенің көздерің керек,- дейді қолбасы.

-Ол да болсын, көзімді ал да, досымды босат,- дейді жігіт. Ол бұл сыннан тоқтаусыз өтеді.

Әлгі жауынгер тұтқыннан босанған досының иығына қолын артып, зағип күйі қуана күлімдеп келе жатады. Мұны көрген жаудың қолбасшысы: «Мұндай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу өте қиынға соғар», - деп түйеді. Сөйтіп өзінің әскерлеріне шегінуге бұйрық берген екен.

*Сұрақтар:*

Адал достық дегенде нені түсінесіңдер?

Аңыз-әңгімедегі жауынгерлердің достығы адал достыққа жата ма?

Неліктен?

Сендердің де адал достарың бар ма?

Олардың адалдығын қай іс-әрекеттерінен байқадыңдар?

Жаңа сабақ шығармашылық жұмыс негізінде жүреді.

Шығармашылық жұмыстар:

«Адал достық» шыңына шығу

Шыңға шығу үшін топтан бір студент таңдап, оның тапсырмаларын орындаймыз.

3-топқа бөлінеміз.

Әр топ өз атына сәйкес әрекеттер жасауы тиіс. Мына жалаушаны өздерің берген жауаптарың бойынша жылжытып отырасыңдар.

1.Талап тобы:

Олар адал дос болу үшін басқа оқушыларға талап қояды.

Мысалы:

*Адал дос болғаның дұрыс.*

*Адал дос болуда шыдамдылық танытқаның жөн.*

*Досыңа берік болуға тырыс.*

2.Ақыл тобы:

Олар адал дос болу үшін басқа оқушыларға ақылдарын айтады.

Менің ақылым: досыңа адал болсаң мақсатыңа жетерсің

Менің ақылым: досыңа жасаған жақсылығыңды міндет етпе

Менің ақылым: әрқашан да осыңа сыйлы бол

3.Ой тобы:

Олар адал дос болу үшін барлық оқушыларға өз ойларын айтады.

Менің ойым: нағыз адал дос болып қалыптасу.

Менің ойым: досыңның ісіне жауапкершілікпен қарау.

Менің ойым: өзімді, досымды сыйлау.

Адал достық шыңына да шықтық. Барлық достар бір-біріне адал болсын!

Дос туралы қандай ән білесіңдер? Қане, шырқап берейікші.

(оқушылар өздерінің дос туралы шығарған өлеңдерін, әндерін айтып береді.)

IV. Сабақты бекіту кезеңі.

Тапсырма: «Адал достар» тақырыбындағы әңгімені жалғастырып жазыңдар.

Айдар мен Ақан кішкентайынан дос. Екеуі бір-бірінен ешнәрсені жасырып көрген емес. Екеуі бірге ойнайды, бірге сабаққа дайындалады, үйдегі жұмыстарын да бірлесе істейді. Күшіктерін ертіп, екі үйдің бұзауларын көк шөпке жаюға ауылдың сыртына барады. Арасында өздері күшіктерімен біраз ойнап та алады.

Осындай күндердің бірінде олардың бұзауларына түлкі келді. Күшіктері арс-арс үріп, Айдар мен Ақанның артына тығылуда.....

V. Қорытынды. Кері байланыс

1.Не білемін?

2.Нені білдім?

3. Нені білгім келеді?

VI. Үйге тапсырма беру

«Махаббат - өмірдің тірегі» ЭССЕ жазу

VII. Бағалау

Білім алушылардың білімі мен белсенділіктерін бағалау критерийлері:

Үй тапсырмасын орындауы. Сабаққа араласуы. Қосымша сұраққа жауап беруі

«Жан Досым» әнін барлық оқушылар орындайды [22].

Ынтымақтастық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Ынтымақтастық ұғымын сипаттайтын қасиеттерді түсінеді;

2. Бауырмалдық, достық қарым-қатынасты меңгереді;

3. Мектеп ішінде ынтымақтастық атмосферасы орнайды.

**Құрмет.**

«Өзгеге жасаған ізеттің-өзіңе жасаған құрметің». (Халық даналығы).

Құрмет құндылығына Отанға, өзіңе, басқаларға, ата-анаға, қоршаған ортаға деген құндылықтар топтасады.

Бұл құндылықтар тәрбиенің мынадай бағыттарын қамтиды; қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие, көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде тренинг жүргізу.

«Тыныштық сәті» Су асты патшалығына саяхат.

Көзіңді жұмып, терең дем ал, дененді босат. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз. Артқы фонда теңіз шуылы мен құстар дауысы естіледі. Мұғалім сөзі: -Теңіз жағасымен келе жатқаныңды елестет. Толқындардың жеңіл шалпылына, шағалалардың шуылына құлақ түр. Жалаң аяқтарыңмен құмды сезін. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсың: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндің. Ол сені теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті екен, сені шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отыр, мықтап ұстап, жолға шықтыңдар. Дельфиннің арқасында жайланып отырып, өзіңді қауіпсіз сезін, су астында жүзу қандай керемет. Жан-жағына қара: мұнда кемпірқосақ тәрізді арлы-берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама ғажайып балдырлар. Қарашы, қандай орасан зор әдемі балықтар. Су асты неткен қызықты әрі ғажап әлем. Сен бір нәрсені байқадың ба? Мұнда неткен тұңғыш, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде бол (бірнеше секунд үнсіз қалады) [22].

Ал қазір жоғарыға, өз әлемімізге кері қайтуға дайындал. Айналаға жақсылып қара. Ғажап түстерге тағы бір рет қара және тыныштыққа құлақ түр. Осындай тыныштық саған самалдай әсер береді. Енді дельфин кері қарай жолға шықты. Сіз су бетіне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннің арқасынан түсіңіз, оны сипалаңыз және осындай ғажап саяхатқа апарғаны үшін ризашылық білдіріңіз.

Сыныпқа оралыңыз және өз орныңызға келіңіз. Бірнеше секундтан соң көзіңізді ашыңыз, осы түйсінген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз.

«Бес жылы сөз» жаттығуы.

Қатысушылар бес адамнан шағын топтарға бөлінеді және мынадай нұсқау алады: «Сендердің әрқайсыларың өз қолдарыңды қағаз бетіне сызып саласыңдар және алақанның ішіне өз есімдеріңді жазу керексіңдер. Содан кейін өз парақтарыңды оң жақтағы көршіге бересіңдер, ал өздерің сол жақтағы көршінің суретін аласыңдар. Қолыңа түскен бөтен алақан саусақтарының біріне, сендердің пікірлеріңше, оның иесінің қандай да бір тартымды қасиетін жазасыңдар, мысалы, «Сен өте мейірімдісің», «Сен үнемі әлсіздерді қорғайсың», «Маған сенің өлеңдерің қатты ұнайды» және т.б. Келесі адам басқа саусаққа жазба жасайды, осылайша парақ иесіне қайтып келгенше әрі қарай жалғаса береді. Жаттығуды жалғастыруға болады. Барлық жазбалар жасалған кезде, жүргізуші суреттерді жинайды, «комплименттерді» оқиды, ал топ олардың кімге арналғанын табуы тиіс. Жаттығудың соңында қатысушылар өз алақандары бар парақтарды алады.

Талқылауға арналған сұрақтар: – Өз алақаныңа жазылған жазбаларды оқығанда, сен қандай сезімде болдың? – Басқалар жазған, сенің жақсы қасиеттерің туралы сен бұрыннан білетін бе едің?

«Мен қандаймын?» жаттығуы.

Әрбір қатысушы бланк алады. Бірінші бағанда қатысушы «Мен қандаймын?» деген сұраққа 5 жауап береді. Екінші бағанда «Мен жақын адамның ойынша қандаймын?» деген сұраққа 5 жауап жазады. Үшінші бағанда әрбір қатысушы осы сұраққа жауаптарды, оның пікірі бойынша, оның сол

жағында отырған адам ол туралы не айтуы мүмкін екендігін жазады. Жазбалар мүмкіндігінше тез жасалуы керек. Содан кейін қатысушылар өз парақтарын, олардың жауаптары көрінбейтіндей етіп орап, оларды сол жақтағы көршісіне береді. Осылайша, әрбір қатысушы оң жағындағы көршісінен парақты алады. Бұл парақтағы бос бағанда ол оған өзінің 5 сипаттамасын беруі тиіс. Содан кейін жүргізуші парақтарды жинап, оларды араластырады. Соңғы бағаннан сипаттамалар кезек-кезек оқылады, ал топ әңгіме кім туралы айтылып жатқанын табу керек. Содан кейін топ осы портретпен қаншалықты келісетіні талқыланады. Соңында, парақтар қатысушыларға қайтарылады және олар барлық төрт жауап жинағын салыстырады, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын талдайды.

Сабақтың рефлексиясы – Осы сабақта сендерге өздерің туралы жаңа, бұрын білмеген жақтарыңды білу мүмкін болды ма? – Сендер өздеріңді қаншалықты жақсы білесіңдер?

«Көңіл-күйді анықтау»

Сабақ басында оқушылар бір параққа өзінің көңіл-күйін келтіретін сурет (немесе смайлик) салады: суретте олар адамның бет-әлпетін келтіру керек (мәселен, күліп немесе езу тартып тұрған, қабағын түйіп тұрған, бейтарап т.б). Олар суреттерін бір-біріне көрсетеді. Оларға сабақтың аяғына дейін көңіл-күйлерін көтеріңкі деңгейге жеткізу жұмысы тапсырылады.

Немесе көңіл-күй табиғат құбылыстары арқылы көрсетуге болады: жарқырап күн шығып тұр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр.

«Өзіңізге тілегенді басқаларға тілеңіз!»

Әр оқушыға 10-15 секунд уақыт аралығында ішінде өзіне бір немесе бірнеше ізгі тілек тілеу тапсырылады. Содан кейін қатысушылар жұпқа бөлініп, бір-бірінің қолынан алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптасына айту керек. Мұғалімнің да бұл іске қатысқаны дұрыс. Тілектерді бір-біріне топ ішінде де айтуға болады.

«Өзі туралы кластер»

Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таратылатын шеңберлерге өздерінің өмірде «ойнайтын» бес негізгі рөлін жазады. Мысалы, жанұяда: біреудің баласы, әкесі, бауыры, ағасы; оқуда: оқушы, шәкірт, курстас жолдас; сабақтан тыс уақытта: дос, жолдас.

Әр рөлден туындайтын шеңберлерге өзінің осы рөлдегі ахуалын сипаттайтын сын есімдерді жазады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар өз жазғандарын жариялайды: топ ішінде талқылайды немесе қабырғаға іліп қояды, басқалардың сұрақтарына жауап береді.

«Өзін-өзі таныстыру»

Танысудың бұл тәсілін қолдану үшін бір қапшық (немесе пакет) керек және топтағы әрбір оқушы сыныптағы барлық адамдар санына сәйкес бір қағаз тілімін дайындау қажет: мәселен топта 20 оқушы орнынан тұрып, өзін елге қысқа түрде таныстырады, өзі туралы 15 секунд ішінде жағымды ақпарат

келтіреді, өздерін мақтайды. Осы уақыт ішінде басқалар бір қағаз тіліміне сөйлеп тұрған оқушыға мадақ пен комплимент жазады. Сөйлеп болғаннан кейін оқушы қапшықты алып, сыныпты аралайды, басқалардан өздері туралы жазылған қағаз тілімдерін жинап алады. Қағаз қиындыларын әзірше оқуға болмайды. Осындай әрекетті барлық оқушылар қайталап шығады.

Өзін-өзі таныстыру аяқталғаннан кейін оқушылар өздері туралы қағаз тілімдеріне не жазылғандығын оқиды.

### Мәтінмен жұмыс. «Қарттар үйі»

Әңгімемді есіктен кіргенге елендей қарап, кемсендеп құлақ түретін, өмірінің көктемі кетіп, күзі келгенде қарттар үйінен пана тапқан қариялар жайлы өрбітпекпін.

«Жетімін жылатпай, жесірін қаңғытпаған» атам қазаққа жат «қарттар үйінің» қабырғанды қайыстырары анық. Ал, ондағы жасы егде тартып, жалғыздық жандарын жылатып, сағыныш сарсаңына салған аялы алақан иелерінің аянышты тағдыры кім-кімді де толғандырмай қоймас. Бір өкініштісі, мұндай қарттар үйі біздің қаламызда да бар. Бүгінгі күні 62 орындық қарттар үйінде бос орын жоқ. Ал, сол тұрғындарының алтауы қазақ, яғни ақ жаулықты әжелеріміз бен ақ сақалды аталарымыз екенін естігенде өзінді қоярға жер таппайсың. Бүгінгі қазақ өзінің туған әке-шешесінен безініп, қайда кетіп барады? Алайда, амал қанша? Ақиқат осы. Жанары жәудіреп, терезеге телміріп, жақынын күткен жалғыз басты қарттардың жан-дүниесін қайтпексің?! Безбүйрек ұлы мен тасжүрек қызының мейірімсіздігінен тағдыры тәлкекке түскен кейуана қарттардың бәрі: «Әкең де осы жерде өлер енді. Тәңірдің жазуына көнер енді. Уа, жалған, сағындым ғой тым болмаса, Алып келіп иіскетші немеремді», – деп ақындарымыз жырға қосқандай күй кешуде. Кінәлі кім?! Тар құрсағын кеңейтіп, мынау жарық дүниеге әкеліп, ақ сүтімен асырап, түн ұйқысын төрт бөлген анасын, бар қиыншылығын көтеріп, балаларым қатардан қалмасын деп маңдай терімен еңбек еткен әкесін қартайған шағында тағдыр тәлкегіне тастаған тасжүрек балалары ма? Жоқ, әлде «жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады» деп Мөңке би айтқандай, бар кінә қазыналы қарт бола алмаған өздерінде ме? Десе де, ата-ананы құрметтеу жөнінде адамзаттың ардақтысы, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Алланың разылығы – ата-ананың разылығында, Алланың ашуы – ата-ананың ашуында жатыр», – деп ескерткен еді.

1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Қартайса, қарт бабаңды сыйлай біл. Күндердің күні болғанда кімдерде кімнің белі дейсің бүгілмес» деп Бұқар жырау данамыз айтқан екен. Өз ойыңды білдір.

2. «Анасы балам десе, баласы анам» деген. Жастардың бұндай пиғылға баруын қалай түсіндірер едің?

3. «Қайырымды бала – қашан да ата-анасының мақтанышы» деген тақырыпта ой- толғау жаз.

4. Мейрамбек Беспәевтың «Бозторғай» әнін тыңдап, тақырыбы мен идеясын анықтаңыздар.

Бұл құндылық бойынша ұйымдастыратын іс-шаралар түрлері.

Мектептегі «Құрмет күні» іс-шарасы.

Мақсаты: құрметтеу әдебін үйрену.

Орындалуы: Оқушылар оқу аптасының бір күні «Құрмет күні» іс-шарасын өткізеді. Бұл күні мектепте бір-бірімен «Сіз» деп сөйлеседі.

Құрмет құндылығы бойынша білім алушы:

1. Құрмет туралы түсінік қалыптастырады;
2. Құрметтеудің қажеттілігін түсінеді;
3. Ел құндылықтарын ардақ тұтуға дағдыланады.

### **Жауапкершілік.**

«Жауапты болу – еркін болу, жауапкершілігінен бас тарту –тәуелді болу».  
(Ошо).

Жауапкершілік құндылығына тәрбиенің қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік, отбасы, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты жатады.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде тренинг жүргізу.

#### **Джигсо**

Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды.

Джигсо әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты –жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Мәселен, әдісті қолдануды төмендегіше қарастырып көрейік.

Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұлар–бастапқы жеке жұмыс топтары. Берілгелі тұрған жұмыс мәтіні төртке бөлінеді. Енді топ мүшелері төртке дейінгі реттік жүйеде тағы бөлінеді. Тіпті тақырыпқа қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты атау ретінде бөліп беруге де болады (мәселен, берілген сөйлемдердің мағыналық түрлерін анықтаңдар: сұраулы, лепті, хабарлы, бұйрықты). Бұл жолы әр сан иелері немесе атау иелері өз алдына «жұмыс тобын» құрайды.

Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді топта талқылап, түсіну қажет екендігі ескертіледі. Логикалық түрде төрт бөлікке бөлінген мәтін бөліктері әр топқа таратылады. Топтар тұтас мәтінмен емес, тек белгілі бөлікпен ғана жұмыс істеп, бүге-шігесіне дейін талдайды, пікір алмасады, ойын нақтылайды. Жұмысты бастамас бұрын екінші құрылған шағын топқа бара жатқан оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті болты жақсы меңгеру қажеттігі айтылады, өйткені сол бөлімді «бастапқы топ» мүшелеріне түсіндіруге жауапты болатыны, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының жұмыс істеуі мен зейін қоя түсінуіне байланысты екені түсіндіріліп, жауапкершілік жүктеледі.

Бұл стратегия мазмұнды жан-жақты меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін ұмтылу, жауапкершілік дағдысына баулу мақсаттарында аса тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

Сабақ мақсаттары: қатысушылардың танысуы, топта достық және белсенді атмосфера құру.

### «Бинго» ойыны

Ойыншылар формулярлар алады. Әрбір ойыншы сипаттамалардың біріне сәйкес келетін қатысушыны табады және оның қолын қажетті торға қоюды сұрайды. Көлденең, тігінен немесе диагоналі бойынша бес түрлі қолтаңба жинаған біріншісі: «Бинго!» деп айқай салу керек. Егер топ үлкен болса, онда ойынның жалғыз ережесі былай болады: «ойыншылар өз қолын бір формулярға бір реттен артық қоймауы керек». Екінші кезеңде ақпарат жүйеленеді және топтың «паспорты» немесе әрбір қатысушының портреті жасалады. Кейбір топ мүшелерінің сипаттамасын оқуға болады, ал қалған қатысушылар кім туралы әңгіме болып отырғанын табуға тырыссын.

#### Кесте №3. «Бинго» сұрақ парағы

Кімнің көздері көгілдір?	Кім тағамды дәмді дайындайды	Кім күн сайын газет оқиды?	Кім балмұздақ жақсы көреді?
Кім табиғатта демалысын табиғатта өткізгенді жақсы көреді?	Кімнің үйінде иті бар?	Теледидар қарағаннан гөрі кітап оқығанды ұнататын кім?	Кімнің аға(іні)-әпке(сіңлі)лері бар?
Кім ән салғанды ұнатады?	Кім мультфильмдер қарағанды ұнатады?	Кімнің мысығы бар?	Кім музыкалық аспапта ойнай алады?
Кім сиыр сауа алады?	Кімби билегенді ұнатады?	Кім қыста туған?	Кім Қара теңізде шомылды?

Сұрақтар әртүрлі бола береді, бірақ жаттығуға бөлінген уақытқа байланысты олардың саны шектеулі болуы мүмкін.

#### Сенімділік туралы «Соқыр паровоз»

Қатысушылар үштен бөлініп тұрады. Алдыңғы ойыншының көзі байланады. Ол үшінші ойыншының айтқанымен жүреді, ортадағы ойыншы кедергі, ол паровоздың дауысын салады. Бірнеше паровоз осылайша діттеген жерге жету керек. Мұнда көшбасшыға сенім, сенімсіздік, көшбасшының кедергіге қарамастан, топты алып жүруі сарапқа салынады.

Жауапкершілік құндылығы бойынша білім алушы:

1. Жауапкершілік ұғымын тереңірек түсінеді;
2. Өзіңе және ортасына сенімді тұлға болуға ұмтылады;
3. Кез келген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға тырысады.

**Адалдық.**

«Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі».  
(Бауыржан Момышұлы)



Адалдық құндылығына тәрбиенің қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыттары жатады.

Адалдық құндылығына достарға, қоғамға, Отанына адал болу қасиеттері топтасады.

Үлгі сабақ түрі: Адалдық деген не?

Мақсаттары: оқушыларды адалдық ұғымымен таныстыру, достарға, қоғамға, Отанына адал болу қасиеттерін дамытуға ықпал ету.

1. Кіріспе бөлімде тренингтер өткізу.

«Ақ түс-адалдық белгісі»

Ыңғайлы отырамыз, көзімізді жұмамыз. Көз алдымызға аппақ шарды елестетеміз, шар үлкен, шарға жақындаймыз, шардың ішіне енеміз. Айналамыздың бәрі аппақ әлем. Осы әлемде біздер ақ ниетті, адал дос жандарға айналамыз. Көзімізді ашып, ақ жүректен достарымызға қарап жымиямыз.

«Өзіңді тексер»

Оқушыларға өзіңе адал болуды үйрету. Топтық тапсырмалар орындап, бір-бірін бағалау. Бағалауды сипаттауға тәрбиелеу.

«Мен досыма адалмын»

Еш қайтарымсыз жақсылық жасауға дағдыландыру. Мектепте хабарландыру жасалып, хаттар жинағын салатын қорап орнатылады. Бір ай көлемінде оқушылар достарына шынайы көңілмен кез келген жәрдем түрін көрсетеді. Бұл міндетті түрде іс-әрекет арқылы жасалатын көмек болуы қажет. Ай соныңда оқушылар қанша досына қанша көмек жасағанын хатқа жазып қорапқа салады. Әр сынып жеткешісі өз оқушыларымен тақырыпты талқылай отырып, қорытынды жасайды.

Негізгі бөлім. Мәтінмен жұмыс. «Адал дос».

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз:

– Аблан, қаш, эне, ит келіп қалды, – деп қатты қорқып, айғайлап жіберді.

Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

– Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде, шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, – деп жатыр.

– Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, – деді Аблан.

– Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

Тапсырмалар:

- мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу;
- әр бөлікке атау беру;

- әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтау;
- кейіпкерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді табу;
- мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап беру;
- мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атау;
- мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыну.

Адалдық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Адалдық құндылығын меңгереді;
2. Адал болудың өзіне, қоғамға және Отанына пайдасын түсінеді;
3. Адал болудың іс-әрекеттерін анықтайды.

### **Еңбекқорлық.**

«Саналы да ерікті еңбек — адамды бақытқа кеңелтеді».

(К.Д.Ушинский).

Еңбекқорлық құндылығына тәрбиенің еңбек тәрбесі, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі жатады.

Құндылық бойынша тренингтер жүргізу. «Дарабоз»

Бала еңбегін сабақта бағалауға рейтинг жүйесінің қарапайым түрін ұсынар едік. Мұғалім өзінің жеке шығармашылық журналында төмендегі бағытта бағалау жүйесін қолданады. Бұл баланың төмен баға алу қорқынышынан туатын қажетсіз әрекеттерінен арылып, шынайы еңбегімен көрінуге ұмтылуына ықпал етеді. Ұжымда демократиялық қатынастар орнатуға қызмет етеді.

Ұтымдылығы – бірінші орында баланың қабілетінен гөрі еңбектенуі тұратындығында. Тынымсыз еңбек қабілетті дамытады. Баланың сенімділігі мен қызығушылығын ұштайды.

Бала еңбегі мынадай бағыттарда жан-жақты бағаланғаны жөн:

- 1) сабаққа қатысуы;
- 2) оған даярлығы;
- 3) тапсырманы орындауы;
- 4) өзіндік жұмысы;
- 5) ынтасы;
- 6) сабақтағы жауабы.

Мұндай жағдайда «екі» деген баға болмайды, себебі өзін ықтырып, үркітетін бағаны емес, жинақталған балды көріп, кемшілігін түзетуге мүмкіндігі бар екеніне сенімді болар еді.

«Мамандық таңдау»

Мақсаты: Баланың мамандықтар туралы білімін кеңейте отырып, еңбек ету арқылы өз мақсатына жетуге болатындығын ұғындыру.

Ортаға әр түрлі мамандықтар аты жазылған қағаздар тасталынады. Әр бала бір-біреуден алады. Әркім өзіне тиесілі мамандық бойынша: шағын көрініс, тақпақ, қысқаша монолог, сипаттама т.б. жасап, мамандықты барынша дәріптейді, презентация жасайды. Ойын соңында «Ең жақсы презентация» марапатталады. Барлық қатысушыларды қамту мақсатында әр түрлі марапаттар ұйымдастыруға болады.

### «Мотивация»

Қатысушылар 2 шеңберге бөлінеді. Ішкі шеңбердегілер қарсы тұрғандарға жеке қасиеттері, дағды, тұлғалары, мінез-құлқы, өздерін ұстауы т.с.с. комплимент айтады. Тыңдаған қатысушы: «Рақмет, мен де солай ойлаймын. Сонымен қоса мен кестені жақсы тіге аламын» деген секілді өз бейімділігі мен ерекшелігін қосып отыру керек. Бұл оқушылардың өздеріне деген сенімдерін арттырып, жаңа жұмысты құлшына атқаруға кірісуге мотивация болады.

### «Құпиясы жоқ қабырға»

Шәкірттің өлең, сурет, колөнер т.б. шығармашылық туындылары көпшілік назарына ұсынылып отыруын қамтамасыз етеді. Сабақтағы бала еңбегі көп алдына шығарылып, асықпай танысуға, тіпті жазбаша пікір қалдыруға мүмкіндік береді.

«Ертегілер заманауи түрде» шарасы оқушыларды сыни және жаңаша ойлауға дағдыландырады. Бұл тақырыпта Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін тиімді болады. Шара барысында оқушылар ескі ертегілерді қазіргі заманға сай етіп өзгертіп көрініс қояды. Өзгерістер жасалған кезде, ертегінің негізгі мақсаты және мағынасы өзгермеуі қажет. Ал ертегілерде машина, инстаграмм т.б. неологизмдерді қолданып оқушының қызығушылығын арттыруға болады.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы – өз ақыл-ойын, талантын, еңбекқорлығын біздің Отанымыздың көркеюіне күш салатын адамдардың тарихы туралы жоба. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» ұлттық жобасының жеңімпаздары өз істерімен заманауи трендтерді бейнелейді, инновациялардың жасампаздығына ынталандырады. Сондықтан еңбек озаттарымен кездесу сабағын ұйымдастырудың тиімділігі зор.

Кездесу сабағының қонағы: Акулов Владимир Иосифович

Мұғалімнің кіріспе сөзі: -Акулов Владимир Иосифович – «Қамысты» ШҚ басшысы, «Қамысты-2» ЖШС директорының басқаруымен қалыптасқан шаруақожалық асыл тұқымды мал асырау саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді, селекциялық жұмыстардың қорытындысы ретінде – «Алтын белгі» алтын медалін алды - 2010 жылы сүтті қызыл ала малды өсіру бойынша ең үздік шаруашылық.

Шығыс-Қазақстан облысы бойынша ең жоғарғы сауын және салмақ өсімін алуы, шаруашылықты электронды басқаруы, заманауи, жоғары технологиялы сүт-тауарларының фермасы мен сиыр сауу орындары бар кешендерді салуы, агрономиядағы озық инновациялық амалдарды қолдану арқылы жемшөп базасында өсірілген құрама жем зауыдының жұмысын жүргізуі, егін шаруашылығында жаңа техникларды пайдалануы, қызметтің басқа да салаларындағы қызметі шаруа қожалығына және жауапкершілігі шектеулі серіктестікке абырой мен танымалдылық әкелді.

Балалар мен жастардың тәрбиесіне ерекше назар аударады. Шаруашылықтың еңбек ұжымының жұмысында жазғы каникулдық мерзімде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның шешімі бойынша ұлдар мен қыздар әке-шешелерімен бірге егін алқаптарында және фермаларда, асханаларда және басқа да құрылымдарда ата-

аналарынан үлгі ала отырып жұмыс істейді, еңбектің алғашқы дағдыларына қол жеткізеді, мамандықтардың ерекшеліктерін көреді және сезінеді.

Жерлестерінің өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында көптеген жұмыстар жасалды: жолдар мен ауыл көшелері асфальттандырылды, олар қысы-жазы күтіп-ұсталады, бау-бақшаларды жырту және арамшөптерді өңдеу бойынша өтеусіз көмек көрсету ұйымдастырылған, сол себептен тұрғындар ультразаманауи тұрмыстық құралдар мен санитарлық техникаларды пайдалану мүмкіндігіне ие. Әр қайсысы ұялы байланыстың әр түрлі операторларын таңдауға және қызметтерін алуға және кеңжолақты Интернетті пайдалануға құқылы [16].

Қорытынды бөлімінде презентациялар көрсетіліп, сұхбат жүргізіледі. «Еңбекпен жеген нан тәтті» тұжырымдамасы тереңнен түсіндіріледі.

Білім алушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеуді қосымша сабақтарда жүргіземіз. Көбіне оқу жылындағы мектепкі демалыс күндері ұйымдастыруға болады. Мәселен, «Асар»–дәстүріне қатысу. «Туған жер» бағдарламасы бойынша жоғары сынып оқушылары жергілікті меценаттардың туған өлкені көркейтуге бағытталған еңбек шараларына қатыстыруға болады. Асар–оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелейді.

Еңбекқорлық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Еңбекқорлық туралы түсінік қалыптасады;
2. Еңбектенудің қажеттілігін түсінеді;
3. Пайдалы еңбектенуге дағдыланады.

## **Кемелдену.**

«Менің білетінім–ештеңе білмейтінім» (Сократ).

Кемелдену құндылығына тәрбиенің рухани-адамгершілік, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет бағыттары жатады.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін төменде берілген тренингтерді қолдануды ұсынамыз.

*«Комплименттер» ойыны*

Жүргізуші қатысушыларға бір-біріне арналған комплименттер ойлап табуды ұсынады. Ол қатысушылардың біріне доп лақтырып, оған комплимент айтады. Мысалы:

«Димаш, сен өте әділ адамсың» немесе «Әсем, сенің шашың керемет». Допты қағып алған қатысушы оны өз комплиментін айтқысы келетін адамға лақтырады. Комплименттің әрбір қатысушыға айтылуын қадағалау маңызды.

Танысу қорытындысын шығару, қатысқандары үшін барлығына алғыс білдіру.

*«Прогресс білдіру»*

Бағалауды прогресті білдіру үшін, сол арқылы олардың не істеп жатқандарына мән берудің тәсілін табыңыз.

- Түрлі тарауларды байланыстыра оқытыңыз;
- Оқу журналын пайдаланыңыз;
- Оқушылар оларға қол жеткізгендігін атап көрсете отырып, алдыңғы


мақсаттарға сілтеме жасаңыз;

- Сізде оқушының прогресі нақты бейнеленген мақсаттар сызбасы болсын;
- Бағалау үдерісі мен оқушының өзіне мақсат белгілеу үдерісін байланыстырыңыз.

#### «Жетістік баспалдағы»

Материалдар мен жабдықтар: Смайликтер, ватман, таза парақтар, қаламдар, қарындаштар.

«Жетістік баспалдағы» әдісі оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын және өткен материалды меңгеруге қай баспалдақта тұрғандығын анықтайды. Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватман, қағаз парағы), балалар өздері орындаған жұмысты магниттермен немесе стикерлермен өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. Не үшін ондай баға қойғандарын түсіндіреді. Кесте №4



Адамның кемелденуіне бірден бір септігін тигізетін тағы бір факт – кітап оқу. Кітап оқу арқылы адам өзін әртүрлі салада жан-жақты дамыта алады. Кітап оқу арқылы адамның сөздік қоры көбейіп, ойлау қабілеті артып, өз пікірін еркін жеткізетін тұлғаға айналады. Кітап адам бойындағы бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

#### «Аяқталмаған сөйлем» тәсілі

«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.
- бүгін маған.....сәті түсті.
- қызықты болғаны.....
- .....қиындық тудырды.
- менің түсінгенім.....
- енді мен.....аламын.

Кемелдену құндылығы бойынша білім алушы:

1. Кемелдену туралы түсінік қалыптасады;
2. Жүйелі, жоспарлы жұмыс жасаудың маңыздылығын түсінеді;
3. Өзін-өзі жетілдірудің жолын қарастырады.

### Этика-әдеп.

«Жасында әдеп үйренбеген кісіден, өскен соң қайран жоқ»

(Сайф Сараи)

Этика-әдеп құндылығына үйде, көшеде, мектепте, қонақта, дастарханда, қалада қарым-қатынас түрлерін меңгеру жатады.

Бұл құндылық тәрбиенің рухани-адамгершілік, экономикалық және экологиялық тәрбиесі, отбасы тәрбиесі бағыттарын қамтиды.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

Үлгі сабақтың тақырыбы: Дұрыс әрекет

Құндылық: әдет, әдептілік, мақсат.

Қасиеттер: ізеттілік, сыпайылық.

Өзектілігі: Дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға махаббат, сүйіспеншілік ұғымдарының құндылық ретінде мәнін ашу.

Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде тренингтер жүргізу.

«Қызыл табан»

Мақсаты: Балаларды ұжыммен жұмыс жасауға, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке үйрету.

Ойынның шарты түсіндіріледі. Осы сыныптағы бір адамның табанына «қызыл табан» белгісі жапсырылған. Ол белгі кез-келген адамда болуы мүмкін. Қай топ сол адамды бірінші тауып, әуелі әдепті сөздер көмегімен табанын көрсетуін сұрап, дәл тапса, солар ұтады.

«Мадақтау»

Оқушылар сынып ішінде ары-бері жүріп, бір-біріне мақтау мен комплимент айтады: «Бүгін тіпті құлпырып кетіпсің ғой!», «Мен сені шыншылдығың мен әділеттілігің үшін өте сыйлаймын!», «Сен өте әдепті жансың!», «Маған сенімен бір топта жұмыс жасау ұнайды!» т.б.

Бұл жұмысты шағын топ ішінде де ұйымдастыруға болады.

«Мен сені сыйлаймын, себебі.....»

Оқушылар екі топқа бөлініп, екі жақта бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Әрқайсысы қарсы тұрған адамға «сені сыйлаймын,себебі сен өте мейірімдісің» немесе «сені сыйлаймын,себебі сен маған қиналғанда көмектестің» деген сияқты бір-бірінің жақсы қасиеттерін айтады. Екі топ қарама-қарсы бағытта бір орынға жылжып келесі досына жылы сөз айтады. Осылайша өз орындарына қайтып келгенше ойын жалғаса береді. Ойынның негізгі шарты бір айтылған жылы сөз екінші рет қайталанбауы тиіс.

Құндылықты қалыптастыратын іс-шаралар жүргізу.

Театрға, киноға, мұражайға бару. Оқушылардың көпшілік ортадан өзін-өзі ұстау тәртібі қалыптасады. Этикет ережелерінің маңызына барып, оларды тәжірибеде қолдануға жол ашады. Оқушы әртүрлі жағдайларда басқа адамның

мінез-кұлқын қадағалайды. Өзін салыстырады.

Қарым-қатынас түрлері. Оқушылармен ашық сұхбат жасай отырып, қарым-қатынас түрлерінің этикасын бірге құрыңыз.

Кесте №5

Адам	Қарым-қатынас	Әңгімелер тақырыбы
Ата-ана		
Дос		
Мұғалім		
Заң қызметкері		
Бейтаныс адам		

Атауы: Қонақпен сұхбат.

Жақсыдан үйренуді, үлгі алуды үйрету, тыңдау әдебін қалыптастыру.

Орындалуы: Қонаққа мәдениет саласында қызмет атқаратын, танымал жандарды шақыруға болады. Олар жеке тұлға қалыптастырудың, қоғамдағы басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатудың маңыздылығын түсіндіріп, өзінің өмірлік тәжірибелерімен бөліседі.

Қорытынды: Бұл іс-шара арқылы оқушылар бір жаңа тұлғамен танысады. Сұхбаттасу арқылы сұрақ қою әдебін, сөйлесу дағдысын дамытады.

Атауы: мектепшілік «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» байқауларын өткізу.

Мақсаты: ұлттық құндылықтарды насихаттау. Бауырмалдық, туыстық қарым-қатынас, үлкенге құрмет, ізет, сыйластық қасиеттерін үйрету.

Этика-әдеп құндылығы бойынша білім алушы:

1. Әдептің түрлерін үйренеді;
2. Әдеп сақтау туралы түсініктерді терең меңгереді;
3. Этикалық қарым-қатынастарды күнделікті өмірде қолданады.

### **Табандылық.**

«Ешқашан төзімді жоғалтпа: ол –есікті ашатын соңғы кілт»  
(Антуан Де Сент Экзюпери).

Табандылық құндылығына төзімділік, сабырлылық қасиеттері жатады.

Бұл құндылық тәрбиенің еңбек тәрбиесі, рухани-адамгершілік тәрбие, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарын қамтиды.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

Сабақ №2: Төзімділік, толеранттылық деген не?

*Мақсаттары:* оқушыларды «толеранттық» ұғымымен таныстыру, оқушылар арасындағы сыйластық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.

*Материалдар мен жабдықтар:* геометриялық фигуралардың суреті, презентация, «Себет» жаттығуына арналған материалдар, ватман, қағаз, қарындаштар, қаламдар, А3 форматындағы қағаз парақтарында жазылған толеранттық анықтамалары, тақта, ватман парағы.

Сабақтың барысы:

### 2. Кіріспе бөлім

«Геометриялық фигуралар» ойыны

- Сонымен, сендердің алдарында бес фигура: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, зигзаг, тіктөртбұрыш.

- Оларға мұқият қарап, өздеріңе ұнайтын фигураны тандап, оны өздеріңнің парақшаларыңа салыңдар. Егер фигуралар менікі сияқты болмаса, қорқынышты емес, біз әр түрліміз, сондықтан біздің суреттеріміз де бір-біріне ұқсамауы мүмкін.

- Енді шеңберді таңдағандар қолдарыңды көтеріңдер, олар мейірімді және ашық, сезімтал, батыл.

- Кім шаршыны таңдады, олар ұйымдасқан, табанды және шешім қабылдауда жігерлі, еңбекқор.

- Үшбұрыш таңдағандар, олар көшбасшылар, шыдамсыз және тәуекелге бейім.

- Зигзагты кім таңдады, олар шығармашыл натуралар, арманшыл және бірбеткей, көңіл-күйі мен мінез-құлқы өзгермелі.

- Кім тіктөртбұрышты таңдады, олар өздеріне, өз таңдауына сенімсіз, әлі күнге дейін өмірдегі орнын анықтамаған.

Міне, көрдiңдер ме, барлығымыз әр түрлімін және бір планетада өмір сүріп жатырмыз. Сендердің барлықтарың әртүрлісіңдер және бұл сендердің ең үлкен құндылықтарың! Сендер әр түрлісіңдер, біреу кітап оқуды жақсы көреді, біреу спортпен шұғылданады, біреу итпен ойнайды, ал біреу гүл өсіреді, бірақ біз бірге болғанымыз өте жақсы.

### 3. Негізгі бөлім

XVIII-XIX ғасырлардың шегінде Францияда Талейран Перигор деген бір адам өмір сүріпті. Ол үкімет өзгерсе де, сыртқы істер министрі болып өзгеріссіз қалатындығымен ерекшеленеді. Ол көптеген салаларда дарынды адам болған, бірақ ең бастысы – айналасындағылардың көңіл-күйін ескере білген, оларға құрметпен қараған, сонымен бірге өз ұстанымдарын сақтаған, жағдайға көзді жауып бағынуды емес, оны басқаруға ұмтылған.

*«Толеранттық» ұғымы осы адамның есімімен байланысты.*

Толеранттық – бұл біздің әлем мәдениеттерінің, өзін-өзі көрсету формаларының және адамгершілік даралығын көрсету тәсілдерінің бай көптүрлілігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну (16 қараша – Халықаралық толеранттық күні).

*«Толеранттық деген не?» жаттығуы*

Дайындық кезеңі: А3 форматты қағаздың қалың парақтарында төзімділікке анықтама жазу және оларды сабақ басталар алдында тақтаға немесе аудиторияға сырт жағынан қабырғаға бекіту

Жүргізуші қатысушыларды 3-4 адамнан топтарға бөледі. Әрбір топ «миға шабуыл» нәтижесінде төзімділіктің анықтамасын тұжырымдау керек. Қатысушылардан, олардың пікірінше, төзімділік мәні болып табылатынды осы анықтамаға қосуды сұраңыз. Анықтама қысқа және мағынасы кең болуы керек. Талқылаудан кейін әр топтың өкілі барлық қатысушылардың ұйғарымынан туындаған анықтамамен таныстырады. Топтарда талқылау аяқталғаннан кейін әрбір анықтама тақтаға немесе үлкен ватман парағына жазылады. Топтар өз анықтамаларын ұсынғаннан кейін, жүргізуші алдын ала дайындалған



анықтамаларды аудиторияға қарай «бетімен» бұрады. Қатысушылар осы анықтамалармен танысуға және оларға өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік алады.

«Толеранттық» сөзі әртүрлі тілдерде бірдей мағынаға ие:

- испан тілінде ол өзінікінен өзгеше идеяларды немесе пікірлерді тану қабілетін білдіреді;

- француз тілінде – басқалардың сенен өзгеше ойлауы немесе әрекет етуі мүмкін деп жол беретін қарым-қатынас;

- ағылшын тілінде – шыдамды, мейірімді болуға дайындық;

- қытай тілінде – мүмкіндік беру, қабылдау, басқаларға қарым-қатынас бойынша кең пейілді болу;

- араб тілінде – кешірім, кең пейілділік, жұмсақтық, қайырымдылық, жанашырлық, мейірімділік, шыдамдылық, басқаларға пейілділік;

- орыс тілінде – бірдеңеге немесе біреуге шыдамдылық (ұстамды, шыдамды, тұрақты болу, бірдеңенің, біреудің бар болуын қабылдай білу) таныту қабілеті.

*Әңгіме:*

- Анықтамалардың қайсысы сендерге көбірек ұнайды? (Жауаптар).

- Неге, сендердің ойларыңша, әртүрлі елдерде анықтамалар әртүрлі? (Жауаптар).

- Бұл анықтамаларға не ортақ? (Жауаптар).

- Қазіргі уақытта толеранттылық неге соншалықты өзекті? (Жауаптар).

Талқылау барысында мына сәттерге назар аударыңдар:

- «Төзімділік» ұғымының көптеген жақтары бар.

- – Анықтамалардың әрқайсысы толеранттылықтың қандай да бір қырын анықтады.

*«Акроөлең» жаттығуы.*

Сынып топтарға бөлінеді, әр топқа қағаз парағы беріледі.

Парақта толеранттық сөзі тігінен жазылады, топқа сөздің әрбір әрпін «ашып көрсету» қажет, нәтижесіндеуғым туралы бірыңғай түсінік қалыптасады.

Мысалы:

Т - төзімділік

О - орындылық

Л - лайықтылық

Е - елдік

Р - риясыздық

А - ауызбіршілік

Н - нәтижелілік

Т - түсіністік

Т - табандылық

Ы - ынтымақтастық

Қ - құрмет

*«Себет» жаттығуы*

Жүргізуші түрлі ұсақ заттар салынған себетпен шеңбер бойымен өтеді. Қатысушылар себетке қарамай, бір заттан алады. Осыдан кейін жүргізуші әр қатысушыға ол алған зат пен толеранттық ұғымы арасындағы қандай да бір байланысты табуды ұсынады. Әңгімені бірінші болып ойыншық алған қатысушы бастайды, мысалы: «Маған доп түсті. Ол маған Жер шарын еске салады. Менің ойымша, толеранттық бүкіл әлемде таралуы тиіс».

*«Толерантты қарым-қатынас қағидалары»*

Оқушылар топ бойынша толерантты қарым-қатынас қағидаларын құрайды. Толерантты қарым-қатынас қағидалары:

1. Сұхбаттасушыны құрметтеу.
2. Басқалар айтқанды түсінуге тырысу.
3. Өз пікіріңді әдепті қорғап қалу.
4. Үздік дәлелдерді ізде.
5. Әділ бол, басқаның дұрыстығын мойындауға дайын бол.
6. Басқалардың мүдделерін ескеруге тырыс.

*«Даралықты бағалауды үйренеміз» жаттығуы*

• Алғашқыда мұғалім оқушыларға әр адамның өзіндік ерекшеліктері бар екенін, әр адамның жеке даралығы бар екенін айтады. Әр адамның даралығын бағалауға болады және қажет.

• Мұғалім әр оқушыға өзінің басқа оқушылардан ерекшеленетін қандай да бір үш белгі туралы жазуды ұсынады (өз қадір-қасиетін, таланттарын, өмірлік ұстанымдарын және т.б. мойындау болуы мүмкін). Ақпарат поэзия сипатта болуы тиіс.

• Оқушылар өз есімдерін жазып, тапсырманы орындайды. Жазбаларды жинап, оқып беретінін, ал қалған оқушылар сол немесе өзге тұжырымдардың авторы болып табылатындығын табатынын ескертеді.

• Мұғалім парақтарды жинайды және тағы да адамдар бір-біріне ұқсамайтынын атап өтеді: біз бір-бірімізге қызықты бола аламыз, проблемалардың стандартты емес шешімін таба аламыз, бір-бірімізге өзгерту мен оқуға импульс бере аламыз. Содан кейін мұғалім әр мәтінді оқиды, оқушылар табуға тырысады. Егер авторды таба алмаса, ол өзі аталуы тиіс.

3. Бекіту, қорытынды

Қорытынды шығару.

Сабақтың рефлексиясы – «Толеранттық» ұғымы туралы сендер не білесіңдер? – Бұл ұғымды толеранттықтың қандай жақтары мен аспектілері едәуір көп сипаттайды? [22].

Табандылық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Табандылық–төзімділік ұғымдарын түсінеді;
2. Жетістікке жетелейтін жол екенін қабылдайды;
3. Табандылыққа қол жеткізуге талпынады.

**Отансүйгіштік.**

«Тірі болсам еліме қызмет қылмай қоймаймын».  
(Әлихан Бөкейханов)

Отансүйгіштік құндылығына тәрбиенің қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие бағыттары жатады.

Отансүйгіштік құндылығын қалыптастыру үшін өлкетанулық жұмыс, музейдегі «жанды сабақ», виртуалды саяхат сабақ түрлерін қолдануға болады.

Мұғалім білім беру процесінде оқушыға азаматтық, патриоттық тәрбие беруге басымдық береді. Назарларыңызға оқу кабинетіндегі өлкетану сабағының үлгісін ұсынамыз.

Кесте № 6. «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада» сабақ жоспары

Күні:	Сыныбы: 7	
Курс атауы: Өлкетану	Пән мұғалімі	
Сабақтың тақырыбы	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	
Оқу мақсаттары	Оқушылар кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілігін білдіру, өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлай білу	
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Туған ел, туған жердің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.</li> <li>- Туған жерге қамқорлық жасай білу іскерліктерін дамыту.</li> <li>- Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, әдемілікке тәрбиелеу.</li> </ul>	
Жетістік критерийлері	Ақпараттарды іріктейді, ішінара ізденушілік жұмыстарын жүргізеді	
Тілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер: туған жер, Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: менің ойымша, жолдастарымның пайымдауынша, бұл пікірмен келісемін/ келіспеймін.	
Пәнаралық байланыс	Тіл, әдебиет, география,	
Алдыңғы оқу		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	<p>Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Сабаққа психологиялық дайындық. Тренинг «Жүректен-жүрекке» Жүректен жүрекке шеңбері. Жақсылыққа құмармыз, Жақсы адам боп шығамыз. Таза сәби жүректен, Қабылдаңыз мың алғыс! Бізді жақтап отырған Сіздерге де мың алғыс!</p>	<p>Иллюстрациялық суреттер</p> <p>Екі топқа бөлу I топ – «Атамекен» II топ – «Отан» III топ – «Туған жер» Оқушылар өз ойларын</p>

<p>Қызығушылықты ояту. Ойтүрткі.</p>	<p>1.«Туған жер», «туған ел» дегенде ойларыңа не түседі? Туған жер – адамзаттың, кең дүниені есігін ашып, өмірге келген, бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен маңдай тері тамған киелім екен. Туған ел – «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» – дегендей әркімнің өзінің туған жері, елі, атамекені 2. Туған жерге, елге деген сүйіспеншіліктің түп тамыры не деп ойлайсыңдар?</p>	<p>жеткізеді</p>
<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<p>Кіріспе сөз. -Балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Туған жер - туған ел» деп аталады. Бүгін сабақта біз Отынымыз, туған жеріміз жайлы әңгімелесеміз. Туған жеріне әр адам қалай қамқорлық жасауы керек екені жайлы ой қозғаймыз. Табиғаттың әдемілігіне тағы да бір назар аударамыз. Қарақыстақ – Қарақыстақ - сөзінің бірінші буыны қара сөзінің синонимі қарсыз немесе қары көп жатпайтын жылы жер деген мағынаны білдіреді. Қарақыстақ–қысы жеңіл, жылы қоныс деген атауды білдіреді. Табиғатының қыстың күні қолайлы , төрт жағынан таумен қоршалған, ортасында өзені бар қойнау. Солтүстігіндегі Қырғыз Алатауының күнгейі малға қолайлы жайылым. Биіктігі теңіз деңгейінен 2-3 шақырым биіктікте орналасқан, жақпар тастары күнге қызып қойнау арасының қыста жылы болуына, жаз айларында түс ауа күн сайын жауын жаудырады. Аңғар іші шөбі шүйгін , құтты мал жайылымы. Қасиеттеріне қарап халық Қарақыстақты «қасиетті қоныс» деп атаған. Шырын Мамасерікова - 1945 жылы 1 қаңтарда <u>Жамбыл облысы</u>, Т.Рысқұлов ауданының Қарақыстақ мекені, «Жалпақсаз» ауылында туған.</p>	

	<p>1963 жылы Жамбыл педучилищесін, 1967 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік пединститутының <u>филология</u> факультетін бітірген. Еңбек жолын Меркі ауданындағы Гранитогор мектеп-интернатында <u>мұғалім</u> болып бастаған. Кейін аудандық халық ағарту бөлімінде <u>методист</u>, Меркі аудандық тарихи өлкетану мұражайының директоры қызметтерін атқарған.</p>	
<p>Сабақтың соңы 10 минут</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Туған елдің тезегі де .....</li> <li>2. Туған елің болмаса, Тумай-ақ қойсын</li> <li>3. Туған жерге</li> <li>4. Туған жердей жер болмас,</li> <li>5. Туған жердің жері де көрікті,</li> <li>6. Туған жердің күні де ыстық,</li> <li>7. Туған жердің күні де ыстық,</li> <li>8. Туған жердің жусаны</li> <li>9. Туған жер</li> <li>10. Әркімнің өз жері —</li> </ol>	<p>дәрі. күн мен ай. туың тік. Туған елдей ел болмас. елі де сүйікті. күлі де ыстық. түні де ыстық жұпар алтын бесік жұмақ.</p>
<p>Қорытынды</p>	<p>-Қымбатты оқушылар! Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Осы орайда Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзімен тәрбие сабағымызды қортындылаймын.</p>	
<p>Рефлексия 3 минут</p>	<p>«Кері байланыс» -Нені білдім -Не үйрендім Үйге тапсырма: «Менің туған өлкем» тақырыбында эссе жазу</p>	

Дереккөз: Жамбыл облысының білім басқармасы сайтынан алынды.

Құндылықты қалыптастыру бойынша іс-шаралар өткізу.

«Шеңберді толтыру арқылы Отансүйгіштікті түсіну» тренингі.

Орындалуы: Мен отбасыма, мектебіме және еліме не істей аламын?

Оқушы әрбір шеңбердің ішіне (ортасынан сыртына қарай) осы үш сұраққа жауап жазады. Іс-шара біткен соң мұғалім оқушылардың, ойларын жинақтайды, талқылайды.

Отансүйгіштік бойынша білім алушы:

1. Отансүйгіштік ұғымын терең түсінеді;
2. Ел құндылықтарын ардақтауды үйренеді.

### **Кішіпейілділік.**

«Өзіңе дейінгіні сыйламасаң, өзіңнен кейінгі де сені сыйлай алмайды»

(Мұзафар Әлімбаев)

Кішіпейілділік құндылығы қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыттарына жатады. Кішіпейілділікке кешірім сұрау, кешіре білу, қарапайымдылық қасиеттері тән.

Кішіпейілділік құндылығын қалыптастыратын іс-шаралар.

«Ғажайып дүкен» жаттығуы.

Топ қатысушыларынан ерекше «заттар»: шыдамдылық, кішіпейілділік, басқаларға ынталылық, әзілқойлық, сезімталдық, сенім, альтруизм, өзгешеліктерге төзімділік, өзін-өзі ұстай білу, тілектестік, басқаларды айыптауға ынтасыздық, ізгілік, тыңдай білу, білуге құмарлық, бірге уайымдау қабілеті бар дүкен бар деп елестетуді сұраңыз.

Жүргізуші сатушы рөлін атқарады, ол адамның қасиеттерін басқаларға ауыстыру арқылы «сатады». Қатысушылардың біреуі шақырылады. Ол өзінде жоқ бір немесе бірнеше «затты» сатып ала алады. Мысалы, сатып алушы сатушыдан қарапайымдылықты сұрайды. Сатушы қатысушыдан оған қанша қарапайымдылық қажет екенін, оған неге керектігін, кімге қарапайым болғысы келетінін сұрайды. Төлем ретінде жүргізуші орнына бірдеңе сұрайды, мысалы, қатысушы ақыны өзінің қалауы бойынша әзіл-сықақпен төлей алады.

«Ойлаудың алты қалпағы»

Оқушылар алты топқа бөлініп, өз көзқарастарын білдіреді. «Ақ қалпақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ» (өмірінің сәтті кезеңдерін айтады), «қара қалпақ» (өмірінің сәтсіз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар Не үшін? Неге? Неге байланысты? деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (кейіпкер өміріне қатысты тың идеялармен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

Сурет №1

## Эдвард де Боно бойынша «Ойлаудың алты қалпағы»



Ақ қалпақта сабақ бойынша фактілер мен цифрлар араласқан ойлар айтылады.



Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.



Қара қалпақ бұл – сабақ бойынша сын-пікір, келесі сабаққа ұсыныс.



Бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі.



Жасыл қалпақ шығармашылық жұмыс, сабақтағы жаңа ұғымдар



Барлық 6 қалпақтың пікірлерін тыңдай отырып, сабақ бойынша қорытынды ой.

Мектепшілік науқандар. Оқушыларды жақсылық жасауға насихаттау.

Оқушы мен мұғалім кез келген біреуге жақсылық жасайды. Күтпеген жерден жақсылық көрген кісі сол істі жалғастыруы тиіс. Осылайша күні бойы немесе апта бойы марафон жалғаса береді. Марафон аяқталған соң әр сынып жетекшісімен бірге өз ойларымен бөліседі. Марафонның мақсаты кез келген кісіге ақысыз жақсылық жасау, жасаған жақсылыққа ақы алмау, жақсылық жасайтын адамды таңдамау.

Кішіпейілділік құндылығы бойынша білім алушы:

1. Кішіпейілділіктің мағынасын толыққанды түсінеді;
2. Қарапайымдылықты сақтауды үйренеді;
3. Айналаға кешіріммен қарауды үйренеді.

### Сүйіспеншілік.

Сүйіспеншілік құндылығына өзімшіл, өзара, риясыз, шынайы сүйіспеншілік пен мейірімділік қасиеттері топтасады.

Бұл құндылықтар тәрбиенің рухани-адамгершілік, отбасы тәрбиесі, ұлттық тәрбие бағыттарын қамтиды. Білім алушыларға құндылықты үйрету үшін тренингтер ұсынамыз.

Үлгі сабақтың тақырыбы: Сүйіспеншілік.

Құндылық: Дұрыс әрекет

Қасиеттер: өзімшіл, өзара, риясыз, шынайы сүйіспеншілік пен мейірімділік.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға махаббат, сүйіспеншілік ұғымдарының құндылық мәнін ашу.


Тыныштық сәті. «Құсты құтқар»

Нұсқау: «Қолыңда кішкентай құстың дәрменсіз балапаны бар деп елестет. Қолыңды алақаныңды жоғары қаратып соз. Енді оны жылыт: баяу қимылмен бір-бір саусақтарыңды алақаныңа жұмылдыр, балапанды алақаныңа тығып қой, оны деміңмен жылытуға тырыс. Алақаныңды кеудеңе бас, балапанға

өзіңнің демің мен жүрек жылуыңды бер. Енді алақаныңды аш, балапан аса бір қуанышпен ұшып кеткенін бақыла. Оған қапаланба, қуанышпен шығарып сал: ол саған әлі қайта оралады!»

Тренингтер. «Достармен кездесу уақыты» ойыны. Сурет №2

Оқушыларға осындай карточка беріп, сыныпты аралай жүріп, өздеріне ұқсас бір жанды тауып әр сағаттың тұсына атын жазу ұсынылады. Мысалы, сенің көзіңнің түсі маған ұқсайды екен. Сені сағат 12-ге кездесуге жазып қойсам деп едім. Осылайша 4 сағаттың тұсына аттарын жазып болған соң, сәйкес келген оқушылар бір топқа бірігіп жұмыс жасау тапсырылады.



«Хат жазысу» ойыны.

Шәкірт пен ұстаз арасында терең байланыс орнатуға, түсіністікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелейді. Баланың креативті-шығармашылық мүмкіндіктерін ашады. Сабақ кезінде еркіндік пен сенім артқан хаттар тақырып аясында қалып қойып отырады, ал сабақтан тыс уақытта жазылған хаттар шәкірт көңіліндегі алаңдататын сұрақтар мен сабақ кезінде ашылмаған ойларды қамтиды.

Қарапайым қарым-қатынас хаттары уақыт өте келе мәнді де маңызды, сауатты пікір жазбалары ретінде қарастырылуы қамтылады. Сонымен қатар, мұндай хаттар – ұстаз тарапынан ой салу, бағдар беру, шәкірт тарапынан жарқын ойлар мен еркін пікірлерді тізетін «идеялар аралы» болып табылады.

«Көңіл-күйді анықтау»

Сабақ басында оқушылар бір паракқа өзінің көңіл-күйін келтіретін сурет (немесе смайлик) салады: суретте олар адамның бет-әлпетін келтіру керек (мәселен, күліп немесе езу тартып тұрған, қабағын түйіп тұрған, бейтарап т.б). Олар суреттерін бір-біріне көрсетеді. Оларға сабақтың аяғына дейін көңіл-күйлерін көтеріңкі деңгейге жеткізу жұмысы тапсырылады.

Немесе көңіл-күй табиғат құбылыстары арқылы көрсетуге болады: жарқырап күн шығып тұр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с.

Құндылық туралы композициялы ойын сабақ ұйымдастыруға болады.

Ми – сот төрағасы.

Ақыл – прокурор.

Адамгершілік – қорғаушы.

Сабыр – медиатор.

Ашу – жауапкер.

Кек – талапкер.

Ыза – куәгер.

Сценарий желісі. Білім алушылар арасында келіспеушілік туындап, бопсалау, әлімжеттілік орын алады. Оқиға бойынша сот процесі жүргізіледі.

Ми: - бүгін залға не үшін жиналып отырғандарыңызды білетін



шығарсыздар. Ендеше сөз кезегі сіздерде.

Ашу: - Мына шіркін, сені шыбын құрлы көріп тұрған жоқ қой. Мынаның сазайын тарттыру керек. Көзіне көк шыбын үймелету керек.

Кек: - Е, қорқақ жүр онда, өзіннен кішкентайлардан сөз естіп.

Ақыл: - жә, жетер тоқтат! Ақылыңнан адастын ба, ол Ашу сені қорғайын демекші. Мені тыңдасаң қор болмайсың. Әлімжеттік ол әлсіздік емес. Егер сен мықты болсаң спорт алаңдарында, спорт сайыстарында дәлелде. Көрейік сенің мықты екенінді.

Кек: - мен сенің орнында болсам. Мынаның көзіне көк шыбын үймелетер едім. Әлде сен одан қорқып тұрсың ба? мен сені осыншалықты әлсіз деп ойламаппын.

Ыза: -дұрыс айтасың, дұрыс айтасың! Мұны сөйтіп сазайын тарттыру керек.

Сабыр: -сәл сабыр ет! Сабаңа түс. Ақыл мен адамгершілікті тыңда. Олар сенің өміріңдегі жол көрсетуші бағдаршамын. Сондықтан да сен бос уақытыңда дұрыс шешім қабылда. Өз өмірің өзіннің қолында. Ашумен өз өміріңе балта шаппа.

Адамгершілік: - о, батыр саған не болды. қасқыр екең, қасқырда жолдасыңа қастық қылмайды. Оның жанында сен Адамсың ғой! Сен сәлде болса осы туралы ойланып көрдің бе?

«Аға алдында пейіліңді көрсет, іні алдында мейіріміңді көрсет» деген. Сенің аға екенін рас, үлкендігің рас. Асығыстық жасап, ағат кетсең сені орны толмас өкініш күтіп тұр. Адам - ұрпағымен ұлы, еңбегмен –ерен, келешегімен – кемел болса оның алтын тамыры тәлім-тәрбиеден басталады. Ұлтымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды» - дегендей, Сіз өзіңіздің жақсы қасиеттеріңізді, ақылыңызды тыңдасаңыз және сол ақылыңызды тыңдап дұрыс шешім қабылдаңыз. Жасы кішіге мейірімділік көрсетіңіз. Сіз тәртіпті оқушы деген атаққа лайықты болыңыз.

Сондықтан Ашу мен Ызаның айыптарын негізсіз деп тауып, Ақылдың шешімін күшінде қалдырамыз. Сот аяқталды.

Сүйіспеншілік құндылығы бойынша білім алушы:

1. Сүйіспеншілік ұғымын терең түсінеді;
2. Қоршаған ортаға қамқорлық танытуға дағдыланады;
3. Тіршілік иелеріне мейіріммен қарауды үйренеді.

## **Жомарттық.**

«Шын жомарт жоқтығын білдірмес». (Халық даналығы).

Жомарттық ұлттық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыттарын қамтиды.

Білім алушыларға құндылықты үйрету үшін тренингтер, іс-шаралар өткізуді ұсынамыз.

«Құнды сыйлық» акцияларына қатысуы.

«Құнды сыйлық» акциясы. Оқушылар мектеп кітапханасына үйінде

оқыған кітаптарын сыйлайды. Кітап қорын молайтуға үлес қосады. Мақсаты қайырымдылыққа, ізгілікке, қоғамға қызмет етуге тәрбиелеу.

«Буккроссинг». Кітаптармен алмасу бойынша арнайы орындар ұйымдастыру. Орынды мектеп кітапханасынан немесе мектеп дәлізінен ұйымдастыруға болады. Мақсаты білім алушыларды қайырымдылыққа, достыққа, ізгілікке, кітап оқу белсенділігін арттыруға шақыру.

Жомарттық жасау кімге жарасады? іс-шарасын өткізу үшін алдымен плакаттар мен маркерлер дайындайды. Оқушыларды топқа бөліп тақырыптың сұрақтарына сай жауап іздейді.

S – жомарттық жасаудың күшті жақтары.

W- жомарттық жасаудың әлсізжақтары.

O - жомарттық жасаудың әлсіз жақтарын қалай жеңуге болады.

T - жомарттық жасаудың қандай қауіпті жақтарын арылту қажет?

Қорытынды: оқушылар өз топтарымен төрт түрлі ойларын жеткізгеннен кейін берілген сұрақтың жауабын ақылдасып, талдауға салады.

«Тегін нан» іс-шарасының мақсаты оқушыларды жомарттық пен жанашырлыққа үйрету. Сыныбыңызбен ең жақын азық-түлік дүкеніне «тегін нан» қорабын оранту керек. Дүкенде сауда жасаған адам артық тиынын қорапқа салып кетеді. Сол үшін адамдарды жомарттыққа шақыратын қанатты сөздерді жазып қоямыз. Мұқтаж адамдар дүкенге келген кезде сатушы «тегін нан» туралы айтады. Осылайша оқушылар жомарттықтың қоғамға пайдалы екенін түсінеді.

#### «Жақсылық тамшысы»

Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып жеткізеді. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді.

Жомарттық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Жомарттық ұғымын терең түсінеді;
2. Қайырымдылық жасауға ұмтылады;
3. Жомарттық қасиетін бойына сіңіреді.

#### Әділдік.

«Әділдіктің белгісі –біле тұра бұрмаса, ақылдының белгісі–өткен істі кумаса». (Асан қайғы).

Әділдік құндылығына шыншылдық, турашылдық қасиеттері топтасады.

Бұл құндылықтар тәрбиенің қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие бағыттары жатады.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде тренинг жүргізу.

Тренингтер «Ванька-встанька» жаттығуы.

Қатысушылар мүмкіндігінше бір-біріне жақын тұрып, шеңбер жасайды. Қатысушылардың бірі шеңбердің ортасына шығады. Ол барынша бойын еркін ұстауға тырысады, ал қалған ойыншылар қолдарын алдарына созып, ортадағы тұрған қатысушыны құлап кетпейтіндей ұстап, жан-жаққа қарай теңселтеді.

Барлық ниет білдіргендер шеңбердің ортасында тұрып, ойынға қатыса алады. Содан кейін жаттығуды талқылау басталады. Жүргізуші шеңбердің ортасында болған барлық қатысушыларға сұрақ қояды: «Кім шын мәнінде бойын еркін ұстай алды, қысымнан арылып, айналадағы адамдарға сенім білдірді?». Қатысушылар тиісінше саусақ санын көтеріп, 5 баллдық жүйе бойынша өзінің сенім дәрежесін бағалауы қажет. Топқа сену дәрежесі төмен қатысушылардан неліктен бойын еркін ұстап, топқа сенім білдірмеу себептерін, ол үшін не кедергі болғанын сұрауға болады.

Білім алушының бойында әділдікті қалыптастыру тренингі «Жүздесу».

Оқушылар өз қателіктерімен не әділетсіздіктерін білуі және қабылдауы.

Барысы: тақтаға ватман іліп қойыңыз ватманда келесі сұрақ болсын. Мен кейде қандай

Әділдік құндылығы бойынша білім алушы:

1. Бойындағы шыншылдық, әділдік қасиеттерін дамытады;
2. Шындықты жалғаннан ажырата білуге, әділ шешім қабылдауға дағдыланады;
3. Әділетсіздіктерге қарсы тұруға үйренеді.

### **Эмпатия.**

«Тәрбиешінің нағыз данышпандығы—әкенің, шешенің, педагогтың балаға бақыт беруі. Балалық шақтың бақыты—жылылық пен қорек беретін отбасының тыныштығы».

(Василий Сухомлинский).

Эмпатия рухани-адамгершілік тәрбие, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыттарын қамтиды.

Білім алушыларға құндылықты үйрету үшін тренингтер, іс-шаралар өткізуді ұсынамыз.

### **Қысқа аутотренинг**

Отырып, денеңізді бос ұстап, көңіліңізді дем алысыңызға бұрыңыз. Бірқалыпты, жәй дем алыңыз. Көзіңізді жұмыңыз. Жазғы күнді еске алыңыз, ертегілер еліндегідей орман ішімен келе жатырсыз, ағаштар сіздің достарыңыз. Күннің шуағының энергиясына қаныңыз. Күнге қарай тартылыңыз. Тартыла отырып оның күшін сезініңіз. Қуаныштың күшін сезініңіз. Өз махаббатыңызды барлық достарыңыз бен туысқандарыңызға жолдаңыз. Олар сені өте жақсы көреді. Олардан келіп тұрған энергия тасқынын сезініңіз. Көзіңізді жәйлап ашыңыз, қолыңызды сілкіңіз. Қатысушының әрқайсысы өз сезімдерін айтады. Кім өзін қандай ағашпын деп ойлады. Жылу мен энергияны сезінді ме?

Ал енді өз ағаштарыңыздың суреттерін салыңыздар. Әуен ойналып, барлығы сурет салады.

Негізгі бөлім. Мәтінмен жұмыс жүргізу.

### **Шөл аралда**

Екі теңізші кеме апатына ұшырап, шөл аралға жолығады. Олар өздерін әлемнен мәңгілікке қол үздік деп санап, екеуі аштық пен үрейден қаза табудың аз алдында қалды. Оларды кеме тауып алады. Сөйтіп, аралда мықты маяк тұрғызады. Сол екі теңізші өлім алдындағыларды құтқару үшін, аралда қалады.

Енді олардың көңіл-күйлері өзгерді. Құтқарушы жарығын беріп, өздерінің әлемнен бөлек емес екендіктерін сезініп, екеуі де бақытты күй кешеді.

Демек, әлеммен байланыста болып, басқаларға пайдалы болуды сезіну адамдарды мүлдем өзгертіп жібереді. Ортақ іс – табыс кепілі.

«Бірлік»

Оқушылар шағын топ құрамында бір қолын жұдырыққа жұмып, бір мезгілде саусақтарын ашады. Мақсат: оқушылардың барлығы да бірдей саусақ санын көрсетуі керек. Ойын оқушылардың біркелкі саусақ көрсеткенге дейін жалғасады. Ойын кезінде оқушылар сөйлеспеуі керек.

**Қанағат.**

«Қанағат – табиғаттың ортақтасы, денсаулықтың сақшысы»

(Абуль Фарадий).

Қанағат құндылығы тәрбиенің отбасы тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыттарына жатады.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген тренингтерді қолдануды ұсынамыз.

Тренинг «Бір жақсы нәрсе».

Мақсаты: оқушылардың өзіне деген құрметі мен сенімін арттыру.

Орындалуы: Сыныптағы оқушыларды орындарынан тұрғызып, жанындағы көршісіне қарап, бір жақсы сөз айтуын сұрайсыз. Олардың сөйлемдері «Мен қазіргі халіме ризамын– себебі...» деп басталуы тиіс. Барлығы бөлісіп болғаннан кейін, қалаған оқушы ортаға шығып, өзінің «бір жақсы нәрсесімен бөліссе болады.

«Қызыл мен көк»

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Ортаға сыйлық қойылады. Топтар сыйлық алғысы келсе қызыл түсті, алғысы келмесе көк түсті таңдайды. Топтар таңдауларын бір-біріне білдірмей жасауы керек;

Таңдаулар жасалып болған соң анықталады;

Екі топ қызыл таңдаса, ешкім алмайды.

Біреуі қызыл, біреуі көк болса, онда қызыл таңдаған топ сыйлықты алады.

Екі топта көкті таңдаса, онда әр топ сыйлықтың үштен бірін алады.

Мәтінмен жұмыс. «Қанағат пен жалқаулық».

Ғұлама кісі жолда келе жатып көше бойында бір жалқау танысын кездестіріпті. Халін байқап «Жағдайың қалай?»- деп сұрапты. Сонда жалқау танысы:

– Тапсам жеймін, таппасам қанағат етемін! – деп жауап беріпті.

– Қанағатың біздің қаланың иттеріне ұқсайды екен, – депті де ары қарай жүре береді.

Қанағат құндылығы бойынша білім алушы:

1. Қанағат ұғымын терең түсінеді;
2. Ысырпашылдыққа жол бермеуді үйренеді;
3. Үнемдеу, дағдысын қалыптастырады.

**Тазалық.**

«Тән тазалығы – сыпайылықтың, жан тазалығы – әсемдіктің белгісі».

(Әйюб Сабри).

Тазалыққа тән тазалығы мен жан тазалығы қасиеттері топтасады.

Бұл құндылықтар тәрбиенің рухани-адамгершілік, отбасы тәрбиесі бағыттарын қамтиды.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген тренингтерді қолдануды ұсынамыз.

Тыныштық сәті. «Қорқыныштан арылу»

Орындалуы: «Жайбарақат күйге түсіндер, ашық күн астында, жасыл құрақта отырмын деп есептеңдер. Аспан кемпірқосақпен көмкерілген, оның бір бөлігінің сәулесі сендерге тиесілі. Ол мыңдаған күн сәулелерінен де жарық...оның сәулелері сендердің бастарына шуағын шашып, бүкіл денелеріңе тарайды, денелеріңді тазартады, айықтырады. Сендердің барлық реніштерің мен өкпелерің, барлық жағымсыз ойларың, болжамдарың сол сәуленің ішінде жанып кетеді. Денелеріңнің барлық ауру бөлшектері қара түтінге айналып, желмен ұшып кетеді. Сендер қорқыныштан арылдындар, сендердің көңілдеріңе қуаныш пен жарық ұялады!»

Тазалық құндылығын қалыптастыру үшін сыныпта және сыныптан тыс төмендегідей экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруға болады.

«Кұстар дәмханасы» пластикалық заттарға «екінші өмір» сыйлап, құстарға ұя салу. Ол үшін оқушылар үйлерінен бос қалған пластикалық құтыларды жинап, ұя жасайды. Ұяны өз фантазиясымен сәндеп, құстарға ыңғай етіп, ішіне дәндер салып, тал басына іліп қояды.

«Плоггинг». Жүгіріп қоқыс жинау. Ол бір мезетте екі істі жасауға бағытталған. Біріншіден, бұл – физикалық белсенділік, екіншіден, қоршаған ортаны қорғау. Мұндай қозғалыс бүкіл әлемде танымалдылыққа ие және әрі пайдалы. Іс-шараға кез-келген азамат қатыса алады.

«Экосельфи» байқауын өткізу. Жастар арасында республикалық байқаудың мақсаты-қоқыс жинау, Instagram әлеуметтік желісінде «бұрын» және «кейін» фотосуреттерін жариялау арқылы қоғамның назарын экологиялық мәселелерге аудару. Ең шығармашылық жұмыстар ай сайын сыйлықтармен марапатталады, ал ерекше жұмыстар эко-сыйлықтармен көтермеленеді.

«EcoLife» сайысын өткізу. Әлеуметтік желілердегі жобаның ресми беттеріне 21 күн ішінде тапсырмалар жарияланады. Күн сайын қатысушылар тапсырмаларды орындап, өз парақшаларында хэштегтермен жариялап отыруы керек. Үздік қатысушылар эко-сыйлықтармен марапатталады.

«Тазалық –денсаулық кепілі» сыныптан тыс ойыны. «Микроп-Мен»

Оқушылардың бойында тазалық принциптерін қалыптастыру.

Қажетті материалдар: топырақ, су, ұн.

Орындалуы: Мұғалім сыныпқа екі қолына, аяғына балшық немесе ұн жағып келеді. алақаны тиген жер аздап қана лас болатындай дәрежеде болады. Оқушыларды құшақтап, заттарын ұстай бастайды. Оқушылар өздерін де, заттарын алып қаша бастайды. Орталықтың әсері байқала бастағанда әрекетін түсіндіреді.

Қорытынды: Күнделікті өмірде бізге көрінбейтін қаншама түрлі микробтар мен вирустар кір, лас жерлерде болады. қозғалыстағы адам арқылы жан-жаққа тарайды. Егер олар көзге көрінгенде құмнан, балшықтан қашқан

сияқты қашар едік. Басқа да түрлі себептерді айтып тазалықты сақтауға шақырады.

### Сурет №3 «Тазалық кері байланысы»



### «Жағымды тілектер алқасы»

Алдын ала топтағы оқушы санына сай ұзын (70 см) және көбірек түрлі-түсті қысқа (10 см) жіптер дайындалады. Жағымды әуен арқылы барлық қатысушылар бір шеңберге топтасады. Мұғалім қолындағы жіптерді көрсетіп: «Менің қолымда түрлі-түсті, ұзын-қысқа жіптер бар. Шын мәнінде, бұлар жай жіптер емес, біздің шығармашылығымыздың ұшқындары. Аңызға сүйенсек, егер таза жүректі адамдар бір жерге жиналса, бұл ұшқынды әдемі алқаға айналдырады екен. Қазір ұзын жіптерді әрқайсысың алып, өз мойындарыңа тағып, ұшын байлауларыңды сұраймын. Содан соң түрлі-түсті қысқа жіптен алып бір-біріңнің мойындарыңдағы алқаға жағымды тілек айтып байласандар. Осылайша қысқа жіптер алқамыздың моншақтарына айналады».

Барлығы байлап болған соң, осы күннен естелік ретінде сақтап қою ұсынылады.

Тазалық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Тазалық түрлерімен танысады;
2. Тән тазалығы мен жан тазалығы маңыздылығын ұғынады.

### Денсаулық.

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл–үшеуімен болады бақытты өмір».  
(Әйтеке би).

Денсаулық құндылығы тәрбиенің еңбек тәрбиесі мен дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарына жатады.

Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде сергіту сәтін жүргізуді ұсынамыз.

«Айна» күнделікті дене жаттығуы.

Оқушылар жұптасып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады (немесе партада отырып та болады). Олардың біреуі қолдарымен, аяқтарымен, денесімен, бет-әлпетімен әртүрлі қимылдар жасайды, ал екінші оқушы оларды айна секілді қайталайды: оңды сол қылады, солды оң жасайды. Бір минуттан кейін оқушылар рөлдерімен алмасады.

«Атом-Молекула» ойыны.

Оқушылар спорт зал ішінде атомдар мен молекулалар сияқты еркін қозғалыста болады. Мұғалімнің басқаруымен әртүрлі сандар айтылады. Сол санға сәйкес әр ойыншы бір-біріне жұп таба білу қажет. Мысалы: 3 деген сан айтылғанда 3 ойыншыдан жиналып тұрып қалу қажет. Өзіне жұп таба алмай қалған ойыншы ойыннан шығады. Ойын жалғаса береді.

Қазақстанның әрбір аймағында өзінің өмір тарихымен белсенді болуға ынталандыратын және өз күшіне сенімділігін арттыратын табысты адамдар бар. Осындай адамдармен кездесу сабағын өткізуге болады.

Кездесу сабақтың қонағы: Кузин Денис Валерьевич.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «100 жаңа есім» жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен білімі мен қоғамға сіңірген еңбегі және ерекше қасиеттерімен дараланған азаматтар таңдалған. Соның бірі Кузин Денис Валерьевич – конькимен жүгіруден әлем және Азия чемпионы, қазақстандық конькимен жүгіруші, спринттік көпсайысшы, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Коньки спорт түрінен әлем чемпионы атағына ие жалғыз қазақстандық.

1998 жылы оны әжесі бапкер Пастушенко Николай Петрович жұмыс істейтін коньки тебу секциясына алып келеді. 2008 жылға дейін облыстың коньки тебуден құрама командасыныңда болды. Осы жылы Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасына мүше болды.

2012 жылы жарақат алуына байланысты спортта үзіліс алуға тура келді. Емделіп келген соң, жаттықтырушының өтінішімен спортпен айналысуды қайта жалғастырады.

Алты айдан кейін Әлем чемпионатында жеңіске жетеді. Қазақстанның коньки тебу сорты тарихындағы бірінші Әлем чемпионы.

2010 жыл - Ванкувердегі (Канада) қысқы Олимпиадаға қатысушысы;

2011 ж. - 1500 м қашықтықта VII қысқы Азия ойындарының жеңімпазы.

2012 ж. - 1500 м қашықтықта Азия чемпионатының жеңімпазы.

2013 ж. - 1000 метр қашықтықта әлем чемпионатының жеңімпазы.

2014 ж. - Сочидегі (Ресей) қысқы Олимпиада ойындарына қатысушысы; Әлем кубогының жеңімпазы; Әлем чемпионатында кіші алтын және кіші қола медаль иегері;

2017 ж. - 1000 метр қашықтықта өтетін VIII қысқы Азия ойындарының күміс жүлдегері, Саппородағы (Жапония) командалық жарыстың қола жүлдегері [16].

Кездесу сабағында чемпион шеберлік сағатын көрсетеді. Денсаулықтың пайдасы туралы оқушылардың сұрағына жауап береді.

Сыныптан тыс. «Денсаулық күні», «Марафон», «Күн тәртібі», «Жер тәртібі» іс-шараларын өткізуге болады.

Денсаулық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Денсаулықты сақтау жолдарын үйренеді;
2. Салауатты өмір салтын ұстануға бейімделеді;
3. Дұрыс тамақтанудың маңыздылығын ұғынады.

**Батылдық.**

«Әр адамда сенген ісін орындауға жетерлік күш-қайрат болады».

(И.Гете).

Бұл құндылық тәрбиенің қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие және еңбек тәрбиесі бағыттары жатады.

Тәрбиенің бұл бағытын білім алушыларға үйрету үшін берілген сабақ жоспарларын қолдануды ұсынамыз.

#### Тренинг «Қорқыныштан арылу»

Мақсаты: қорқыныштан, абыржудан арылу, күтілетін стрестік жағдайға дайын болу.

Орындалуы: «Жайбарақат күйге түсіңдер, ашық күн астында, жасыл құрақта отырмын деп есептеңдер. Аспан кемпірқосақпен көмкерілген, оның бір бөлігінің сәулесі сендерге тиесілі. Ол мыңдаған күн сәулелерінен де жарық...оның сәулелері сендердің бастарына шуағын шашып, бүкіл денелеріне тарайды, денелеріңді тазартады, айықтырады. Сендердің барлық реніштерің мен өкпелерің, барлық жағымсыз ойларың, болжамдарың сол сәуленің ішінде жанып кетеді. Денелеріңнің барлық ауру бөлшектері қара түтінге айналып, желмен ұшып кетеді. Сендер қорқыныштан арылдындар, сендердің көңілдеріңе қуаныш пен жарық ұялады!»

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандарының жетістіктерін зерделеу мектеп бағдарламасы шеңберінде білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.

Олардың ерен еңбегі білім алушылардың ар-намыс, қадір-қасиет, өзгелердің мүддесі үшін жанқиярлық туралы ойлауға, патриоттық сезімін қалыптастыруға, тарихымыздың қаһармандық беттерін толтыруға ықпал етеді.

Бұл жоба:

- білім алушыларды жоба қаһармандарының ерлік өнегесімен мемлекеттік мүдделерді қорғай алатын өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу;
- белсенді азаматтар пен патриоттардың образында қазіргі заманғы білім алушыларды ынталы және тартымды етіп қалыптастыру;
- білім алушылардың бойындағы өз еліне деген мақтаныш сезімін, оның тарих мен заманауи жетістіктерін, біздің замандастарымыздың даңқты ерліктерін құрметтеуді сақтау мен дамыту.

Кездесу сабағының қонағы Ғалымжан Алиуханов – әскери қызметкер.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - ефрейтор Ғалымжан Әлеуханов – 61993 әскери бөлімі десанттық-шабуылдау батальонының әскери қызметкері. Ғалымжан өртке оранған пәтерден екі баланы алып шыққан қайсар жан. Бірде жауынгерлік кезекшіліктен шығып, үйіне бет алған ефрейтор Ғалымжан Әлеуханов бес қабатты үйдегі пәтерлердің бірінің терезесінен шыққан будақтаған түтін мен отты көріп қалады. Дереву оқиға орнына жетіп, өрт сөндіру сатысымен үйдің шатырына шығып, шатыр қаптамасын жұлып алып, подъезге кіреді. Үйдің есігі ашық болғандықтан ол еш кедергісіз пәтерге енеді. Алдымен айқайлап үйде адам бар ма соны білуге тырысады. Ешкім жауап қатпағаннан кейін, әр бөлмені тінтіп, мұқият қарай бастайды. Түпкі бөлмеден 4-5 жас шамасындағы екі баланың ес-түссіз жатқан жерінен тауып алады. Дереву балаларды сыртқа алып шығады.

«Мен ешқандай ерлік жасаған жоқпын, - дейді Ғалымжан қысылып. –



Бұл әр азаматтың парызы. Мейлі әскери, мейлі қарапайым азамат болса да кез-кел адам осылай жасайды деп ойлаймын. Командирлеріме зор алғыс айтамын. Олар бізді шынықтырып, физикалық күйде болуымызды қадағалайды. Бабымда болуым осы жолы да маған көмектесті» [16].

Ерлік жасау, өз өмірін тәуекелге тігіп өзге жандардың өмірін арашалау олардың күнделікті жұмысы сияқты. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандарының өнегелі өмірі арқылы білім алушыларға батырлық құндылығын түсіндіре аламыз.

Батылдық құндылығы бойынша білім алушы:

1. Батылдық ұғымы туралы түсінік қалыптасады;
2. Кез келген жағдайда батылдық танытуды үйренеді;
3. Өз қорқыныштарын жеңе білуге үйренеді.

Бұл бөлімде «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арналған әдістемелік ұсынымдар берілді. Оның ішінде негізгі міндеттері, әдіс-тәсілдері, мақсатқа жетудің түрі мен жолдары, халықаралық тәжірибелер көрсетіледі. Әсіресе, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін құрайтын сегіз бағытты он сегіз рухани-құндылық арқылы мән-мағынасын ашуға тырыстық.

Жалпы білім беру ұйымдарының пән мұғалімдері мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтары білім беру процесінде берілген сабақ үлгілерін қолдана отырып білім алушыларға құндылықтарды қалыптастыра алады.

## Қорытынды

Қазақстандық қоғамның дамуы заманауи жастардың тәрбие алуына тікелей байланысты. Бұл процесстегі басты рөл олардың рухани жағын қалыптастыру болып табылады.

Дамудың даңғыл жолына түскен егеменді еліміз үздік 30 елдің қатарына ену үшін кертартпа мінез-құлықтан, ескілік көзқарастан арылуымыз керек. Яғни, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйрету, еліміздің өткені мен бүгінгіне құрметпен қарау, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптасуымыз тиісті.

Әр түрлі ағымдардың әсерінен қоғамды дамуды тежеп, дағдарысқа әкелетін жағдайлардың алдын алу үшін бірегей заманауи мінез прагматизмі қалыптасуы тиіс. Заманауи мінез-құлық рухани адамгершілік құндылықтарынан нәр алады. Бірегей қоғамдық сана көзқарастар алуандығы, ұлтаралық алауыздық сияқты қауіп-қатердің алдын алады. Қазақстандықтар үшін жан тазалығы – басты байлық.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың басты шарттарының бірі патриотизмнің негізі болып табылатын өзіндік ұлттық мәдени-генетикалық кодты сақтау болып табылатындығын атап өтті.

Осыған байланысты жастар тәрбиесінде рухани – адамгершілік пен патриотизмге басымдық беріп отырмыз.

Өскелең ұрпақ рухани – адамгершілік құндылықтарын орта мектептерде меңгереді. Әдістемеде білім алушыға құндылықтарды меңгерту үшін білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде қолдануға көмектеседі. Дүниені өзгерту үшін ең алдымен өзін өзгерту керектігін түсіндіреді. Бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін мәдени-генетикалық кодты сақтай отырып, рухани - адамгершілік қарым-қатынасты меңгертеміз.

Әдістеме қазақ халқының салт-дәстүрін білім беруде өркениетпен сабақтастығын тиімді ұйымдастыру жолын көрсетеді. Балалар мен жастардың патриоттық және жалпы рухани-адамгершілік тәрбиесі ғана азаматтардың бірлігінің негізін қалайды және мемлекетте біртұтас әлеуметтік-мәдени кеңістіктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тарихы кезең-кезеңмен, эволюциялық жолмен дамып келе жатыр. Яғни, мыңжылдықтар ширегінде қазақ халқының бойындағы рухани құндылықтары да сатылап дамып келді. Біз ұлтқа, патриотизмге, руханиятқа, ынтымаққа және дәстүрді құрметтеуге негізделген мәдениетті қалыптастырдық.

Өркениетке ұмтылған қазақстандықтар бойында жаһандану заманына лайықты құндылықтар болуы тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір, 2017. <http://www.akorda.kz/ru>.
  2. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілді.
  3. Құндылықтар жүйесінің компоненті ретінде рухани құндылықтың қазақстан қоғамындағы орны <http://melimde.com/ndilitar-jjesini-komponenti-retinde-ruhani-ndiliti-azastan-ofa.html>
  4. Жалпыадамзаттық құндылықтар – тұлғаны қалыптастырудың негізі <https://referattar.kazaksha.info/>
  5. Личность. Ценности. Изменяющийся мир / Под ред. Ю. Н. Кулюткина. СПб.: ИОВ РАО, 1998.
  6. Шәкәрім «Үш анығы» <https://abai.kz/post/55408>
  7. [strategy2050.kz](http://strategy2050.kz).
  8. Назарбаев Н. Тарих толқынында - Алматы: Атамұра, 1999.
  9. Нысанбаев Ә. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1999.
  10. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар жүйесі әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, 2000.
  11. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын ақпараттық–түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. - Астана -2017.
  12. Қазақ баласын үш ауыз сөзбен тәрбиелеген. <http://tattialma.kz/post/view?>
  13. «100 жаңа есім» жобасының қаһармандары - ұлттың «алтын» қоры». Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 69 б.
  14. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);
  15. Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф., Хасанова А.М. Вестник. Серия философии, культурологии и политологии. №2 (68). 2019 ISSN 1563-0307 Journal of Philosophy, Culture and Political Science.
  16. [http://testent.ru/publ/studenty/kazak\\_tili\\_sabagi/adamny\\_zhan\\_d\\_niesi](http://testent.ru/publ/studenty/kazak_tili_sabagi/adamny_zhan_d_niesi)
  17. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
  18. Джек Ма. <https://www.zharar.com/kz/kenes/business/16362-alibaba.html>
  19. Источник: <https://e-history.kz/kz/publications/view/1635>
- © e-history.kz
20. <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/10992>
  21. <http://www.ozin-ozit-anu.kz/>

### Мен бе? Сен бе?

Бір-біріне өкпелі екі достың бірі біраз уақыттан соң, досының есігін қағады:

– Кім ол? – деп досы іштен үн қатады.

– Менмін, – дейді есікті қаққан.

– Бұл жерде екеуімізге орын жоқ, – дейді ол.

Үміті өшпеген досы, араға уақыт салып, есікті қайта қағады...

– Кім ол? – деп сұрайды іштегісі.

– Сенмін, – дейді есікті қаққан досы.

Артынша есік те ашылады.

Біреудің жүрегін жаулап, сүйіспеншілігіне бөленгіңіз келсе, өзіңізді ұмытып, мемендігіңізді тастап сүйеге, ол тәрізді болуға тиістісіз.

### Торғай мен тышқан

Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егеді. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқиды.

Егін жақсы шығады. Олар бітік өскен бидайды жинап алып, бөле бастайды. Бір бидай артық қалады. Енді соны қайсысы аларын білмей, екеуі ұрсысып қалады.

Маңайында ешкім болмаған соң, олардың әрқайсысы өздерінің билеріне барып, жүгінбек болады.

Алдымен олар тышқандар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидайды тышқан алуға тиісті. Өйткені тышқанның күші көп. Ол тырнағымен көп жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді.

Енді олар торғайлар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидай торғайдікі. Себебі торғай егінді барлық арам шөптен тазалаған. Күнде үстінде ұшып, егінді күзетіп жүрген, – дейді.

Бұған да келісе алмаған соң, торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға келеді. Шал дәнді алып, екеуіне бірдей қылып бөліп береді. Торғай да, тышқан да риза болып, өз жөндеріне кетеді.

### Үш ұл

*В.Осеева*

Екі әйел құдықтан су тартып тұр екен, бұлардың қасына тағы бір әйел келіпті. Құдықтың тұсынан өтіп бара жатқан бір қарт кісі де дем алмақ болып, таяп келіп, құдықтың маңындағы тасқа отырыпты.

Әйелдердің біреуі:

– Менің ұлым батыл да күшті. Төбелесе қалса, ешбір бала оған шақ келмейді, – депті.

Екінші әйел:

– Менің ұлым ән салғанда бұлбұлдай сайрайды. Ешбір баланың даусы даусына жетпейді, – депті.

Ең соңынан келген әйел үндемей тұра беріпті.

– Сен неге өз ұлың туралы бірдеңе айтпайсың? – деп сұрапты екі әйел.

– Не айтайын, баламның ешқандай ерекшелігі жоқ, – деп жауап беріпті ол.

Әйелдер шелектерін суға толтырып, үйлеріне қарай беттейді. Әлгі қарт та бұлардың соңынан жүріп отырады.

Жолда әйелдер шаршаған соң, шелектерін жерге қойып, әңгімеге кірісіпті. Қарт бұларды сынап қарап, бақылап тұрыпты. Осы кезде бұлардың алдынан жарыса жүгірген үш бала шыға келеді.

Балалардың біреуі жолдағы тастарды аяғымен зулата ұшырып келе жатады. Мұны көрген шешесі қатты қуанып, көңілі көтеріліпті.

Екіншісі бұлбұлдай сайрап, өлең айтып, өзінен-өзі құтырынып келе жатады. Оның шешесі де баласының мұнысына шаттанып, көңілі өсіпті.

Үшінші бала болса, жүгіріп келіп шешесінің қасына барыпты да:

– Апа, әкел, маған бер, – деп, шешесінің қолындағы су толы шелекті алып, үйіне қарай жүре беріпті.

Әйелдер қартқа бұрылып:

– Қалай, біздің балаларымыз сізге ұнай ма, қария? – деп сұрапты.

– Қайдағы балалар? Мен тек бір-ақ баланы көріп тұрмын, – деп, қарт шешесінің қолынан шелекті алып, өзі көтеріп бара жатқан баланы нұсқапты.

### **Жақсылық пен жамандық туралы**

Ертеде Адам ата өз ұрпағын сынау үшін адамның оң иығына жақсылықты, сол иығына жамандықты отырғызып қойыпты. Адам бір іс жасарда жақсылық «істе» десе, жамандық «істеме» деп сыбырлайды екен. Сөйтіп, адамның бойында қай қасиет басым екенін байқамаққа оны сапарға аттандырыпты. Адам біраз жол жүріп, өзен жағасымен шаршап келе жатса, судың жағасына шығып қалған балықты көреді. Балық секіріп суға жете алмай жатыр екен. Жақсылық жаны ашып:

-Адам, ана балықты көтеріп салып жібер, - десе.

Жамандық:

-Қой, жөніңе жүре бер, уақытыңды алма, - дейді.

Адам балықтан әрірек асып барып, мойнын бұрып қарайды. Балық шарасыздан көзі жәутеңдеп, көмек сұрағандай болады. Адам шыдай алмай кері бұрылып барып, балықты суға салып жібереді. Балық ризашылығын білдіріп, суда ойнақшып, секіріп, құйрығын бұлғақтатып суға сүңгіп кетеді.

Адам одан әрі жүре береді. Бір теректің қасынан өтіп бара жатып, шыр-шыр еткен дауысты естіп тұра қалады. Қараса, кішкене ғана торғайдың балапаны ұясынан құлап қалған екен. Еңкейіп енді көтерейін деп жатса, Жамандық:

-Осы торғайдың балапанына бола жолдан қалмақпысың? Оны көтеріп ұясына салу үшін, теректің басына шығу керек. Мерт болсаң қайтесің? Өзің далада ит-құсқа жем боласың ғой, - дейді.

Адам ойланып тұрып қалады. Осы сәтте Жақсылық:

-Ей, адамзаттың баласы, сен әлсіздерге қорған болып, қол ұшыңды беру үшін жаратылғанысың. Мына бейшара балапанды ұясына сала кет. Шарапаты тиеді, - дейді.

Адам тағы да шыдай алмай балапанды алып, теректің басына өрмелеп шығып, ұясына салып кетеді. Балапан шик-шиқ етіп, қанатын қағып, разы болады.

Адам демалып алмақшы болып отыра бергенде, аяғының астында бидайдың дәнін әрең сүйреп бара жатқан құмырсқаны көзі шалады. Құмырсқа дәннің о жақ, бұ жағына шығып, қозғауға ыңғайлы ретін таба алмай, ісі өнбей келеді екен. Адам әуелі жамандықтың айтуымен құмырсқаны дәнінен айырып тастағысы келіп оқталды да, шыр-пыр болған Жақсылықтың сөзіне құлақ түрді. Ол:

- Әй, адам-ау қалай ғана адамдығыңнан айнып кетуге әзір тұрасың. Бұл құмырсқа өзінен үлкен дәнді сүйреп, машақаттанып келе жатқанда, қол ұшыңды көрсетіп жолына салып жіберудің орнына, оны қызықтап, ермек қылғың келгені қалай? Одан еңбек етуді осы кіп-кішкене тіршілік иесінен үйренбейсің бе? -деп налыған екен.

Адам өз ойынан ұялып, райынан қайтады. Сөйтіп, Адам ата ұрпағын алдына шақырып алып:

-Міне, балам, жамандыққа ерсең жаман боласың, жақсылыққа ерсең жақсы боласың. Мен саған үш сын бердім, үшеуінен де өттің, разымын. Енді осылай адамдығыңнан айнымай, айналаңа қамқор болып, жамандыққа жоламай, жақсылыққа жолдас бол,- деп батасын береді.

Содан бері адам баласы жақсылықпен мұратына жетіп келеді екен.

Тапсырмалар:

- мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу;
- әр бөлікке атау беру;
- әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтау;
- кейіпкерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді табу;
- мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап беру;
- мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атау;
- мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыну.

### **Өтірік пе әлде шындық па?**

Үш бала орманға барады. Ол жерде саңырауқұлақтар, жидектер, құстар бар. Балалар серуендеп жүріп, күннің қалай өтіп кеткенін байқамай қалады. Үйлеріне қайтып келе жатып, қорқады: «Үйде ұрсатын болды ғой!»- дейді. Олар тоқтайды да, қайсысы дұрыс болар еді: өтірік айту ма, әлде шындықты айту ма? – деп ойланады.

Бірінші бала:

—Маған қасқыр шабуыл жасады, -деп айтамын. Әкем қорқып, маған ұрыспайды, - дейді.

Екінші бала:

—Мен атамды кездестірдім, - деп айтамын. Анам қуанғаннан маған ұрыспайды, - дейді.

—Ал мен шындықты айтамын. Шындықты айту оңай, себебі ешнәрсе ойлап табудың керегі жоқ,- дейді үшінші бала.

Сөйтеді де, әрқайсысы өз үйіне кетеді. Бірінші бала әкесіне қасқыр туралы айтқаны да сол екен, орман күзетшісі келіп қалады да:

—Бұл жерде қасқырлар жоқ, -дейді.

Әкесі бірінші кінәсі үшін ашуланады, ал өтірік айтқаны үшін екі есе қатты ашуланады.

Екінші бала атасы туралы айтқаны сол екен, атасы оларға қонаққа келіп қалады. Анасы шындықты біліп, ашуланады, ал өтірік айтқаны үшін екі есе қатты ашуланады.

Ал үшінші бала кіре салысымен, бар шындықты жайып салады. Анасы оған біраз ұрсып алады да, кешіреді.

### Құстар неге адасты

*Ділдар Мамырбаева.*

Екі шіркей түнгі орманды аралап көрмекші болды. Бұл сәтте аң-құс біткеннің бәрі қалың ұйқыда еді. Қос шіркей тоқылдақтың ұясын, өрмекшінің өрмегін тамашалап келе жатты. Кенет:

– Екеуің бұл жерде не тындырып жүрсіндер? - деген дауыстан селк ете түсті. Алғашында зыта жөнелмекші болған шіркейлер алдарында тұрған үлпілдек қауырсынды жапалақты көргенде жүректері орнына түскендей болды. Жапалақтың көзі оттай жанып тұр екен.

– Біз серуендеп жүр едік!, – шіркейлер нәзік қанаттарын дамылсыз қағып әлсіз ғана жауап берді. Олардың қорқыныштары әлі де басыла қоймаған еді. Жыртқыш құсқа тап келсең, жүрек орнында тас болса да дірілдейді ғой.

– Бара беріндер! Жапалақ осыларға тиісіп не абырой табамын дегендей бейқам отыра берді. Шіркейлер жапалақтан мұндай мейірімді күтпеген еді.

Ұяларына оралған олар жапалақты мақтап біразға дейін даурығысты.

– Сондай мейірімді, - деді біріншісі.

– Өте керемет, сөзіңді ықыласпен тыңдайды екен, - деді екіншісі.

– Көрегендігін айтсаңшы, кіп-кішкентай бізді қалың жапырақтардың арасынан байқап қойды ғой, - деді біріншісі.

Осылайша олар бар білгендерін, көргендерін таласа-тармаса өзге құстарға айтып берді. Шіркейлердің сөзіне тоқылдақ сеніңкіремей, ертесіне түнде өзі орманды аралауға шықты.

Тоқылдақ та көп қиналмай Жапалаққа тез кезікті.

– Тырнақтарың қандай сояудай, - деді жапалақ тоқылдаққа қарап, - тұмсығың да өткір секілді. Жапалақтың мақтауы тоқылдақтың жанына жағып кетті.

– Қандай байқампаз! Осындай құстар патша болуы керек қой. Ал біз қаһарлы қыранды несіне әспеттейміз.

Құстар патшалығы әп-сәтте абыр-сабыр болып кетті. Көбі шіркейлер мен тоқылдақтың айтқандарын оң көрді. – Шындығында, өзі мейірімді болса, өзі көреген болса бізге одан артық патшаның керегі не десті олар. Сөйтіп олар құс патшасын сайлауға қызу кірісіп кетті.

Жапалақты құс патшасы етіп сайлайтын құрылтай тал түске белгіленді. Қырық түрлі ағаштан қырық түрлі құс сенімді өкіл ретінде құрылтайға келді.

Орман іші гүлдеп тұр. Айнала қызылды-жасылды қанаттардың күнге шағылысуынан нұрға бөленген. Өне, көп күттірген жапалақ та асықпай, екі жағына теңселіп, маң-маң басып келеді. Көргендер: «тегінде тектілік бар емес пе, нағыз патшаға лайық қасиет» деп даурықты.

Жапалақ кенеттен орманның ең қалың тұсына қарай бұрылды. Құс атаулы соңынан шұбыра ілесті. Қара қарға оның жүрер жолын ағаш бұталарынан тазартып әлек болуда. Кенет үкі: «Ойбай, трактор келеді!» деп жанұшыра айқай салды. Шындығында бұларға қарсы алып трактор келе жатқан. Оның қуатты гүрілін жапалақ естімеді. Мұны сыртынан бақылап тұрған құстар:

– Біздің патша тас жұтқан!

– Батыр десе, батыр! Тракторға қарай қаймықпай жүргенін қарасаңшы! - десіп даурықты.

Жапалақ маң-маң басып барып тракторға соғылды. Оны қолпаштап, дем беріп келе жатқан өзге де құстар соның кебін киді. Тірі қалған құстар жан-жаққа бейберекет ұшып, орман үстін азан-қазан қылды. Сөйтсе олардың бірде біреуі жапалықтың күндіз естімейтінін де, көрмейтінін де білмейтін болып шықты. Оқиғаны шың басында отырып естіген қыран қалған құстарды жиып: «Өзіңді танымай жатып өзгені таныдым деу – асығыстық, алда осындай жағдайлардан абай болыңдар!» деп ескерту жасады.

### **Қуаныш атты қыз туралы**

*М. Малышева*

Ертеде бір қыз өмір сүріпті. Оны Қуаныш деп атапты. Әкесі мен анасы оны өте жақсы көреді екен. Өмірде қуанып жүрсін және өзінің қуанышымен қоршаған ортаға қуаныш әкелсін деп, атын сондықтан Қуаныш деп қойыпты.

Қуаныш өсе келе әр түрлі гүлдер мен шөптер өсетін орман, далаға қыдырып барып жүріп, жел соққанда олардың бір-бірімен сыбырласа сөйлескеніне көңіл аударып, оларды, түсініп, сөйлесіп, өзінің құпиясымен бөлісіпті. Жақсылықтарын айтыпты. Қуаныш өмірге әрқашан қуаныш әкелуді аңсапты.

Бір күні Қуаныш достарымен бірге қыдырып жүргенде, ғажайып, әдемі гүлге кездесіп қалыпты. Қуаныш гүлге еңкейіп, оны тыңдаған кезде, гүл оған: «Әрқашан анаңның айтқанын тыңдау керек. Ешкімге ренжімей, кім көмек сұраса, әрдайым көмектесу керек. Осының бәрін өзің сезіп, білуің қажет. Ең бастысы – гүл, өсімдіктерді, ағаштарды, аспандағы бұлтты, кішкене жәндіктерді, бауырларыңды, ата-ананды, қоршаған ортадағылардың барлығын жақсы көру керек. Сонда сен өмірге қуаныш әкелесің, одан өзің қуаныш аласың», – депті. Қуаныш демін ішіне алып гүлді әрі қарай тыңдапты. «Сен жүрегіңмен, деміңмен өзің сүріп жүрген әлемді қабылдасаң, әрқашан өзіңе қанат бітіріп, ұшқандай қуанасың». Қуаныш гүлдің айтқан бір сөзін қалдырмай тыңдап, қуаныш сыйлауды үйренуге үйіне қарай жүгіріпті.

Жақсы ертегі. Сендер де әлемге қуаныш сыйлауды үйренулерің керек.



## Мейірім

*Н. Қадырбаев*

Айнұр көпшіл. Үнемі өзі қатарлы қыздар мен ұл балалар арасында ойнап жүреді. Олар да Айнұрдың соңынан бір елі қалмайды.

Енді, мінеки, атасы мен әжесінің ауылымен қош айтысатын мезгіл де жетті. Папасы – әскери адам. Кезекті демалысы бітті. Жауынгерлік жаттығуларына қайта оралмақ.

Атасы мен әжесі:

– Балам, қайда жүрсең де аман бол. Еліңді, жеріңді сүй, қорға, – деді.

Айнұр қоштасар сәтте ерекше мінез көрсетті.

– Ата, әже, папа, мама – бәріміз бірге тұрайық, – деді.

– Кәнеки, ондай болса. Бірақ, папаңның жұмысы бар. Атаң мен әжең ауылда. Мүмкін емес қой, жаным, – деді әжесі бауырмал Айнұрды кеудесіне қысып.

– Онда мен атам мен әжемнің қасында қаламын. Кетпеймін. Кім қарайды оларға? – деді төрт жасар Айнұр көзі жасаурап.

– Ендігі демалыста және келеміз, – деді мамасы.

– Жоқ. Мен осы жерде қаламын.

Айнұр папасы және мамасымен қоштасты. Қолын бұлғап қалды.

Папасы мен мамасы Айнұрдың бүгінгі мінезіне қайран қалды. Әйтсе де қимай қоштасқандары жүздерінен байқалады.

Ал атасы мен әжесінің қуаныштарында шек жоқ. Айнұрдың атасы мен әжесіне кішкентай бүйрегінің бұрып тұрғанына әбден риза болды.

## Қайыңның көз жасы

*Т. Әбдірайым*

Тамыз айы. Тал түс. Күн күйіп тұр. Бес жасар Қапан есік алдына шығып, аз-кем ойланып тұрды. Сонау ауыл шетіндегі көл маңы үпір - шүпір балаларға толы. Асыр салып, салқын суға шомылып жүр. Қапан шолақ шалбарының ышқырын бір көтеріп, үй айналды. Көлге жаяу барғысы келмей, көкке өрлеп, жасыл жапырақтары жайқала өсіп тұрған бала қайыңның жалқы бұтағын сындырып алды. Дереву «атына» мінді де, ауыл шетіне қарай «шаба» жөнелді.

Бұл оқиғаны көрші қарт көріп отырған.

Қапан кешке бұтағы сындырылған бала қайыңнан су тамшылап тұрғанын байқады. Қайта-қайта қарап таң-тамаша. Осы сәтте Күркебай қарт таяп келді.

Қапан оған:

– Ата, айтыңызшы. Бұдан неге су ағып тұр, – деді қайыңның дінін нұсқап.

– Су емес... Қайыңның көз жасы ол. Біреу бұтағын сындырған. Жаны жараланып жылап тұр соған. Тілі жоқ айтатын. Қайтсін, байғұс! Табиғат перзенті – тал, терек ағаштың да жаны, жүрегі бар! Адамдардан аялы алақан, күтім тілейді! Ал олардың жасайтыны осы...

Қапан ұялды. Қарттың уәжді сөздері зердесіне жеткендей, басы салбырап, қозғалмастан тұрып қалды. «Енді сындырмаймын, ата!» деген сөзді іштей қайталай берді.

## Шал мен бала

*Бердібек Соқпақбаев*

Трамвай қоңырауын шылдыр-шылдыр еткізіп қала шетіндегі ең соңғы аялдамаға тақап қалды. Жұрт орындарынан түрегеп есікке қарай бейімделді.

Орта тұста отырған бүкірлеу қаба сақал кішкентай шал да трамвайдың әбден тоқтауын күтпей, имек бас таяғына сүйеніп, ілгері қарай жүрді. Бір қолында тағамдар салған сумкасы. Кенет трамвайдың жүрісі күрт баяулағанда, шал ілгері лықсып, құлай жаздап қалды. Оның арт жағына таман тақыр бас кішкене бала тұр еді. Шалдың қолтығынан шап беріп, сол ұстап үлгерді. Әйтпегенде қауқарсыз қарттың не құлап, не алдағы біреулерге сүзе барып соғылатыны айқын еді.

– Рахмет, балам!

Тақыр бас бала шалды трамвайдың басқышынан да демеп, сүйеп түсірді.

Бұл көз байланып қалған кеш мезгілі еді. Әлгіндегі долы нөсерден кейін жер беті шалшық суға толып, лайсаң батпақ болып қалған. Бұлтты аспан әлі де сыз бүркіп, түнере салбырап тұр.

Трамвайдың қоңырауын тағы да шылдыратып, келген ізіне қарап бұрыла жөнөп берді. Терезеден түсіп, жерді жарық етіп тұрған шаршы көзді сәулелер онымен бірге қозғалды. Енді маңайды қараңғы түнек басып кетті.

Шал шалшық судан қорынып, қалай аяқ басарын бағдарлай алмай тұр.

– Ата, бері қарай жүріңіз, – деп тақыр бас бала шалды қайдадан келіп қолтықтады. – Сумқаңызды маған беріңіз. Мен алып жүрейін.

Бейтаныс баланың көргенділік қылығы шалды сүйсіндірді.

– Балам, сен қай баласың?

– Мен сіздің жоғарғы жағындағы көшеде тұрамын. Сіздің Сашаңыз екеуіміз бірге, бір класта оқимыз, – деді бала.

– Жарайсың, балам. Азық-түлік алайын деп, бағана базарға барып едім. Содан соң күн жауып, кешігіп қалғаным. Ал менің Сашам қалай оқиды, соны айтшы?

– Жақсы оқиды.

– Класта тыныш отыра? Тәртіпсіздік қылықтары жоқ па?

– Жоқ.

– Міне, солай болу керек. Тәртіпті болып, жақсы оқу керек, – деп баланың қолтығында әңгіме соғып келеді. – Осында, біздің көшеде тәртіпсіз балалар да жоқ емес. Бөтен біреудің бауынан шие ұрлайды. Шиенің өзін ғана үзіп алса, ештеме емес қой. Ағаштың бұтағымен қоса сындырып әкетеді. Әнеукүні біреуін аңдып тұрып, ағашқа енді өрмелей бергенде ұстап алайын деп едім. Секіріп түсіп ұстатпай кетті. Мына сен секілді бастар оларға айтуларың керек. "Бұл істеп жүргенің тәртіптілікке жатпайды. Ұят қылық! Ұрлық істеу - ол жақсы адамның кәсібі емес", – деп ұялтып, қызартуларың керек. Солай емес пе?

– Иә, – деп бала мінгір еткен болды.

Осы кезде бұлардың алдарынан бір бала қараңдап шыға келді. Ол шалдың немересі Саша еді. Атасын күтіп алмақ болып, трамвай аялдмасына қарай кетіп бара жатқан.

Үшеуі шалдың үйіне дейін бірге жүріп келді.

–Ал, ата, қош болыңыз, – деп тақыр бас бала шалға қош айтысты.

–Рақмет, балам. Саған көп рақмет. Сен болмағанда, мен көшедегі мына шалшық сулардың талайының басын мыжитын едім. Жасың ұзақ болсын, шырағым.

Осы кезде шалдың немересі күліп:

–Ата, сіз әнеугүні бұны құйрыққа ондырмай ұрып жіберіпсіз ғой? –деді.

–Қашан?

– Әнеугүні, шие үзейін деп жатқанда.

Шалдың үні бітіп қалғандай болды. Тақыр бас балаға тесіле қарап тұр.

–Әй, сол сен бе едің?

– Иә, мен едім, атай. Сіз сонда ондырмадыңыз мені.

Баланы шал құшақтып, бауырына қысты:

–Кешір, айналайын. Мен сені ұрайын деп ұрған жоқпын ғой. Өзіңнен болды. Тұра қашпай-ақ, нетсең де... Кешірім сұрасаң да, тимеймін ғой.

–Ата, сіз де кешіріңіз.

Үйге келгеннен кейін шал немересінен сұрап отыр:

–Аты кім жаңағы баланың?

–Аты Мәулен.

–Сабақты қалай оқиды?

– Класымыздағы ең бірінші отличнигіміз, –деді Саша.

– Қап, бекер ұрған екем. Бәсе, сондай үлгілі бала екені білініп тұр. Сотанақ бала болса, сол таяқ жеген бетінде менімен өштесіп кетер еді ғой. Ал мынаны қарашы. Қайта маған жақсылық істеп, балшыққа түсірмей, үйіме ертіп әкеле жатыр. Дегенмен, көргендінің аты көргенді-ау, шіркін. "Жақсылыққа жақсылық - әр кісінің ісі ғой. Жамандыққа жақсылық - ер кісінің ісі ғой" деп халық тегін айтты дейсің бе!

### **Балалар үшін өмір сүру**

Бір данағөй қарт жолда келе жатып, айналасының әдемілігіне сүйсініп, өз өміріне риза болып, қуанып келе жатты. Кенет ол арқасындағы ауыр жүктен иіліп келе жатқан бейшара жанды көреді.

- Сен неліктен өзіңді-өзің сонша қинайсың?- деп таң қалды дана қарт.

-Мен өз балаларым мен немерелерімнің бақыты үшін қиналып жүрмін, - деп тіл қатты ол адам. Менің ата-бабаларым менің атамның бақыты үшін қиналды, ал атам менің әкемнің бақыты үшін қиналды, ал мен балаларым мен немерелерім бақытты болуы үшін өмір бойы қиындықта өмір сүремін.

-Ал сенің отбасыңда бақытты адам бар ма?- деп сұрады дана.

-Жоқ, бірақ менің балаларым мен немерелерім міндетті түрде бақытты болады! -деп жауап берді мүсәпір адам.

-Сауатсыз адам оқуды үйрете алмайтыны сияқты, көртышқан да бүркітті ұшуға үйрете алмайды! -деді дана қарт. -Ең алдымен өзің бақытты болуды үйрен, сонда ғана өз балаларың мен немерелеріңді қалай бақытты ете алуға болатынын түсінесің.

### **Отбасындағы өзара түсіністік туралы**

